Мақалада адам ағзасының функционалдық жағдайына жауап беретін жетекші жүйе кардиореспираторлық жүйе және оның функционалдық жағдайының көрсеткіштері адам физиологиясы мен жас ерекшелігіне және жынысына қарай өзгеретіндігі жайлы айтылған. Студенттер мен мектеп оқушыларының артериялық қан қысымы мен жүрек соғысының көрсеткіштері салыстырмалы түрде талданды. Зерттеу нәтижесі жас ұлғайған сайын артериялық қан қысымының артып, жүрек соғу көрсеткішінің төмендейтінін көрсетті. Оқу процесіндегі физикалық жүктемелер және емтихандардың студенттер мен мектеп оқушыларының кардиореспираторлық жүйесінің функционалдық жағдайына біршама өзгерістер алып келетіндігі белгілі болды.

Түйін сөздер: кардиореспираторлық жүйе, артериялық қысым, жүрек соғысы, жүрек-қан тамыр жүйесі, физиологиялық ерекшелік, тыныс алу жүйесі.

Кардиореспираторлық жүйе жүрек пен қан тамырларынан тұрады, тыныс алу жүйесімен (өкпе және тыныс алу жолдары) анықталады. Жүрек-қан тамыр жүйесі жүректен, қаннан және қан тамырларынан тұрады. Жүрек бұлшықетінің жиырылуы еріксіз түрде жүреді [1].

Кардиореспираторлық жүйе-ағзаның функционалдық жағдайына жауап беретін жетекші жүйе болып табылады, әрі кардиореспираторлық жүйенің адам ағзасындағы маңызы зор. Кардиореспираторлық жүйе адам ағзасында бірнеше маңызды қызметтер атқарады: зат алмасу, зат тасымалдануы, оттегін жұтуда және көмірқышқыл газын шығару үрдістеріне қатысады, тыныс алу, қоректендіргіш, экстреторлық, гомеостатикалық, реттегіштік, креаторлық байланыс, термореттегіштік қорғаныш [2].

Жүрек-қан тамыр жүйесінің негізгі функцияларын бес санатқа бөлуге болады: 1) алмасу; 2) бөлу; 3) тасымалдау; 4) гомеостатикалық; 5) қорғаныс. Мысалы, жүрек-қан тамырлары жүйесі ағзаның әрбір жасушасына оттегі мен қоректік заттарды жеткізуді және одан көміртегі диоксиді мен зат алмасудың соңғы өнімдерін шығаруды қамтамасыз етеді [3].

Көптеген зерттеу нәтижелері бойынша денсаулық деңгейінің төмендеуінің физиологиялық көрсеткіштеріне қан қысымы, тыныштық күйдегі және физикалық жүктеме кезіндегі жүрек соғу жиілігі, оттегіні максималды тұтыну мөлшері жатады [4].

Қалыпты жағдайда ересек адамда жүрек соғу жиілігі минутына-75. Жаңа туған нәрестеде бұл көрсеткіш минутына -110. Дені сау ересек адамның отырған және жатқан күйдегі систолалық қан қысымы 120-130 мм сын.бағ. құраса, ал диастолалық қан қысымы 70-80 мм.сын.бағ. құрайды. Артериялық қан қысымының көрсеткіші жас ұлғайған сайын артады [5].

Тыныс алу жүйесінің функционалдық жай-күйінің көрсеткіштерін зерттеу мидың қыртыстық-субкортикалық құрылымдарының реттеуші әсерінен жүрек-қан тамыр және тыныс алу жүйелерінің кернеуі мен босаңсуының функционалдық күйлерінің күнделікті кезеңділігін көрсетеді. Қазіргі уақытта жас кезіндегі жүрек-қан тамыр және тыныс алу жүйесінің бірқатар ауруларының генезисінде психоэмоционалды стресс маңызды рөл атқарады. Емтихан күндеріндегі эмоционалды және стресстік күйлер жүрек, қан айналымы және тыныс алу жүйелерінің жұмысында айтарлықтай өзгерістерге әкеледі.

Жасөспірімдік шақта жүрек пен қан тамырларының қызметі өз ерекшеліктеріне ие. Осы кезеңде бар жүректің ені мен ұзындығы бойынша жылдам өсуі, оның қуыстарының көлемі де артады, 16 жасқа дейін жасөспірімдердің жүрегінің салмағы жаңа туған нәрестенің салмағынан 11 есе асып түседі. Артериялық жүйенің өсуі жүректің өзі сияқты жылдам емес. Өсу мен даму ерекшеліктері көбінесе жасөспірімнің жынысы мен жасына байланысты.

Қыздардағы жүрек көлемінің жылдам өсуі ұлдарға қарағанда ерте аяқталады. Жасы ұлғайған сайын жүрек соғу жиілігі төмендейді. Қан қысымының деңгейі жасөспірімнің жынысына, жасына, ұлтына тікелей байланысты. Жыныстық жетілудің басталуы қан қысымының деңгейіне қатты әсер етеді. Жасы ұлғайған сайын ұлдарда қан қысымы біркелкі көтеріледі, қыздарда қысымның ең жоғары шыңы 13-14 жаста, ал жігіттерде 18 жаста байқалады [6].

Жасөспірімдік кезеңде тыныс алу мүшелерінде де белсенді даму жалғасады. Кеуде қуысының, тыныс алу органдарының қарқынды дамуына байланысты бұлшықеттер, өкпе аймақтарының өсуі, өкпенің вентиляциясы, өмірлік сыйымдылығы, өкпе көлемі айтарлықтай артады, жыныстық айырмашылықтарына байланысты ұлдардағы тыныс алу типі - құрсақтық тип, ал қыздарда - кеуделік тип.

Қан қысымы - қан тамырларының (күре тамырлар мен көктамырлардың) қабырғаларына түсетін күш немесе қан қысымы: адамның жасы мен денсаулығына байланысты болады. Оқушыларда артериялық қысым ересектерден әлдеқайда төмен болады. Жасына байланысты қысым артады. Диастолалық (төменгі) және систолалық (жоғарғы) қысым бар. Қан қысымы тонометр арқылы иық артериясында өлшенеді. Ең жоғары қысым (110-120 мм) систоликалық ол қарыншалардың систоласы жиырылуы кезінде байқалады. Ең төменгі қысым (60-80) диастоликалық ол қарыншалардың диастоласы босаңсуы кезінде байқалады. Лүпілдік қысым - систоликалық және диастоликалық қан қысымының айырмашылығы. Ол сынап бағанасы бойынша 40 мм-ге тең [7].

Лүпіл сол жақ қарынша жиырылған сайын қан қолқаның қабырғасына күшпен соғылып, оны кереді. Осы кезде пайда болған тербелістер толқыны артерия қабырғаларының бойымен тез таралады. Дене бетіне жақын орналасқан ірі артериялардан мысалы, білезіктің ішкі жағы, самай, мойынның екі жағынан басқа жерлерден тамырлар қабырғасының ырғақты тербелісін тамырдың соғуын сипап сезуге болады. Тамыр соққан сайын жүрек бір рет жиырылады. Жүректің бір минутта жиырылу мөлшері, тамырдың соғуын санау арқылы анықталады. Қан қысымының жоғарылауы гипертония, ал төмендеуі гипотония деп аталатын ауруды тудырады. Жүрек-қан тамырлары жүйесі ағзаның функционалдық жағдайына жауап беретін жетекші жүйелердің бірі болып табылады. Тыныс алу-біртұтас орган жүзеге асыратын бірыңғай процесс. Тыныс алу процесі үш ажырамайтын буыннан тұрады: Оқушылардың қимылға қабілеттілігі негізінен сыртқы ауадан өкпе капиллярларының қанына оттегінің қанша мөлшері келіп түскенін және ағзаның тіндері мен жасушаларына жеткізілгендігін анықтайды. Бұл үдерістер жүрек-қан тамыр жүйесімен және тыныс алу органдарының жүйесімен жүзеге асырылады. Мысалы, жүрек жеткіліксіздігінде енгіту пайда болады, атмосфералық ауада оттегінің жетіспеуінде (мысалы, биіктікте) оттегін тасымалдаушы эритроциттер саны артады, өкпе аурулары кезінде тахикардия пайда болады. Қазіргі уақытта қоршаған ортаның әртүрлі факторларының жекелеген физиологиялық жүйелерге, сондай-ақ бүкіл ағзаға әсерін зерттеу өзекті болып табылады. Мектептердегі, арнайы орта оқу орындары мен жоғары оқу орындарындағы оқу процесінің сипаты зияткерлік-эмоционалды жүктемелермен, ақпараттың үлкен ағынын меңгеру қажеттілігімен байланысты және адамның функционалдық жүйелерінің барынша күшеюін талап етеді. Осылайша, оқушылардың оқу қызметі олардың денсаулығына жоғары талаптар қояды [8].

Студенттер мен мектеп оқушыларының кардиореспираторлық жүйесінің функционалдық жағдайына салыстырмалы талдау жасалды. Зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 7M01504-«Биология» мамандығының I курс магистранттары мен Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Сұраншы батыр ауылдық орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 9,10,11 сынып оқушыларына жүргізілді. Тәжірибелік жұмыс барысында 44 магистранттың және 9,10,11 сынып оқушыларының кардиореспираторлық жүйесінің функционалдық жағдайына талдау жасалды. Зерттеу нәтижесі жас ерекшелік пен жынысына байланысты студенттер мен мектеп оқушыларының кардиореспираторлық жүйесінің функционалдық жағдайында айырмашылықтар бар екендігін көрсетеді. Салыстырмалы талдау жұмысының негізі студенттер мен мектеп оқушыларының қан қысымы, жүрек соғысы болып табылады. Зерттеу нәтижесі студенттер мен оқушыларда

физикалық жүктеме кезінде және емтихан тапсыру барысында қан қысымы мен тыныс алу жиілігі артатындығын көрсетеді. Зерттеу нәтижесі бойынша студенттердің артериялық қан қысымының көрсеткіші мектеп оқушыларына қарағанда біршама жоғары болды, алайда жүрек соғысы мектеп оқушыларында студенттерге қарағанда артқандығы анықталды. Студенттердің нәтижесі бойынша орташа артериялық қан қысымы 115-79 мм болды, жас ерекшелігі 35-40 жас аралығын құрайтын студенттерде бұл көрсеткіш 120-90 мм-ді құрады. Орташа жүрек соғысы студенттерде 80 соққы/мин құрады, 35-40 жас аралығындағы студенттерде бұл көрсеткіш 70 соққы/мин құрады.

Мектеп оқушыларында орташа артериялық қан қысымы 100-65 мм-ді құрады. Жүрек соғысы 85 соққы/мин құрады.

Кесте 1. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің I курс магистранттарының қан қысымының көрсеткіші, жүрек соғысы.

	Систола	Диастола	Жүрек соғысы
Ұлдар 22-23 жас	115	79	80
Қыздар 22-23 жас	110	75	75
Қыздар 35-40 жас	120	90	72

Кесте 2. Сұраншы батыр ауылдық орта мектебінің 9-10-11 сынып оқушыларының қан қысымының көрсеткіші, жүрек соғысы.

	Систола	Диастола	Жүрек соғысы
Ұлдар 15 жас 9 сынып	100	68	83
Қыздар	98	70	84
Ұлдар 16 жас 10 сынып	105	65	82
Қыздар	100	60	82
Ұлдар 17 жас 11 сынып	110	63	81
Қыздар	105	65	80

Ұлдардың зерттеу нәтижесі студенттердің артериялық қан қысымының көрсеткіші мектеп оқушыларына қарағанда 7 %-ға жоғары болғандығын және жүрек соғысы керісінше студенттерде мектеп оқушыларына қарағанда 4 %-ға төмен болғандығын көрсетеді.

Қыздардың зерттеу нәтижесі студенттердің артериялық қан қысымының көрсеткіші мектеп оқушыларына қарағанда 4 %-ға жоғары болғандығын және жүрек соғысы керісінше студенттерде мектеп оқушыларына қарағанда 6 %-ға төмен болғандығын көрсетеді.

Қорытындылай келе, кардиореспираторлық жүйенің функционалдық жағдайы физикалық жүктеме кезінде артатындығы және жас ерекшелік пен жыныс айырмашылығына байланысты көрсеткіштерінде өзгешелік болатындығын көрсетеді. Салыстырмалы талдау нәтижесі жас ұлғайған сайын артериялық қан қысымының артатындығын және керісінше жүрек соғысының баяулайтындығын көрсетті.

Әдебиеттер

1. Агаджанян Н.А. Проблема адаптации и учение о здоровье. – М.: Изд-во РУДН.–2006. –284 с.
2. Қыдырбаева Х.К. Студент жастардың кардиореспираторлық және қан жүйелерінің Шымкент қаласы экологиялық факторларына сәйкес бейімделуі. – Алматы, 2007. – 36 б.
3. Беляева Л.М. Сердечно-сосудистые заболевания у детей и подростков. – М.: Высшая школа, 1999. – 304 с.
4. Антропова М.В., Кузнецова Л.М., Параничева Т.М. Умственная работоспособность и ее особенности в связи с половым созреванием у школьников 11–13 лет // Физиология человека.– 2006. – Т. 32, №1– С. 37–44.
5. Лысова Н. Ф. Возрастная анатомия, физиология и школьная гигиена. - Новосибирск : Сиб. унив. изд-во, 2010 – 398 с.
6. Бреслав И.С., Волков Н.И. Феномен отказа в мышечной деятельности. Роль системы дыхания // Физиология человека. - 2002. - Т.28, №1. - С. 121-129.
7. Агаджанян Н. А., Федоров Ю. И., Шеховцов В. П., Макарова И. И. Состояние кардио-респираторной системы и психологического статуса подростков суворовского училища в период адаптации к новым социально-средовым условиям // Российский университет дружбы народов. – Москва, 2004. С.16-19.
8. Берг М.Д., Тютюнщикова В.Д., Кадырова Е.В., Кононова М.Л., Савкин В.В., Езов С.Г., Сагитова Т.Г., Нормальная физиология: методические рекомендации к практическим занятиям. –Пермь, 2013. – 164 с.

Г.А. Абдуразакова, М.К.Мурзахметова, А.К. Кайынбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

ИЗУЧЕНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО СОСТОЯНИЯ КАРДИОРЕСПИРАТОРНОЙ СИСТЕМЫ СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ

В статье говорится о том, что ведущая система, отвечающая за функциональное состояние организма человека - это кардиореспираторная система, и ее функциональное состояние изменяется в зависимости от физиологии человека, возраста и пола. Результаты исследования показали, что с возрастом артериальное давление увеличивается, а показатели сердечного ритма снижаются.

Ключевые слова: кардиореспираторная система, артериальное давление, частота сердечных сокращений, сердечно-сосудистая система, физиологические особенности, дыхательная система.

G.A. Abdurazzakova, M.K.Murzakhmetova, A.K.Kaiynbaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

**E-mail: guldana.0036@gmail.com*

STUDYING THE FUNCTIONAL STATE OF THE CARDIORESPIRATORY SYSTEM OF STUDENTS AND PUPILS

The article says that the leading system responsible for the functional state of the human body is the cardiorespiratory system, and its functional state varies depending on human physiology, age and gender. The results of the study showed that with age, blood pressure increases, and heart rate indicators decrease.

Keywords: cardiorespiratory system, blood pressure, heart rate, cardiovascular system, physiological characteristics, respiratory system.

ӘОЖ 614.2

Н.М. Алмабаева*, В.О. Абдрасилова, Г.Е. Байдуллаева

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**E-mail: ANMNuri@mail.ru*

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДАҒЫ ТЕПЛОВИЗОРЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада медицина саласындағы тепловизорлардың қолдануы қарастырылады. Тепловизорлар COVID-19 ықтимал жағдайларын анықтаудың маңызы технологиясы болды, оларды қолдану ыңғайлы және

байланыссыз зерттеудің қауіпсіз түрі, олар арқылы қоғамдық орындарда вирусты жұқтырғандарды анықтауға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні олар қосымша сандық құрылғылармен үйлесе отырып ауруханалар мен емханалардағы емделушілердің, келушілердің және дәрігерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: температура, энергия мөлшері, инфрақызыл камералар.

Қызған денелер әртүрлі толқын ұзындықтағы электромагниттік толқынды шығарады. Сәуле шығару радиотолқындардан басталып қатты ғарыштық сәулелерге дейінгі диапазонды қамтиды. Дененің ішкі энергиясының есебінен туындайтын электромагниттік сәулелерді жылулық сәуле шығару деп атайды, яғни қызған денелердің сәуле шығарып, электромагниттік энергия таратуы. Жылулық сәуле шығару кез келген температурада жүреді, $T > 0$ К температурасы бар кез келген материалдық дене электромагниттік (жылулық) сәуле көзі болып табылады. Сонда дененің бетінен сәулеленген энергия мөлшері мына формуламен анықталады:

$$Q = \sigma \varepsilon S (T_0^4 - T_{op}^4) t, \quad 1$$

мұндағы σ – Стефан-Больцман тұрақтысы, ε – дененің сәуле шығару қабілеті (адам ағзасы үшін $\varepsilon = 1$), S - ауданы, T_0 – беттің температурасы, T_{op} – ортаның температурасы, Төменгі температураларда дене тек ұзын толқын ұзындықтағы сәулелер (инфрақызыл сәулелер), сонда инфрақызыл сәулені температурасы белгілі бір диапазондағы денелер шығарады. Адамның денесі термореттегіштің арқасында белгілі температураға ие болады, ол қоршаған ортамен жылу алмасады. Жылу алмасу жылуөткізгіштің, конвекцияның, буланудың және сәулеленудің (жүтудың) арқасында жүреді. Аталған үдерістің арқасында жылу мөлшерінің таралуын дәл көрсету мүмкін емес, өйткені олар көптеген фактілерге, мысалы ағзаның күйіне (температура, эмоциялық күйі, қозғалғыштығы және т.б.), қоршаған ортаның күйіне (температура, ылғалдық, ауаның қозғалысы және т.б.) және өнімге (материалы, түрі, түсі, қалыңдығы) тәуелді болады. Мысалы, адам денесі бетінің температурасы 3°C өзгерсе, яғни жуық түрде 1% болса, онда энергетикалық жарықталыну 4% өзгереді. Дені сау адамдардың денесінің әртүрлі бөлігі бойынша температураның таралуы нақты сипатқа ие. Бірақ қабынудың, ісінудің арқасында жергілікті температура көбірек өзгереді.

Температурасы 0 К жоғары болатын барлық объектілер жылулық инфрақызыл энергиясын шығарады, сол себептен инфрақызыл камералар қоршаған ортаның жарықталынудың болуына тәуелсіз барлық объектілерді көре алмайды, яғни жылулық инфрақызыл камералар инфрақызыл толқындардың энергиясын көрінетін жарыққа видеоэкранда түрлендіреді. Осыған қарамастан жылулық камералардың көпшілігі 50°C жоғары болатын объектілерді ғана көре алады, себебі сәуле шығару қарқындылығы температураның төртінші дәрежесіне пропорционал (өте жоғары тәуелділік), яғни Стефан-Больцман заңы бойынша өзгереді. Ал сұр дененің сәуле шығару қуаты мына формуламен анықталады:

$$P = S \delta (T_1^4 - T_0^4) \quad 2$$

мұндағы T_0 -адам денесінің температурасы, T_1 -бөлме температурасы, S - дененің ашық бетінің ауданы. Энергетикалық жарықтанудың температураға тәуелділігін аз ғана дененің температураның жоғарлауынан қуаттың өзгерісін құрал көрсетеді. Ол үшін термография әдісі қолданылады.

Термография адам ағзасының инфрақызыл сәулесін тіркеуге негізделген, дене бетінің температурасын бақылауға арналған диагностикалық әдіс. Термографияда дененің беттік температурасының айырымын зерттеу негізінен екі әдіс бойынша жүзеге асырылады.

1. *Сұйық кристалды индикатор әдісі*, олардың оптикалық қасиеті температураның аз ғана өзгерісіне өте сезімтал болады. Бұл индикаторларды адам денесіне қойып, температураның өзгерісін көзбен бақылауға болады.

2. *Техникалық әдіс*, онда тепловизорларды қолдануға негізделген.

Ең алдымен, температураны өлшейтін құралдар пирометрлер мен тепловизорлардың бір-бірімен ерекшелігін ажырату қажет. Тепловизор сияқты пирометр температураны объектімен тікелей байланыссыз өлшеуге қабілетті. Алайда, ол оның бетінің кішкене бөлігін ғана алып бір фотоэлементке бағыттайды, ал тепловизор осындай фотоэлементтердің ондаған және жүздеген мың матрицасын қолданады. Бұл жағдайда пирометр бір мәнді, ал тепловизор – температураның таралу көрінісін көрсетеді. Бұл құрылғылардың ерекшелігі тепловизорлар дене температурасын өлшеуге әлдеқайда қолайлы. Олар пирометрлер сияқты өлшеу үшін жақын қашықтықты, сондай-ақ оларды орындауға адамның қатысуын қажет етпейді. Бұл олардың вирустардың таралуын болдырмауын арттырады.

Тепловизордың жаңа моделдерінде ақпарат құрылғының жадына жазылады және компьютер арқылы бірден есептелінеді. Мұндай тепловизорлады компьютердегі белгілі бағдарлама арқылы қолданады. Бағдарламалар тепловизордағы ақпаратты қабылдап, компьютер экранына шығарады. Кейінгі жылдары құс, шошқа және басқа да тұмау эпидемиясы кезінде дене қызуы көтерілген адамдардың температурасын анықтау үшін тепловизорлы құрылғылар кеңінен қолданылып келеді. Дененің температурасының қалыпты жағдайдан ауытқуы аурудың нақты көрінісі. Температура өзгерісі тепловизор дисплейінде (немесе жадында) белгілі бір температураға сәйкес түспен көрінеді. Сәйкес, дисплейде объективтегі дененің температурасының диапазоны бейнеленеді. Егер температура белгілі бір деңгейден (37,1⁰C) жоғары болса құрылғы арнайы сигнал береді, олар қосымша қауіпсіздік шарасы ретінде жұмыс жасайды.

Қорыта келгенде, адамның жылулық өрісі денедегі қан ағысының күйін бағалауға және денеде болып жатқан негізгі үдерістер туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Дене температурасының өзгерісі ауруды көрсететін негізгі симптом болып табылатынын білеміз. Ал бұл дегеніміз әртүрлі аурудың алғашқы даму кезеңдерін анықтауға тепловизорлар көмектеседі. Тепловизорлық камералар жылулық сәуле шығаруды арақашықтықта «көре алады», қазіргі жағдайға байланысты адамдардың көп шоғырланған жердегі эпидемиологиялық жағдайды (коронавирус, құс және шошқа тұмауы және т.б. аурулардың таралу қарқындылығын төмендетуге) бақылауға мүмкіндік береді. Осы пандемия кезінде шынында ол өте қажетті құрылғы екенін дәлелдеді. Сонымен қатар қоғамдық жерлердің сандық медициналық мониторинг үшін өте қолайлы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Ремизов А.Н. Медициналық және биологиялық физика (аударған Алмабаева Н.М., Байдуллаева Г.Е., Раманкұлов К.Е.), ГЕОТАР-МЕДИА, М; 2019, 406-411 б.
2. Байдуллаева Г.Е., Нурмаганбетова М.О., Бопанова А.О. Биофизика, II том, А; 2017, 99-101 б.
3. Ремизов А.Н. Медицинская и биологическая физика, ГЕОТАР-МЕДИА, М; 2016, 517-524 б.
4. Тиманюк В.А., Животова Е.Н. Биофизика, Киев2, 2004, 542-543 б.

Н.М. Алмабаева, В.О. Абдрасилова, Г.Е. Байдуллаева

*Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Казахстан, г. Алматы
ANMNuri@mail.ru*

ЗНАЧЕНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕПЛОВИЗОРОВ В ОБЛАСТИ МЕДИЦИНЫ

В данной статье рассматриваются применение тепловизоров в области медицины. Применение тепловизоров стало важной технологией возможного обнаружения потенциальных случаев COVID-19, позволяя выявлять в общественных местах, подозреваемых в заражении вирусом. Сегодня они обеспечивают безопасность пациентов, посетителей и врачей в больницах и поликлиниках, особенно в сочетании с дополнительными цифровыми устройствами.

Ключевые слова: температура, количество энергии, инфракрасные камеры, термограф или тепловизор.

THE IMPORTANCE OF THERMAL IMAGING IN THE MEDICAL FIELD

This article discusses the implications of the use of thermal imaging cameras in the medical field. The use of thermal imaging cameras has become an important technology for the possible detection of potential COVID-19 cases, allowing the detection of suspected virus infections in public areas. Today they ensure the safety of patients, visitors and doctors in hospitals and clinics, especially when combined with additional digital devices.

Keywords: thermometer, amount of energy, infrared cameras, thermograph or thermal imager.

Д. Дулатқызы, Н.М. Алмабаева

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**E-mail: ANMNuri@mail.ru*

ҚАН ТАМЫРЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МЕХАНИЗМІ

Қан тамырлары тасымалдауды, мүшелер мен ұлпалар арасындағы таралуын және жүрекке келуін қамтамасыз етеді. Негізгі созылғыштық қасиетке ие қолқа мен ірі артериялар қан қысымының әсерінен созылады да, бастапқы қалпына қайта оралады, яғни қан тамырларының пульстік тербелістерін азайтады және тамырлар бойындағы үздіксіз қан ағысын қамтамасыз етеді. Пульстік толқынның жылдамдығы: $v = \sqrt{\frac{Eh}{2\rho r}}$. Адам жасы ұлғайған сайын бұл жылдамдық артады (созылғыштық қасиеті кемиді).

Ұсақ артериялар мен бұлшықетті артериолалар (*кедергі қан тамырлары*) ерекшелігі қалың тегіс бұлшықет қабатының болуы. Олар қан ағысына үлкен кедергі жасайды, бұлшықет талшықтарының жиырылуы есебінен толығымен жабылады. Сол себептен олардың қызметіне ірі артерияларда жоғары қысымды ұстайды және капиллярлардағы қан ағысын реттейді (қан тамырлар жүйесінің «жапқышы»). Капиллярлардың (*алмасу қан тамырлары*) қабырғалары базалды мембранадан және эндотелий жасушаларының бір қабатынан тұрады. Жұмыс істеу механизмінің негізіне қан мен ұлпалар арасындағы зат алмасу жатады. Көк тамырлар (*сыйымдылық қан тамырлары*) жалпы қанның $\frac{3}{4}$ бөлігін құрайды, жүрекке қанның қайтадан келуін қамтамасыз етеді. Гемодинамиканың негізгі көрсеткіштерін зерттеуде көптеген әдістер қолданылады. Хоффер әдісі интегралдық импеданс пен ағзадағы судың арасында сызықты

байланысты анықтайды: $B = 0,4 \frac{H^2}{Z^2} + 14$. Ал қанның минуттық көлемі $\Delta V = \frac{\Delta R}{R} \cdot P$, яғни

Кедров әдісі арқылы есептеледі. Бұл көрсеткіштер жүрек-тамырлар жүйесінің тасымалдау қызметін көрсетеді. Қанның сызықтық жылдамдығы $v = \frac{Q}{S}$, ол қанның бөлшектерінің қозғалыс жылдамдығы болып келеді (капиллярларда бұл жылдамдық зат алмасу мен газ алмасу кезіндегі уақытқа тәуелді). Ал көлемдік жылдамдық Q қан айналым жүйесінің барлық бөліктерінде бірдей болады. Гидравликалық кедергі $W = \frac{\Delta P}{Q}$ тамырдың ұзындығы мен r радиусына, қанның тұтқырлығына тәуелді. Сонымен қатар қысым да қан айналым жүйесінде үлкен рөл атқарады. Сондықтан қан айналым жүйесінің қызметі ағзаның өмір сүруінің «айнасы» болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Ремизов А.Н. Медициналық және биологиялық физика (аударған Алмабаева Н.М., Байдуллаева Г.Е., Раманқұлов К.Е.), ГЕОТАР-МЕДИА, М; 2019, 128-136 б.
2. Алмабаева Н.М., Адиебаев Б.М., Абилова М.А. Биофизика I том, А., 2017, 52-576.
3. Ремизов А.Н. Медицинская и биологическая физика, М., 2016, 197-207 б.
4. Тиманюк В.А., Животова Е.Н. Биофизика, Киев, 2004, 231-247 б.
5. Владимиров Ю. А. и др. Биофизика, М., 1983, 225-2376.

**В.П. Зинченко¹, Б.Қ. Қайрат^{2*}, С.Т. Төлеуханов²,
Гайдин С.Г.¹, Косенков А.М.¹**

¹РҒА Клетка биофизикасы институты, Пуццино қ., Ресей Федерациясы

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

*E-mail: Bakytzhan.Kairat@kaznu.kz

Кальций-өткізуші каинатты рецепторлары бар тежегіш нейрондар көмегімен гиппокамп нейрондық желісіндегі шектен тыс қозуды тежеу

Мақалада кальций-өткізуші каинатты рецепторлардың қасиеттерін зерттеу нәтижелері берілген. Зерттеу жұмысының нәтижесінде кальций-өткізуші каинатты рецепторлардың селективті агонистерін қолдану нейрондық желідегі шектен тыс қозуды басу әдістемесі жасалды. *In vitro* жағдайында гиппокампың нейрондық желілерінде кальций-өткізуші каинатты рецепторлары бар тежегіш нейрондардың ГАМК секрециясын озыңқы активтенуіне негізделген гиперқозуды басудың эндогендік жүйесі бар екендігі анықталды.

Түйін сөздер: каинатты рецепторлар, тежегіш нейрондар, гиппокамп, гиперқозу, нейрондық желі.

Кіріспе

Нейрондардың шектен тыс қозуы эпилепсияда, инсульттің бастапқы сатысында және басқа нейродегенеративті ауруларда пайда болады. Ұзақ мерзімді шектен тыс қозу нейрондардың өліміне әкеледі. *In vitro* жағдайында нейрондық желілердің шектен тыс қозуын КСІ әртүрлі концентрацияларын қолдану арқылы нейрондардың жалпы деполяризациясы; NMDA рецепторларынан блокты алып тастау үшін Mg^{2+} иондарын ортадан оқшаулап алу; сАМР жасушаішілік концентрациясын арттыратын қосылыстарды, аммиактың жоғары концентрациясын беру, ГАМК(А)-рецепторға тәуелді тежелуді жою сияқты түрлі физиологиялық тәсілдермен көмегімен тудыруға болады [1-3]. Мұндай әсерлер нейрондардың жоғары жиілікті синхронды импульстік белсенділігінің пайда болуына әкеледі, ол бірінші кезеңде потенциал-тәуелді Ca^{2+} каналдары мен глутамат рецепторларының прекоңдициялану және бейімделу процестерін индукциялайды, ал ұзақ белсенділік кезінде нейрондардың өліміне әкеледі [4]. Шектен тыс қозуды басу үшін әртүрлі экзогендік қосылыстармен алдынала активтендіруге болатын эндогендік бейімделу механизмдерін қолдану тиімдірек [5]. Шектен тыс қозуды басу механизмдерінің бірі құрамында кальций өткізуші каинатты рецепторлары (CP-KARs) бар тежегіш нейрондардың арнайы субпопуляциясының селективті активаторларын қолданумен байланысты, олар шектен тыс қозуға ГАМК секрециясымен тез жауап береді.

Каинатты рецепторлар глутамат рецепторларының арасында бірегей, олар канондық ионотроптық және канондық емес метаботроптық функцияларды қатар атқарады. АМРА-және NMDA-рецепторлармен (AMPA- және NMDARs) салыстырғанда каинатты рецепторлардың (KARs) рөлі ғылыми әдебиеттерде жеткілікті деңгейде толық зерттелмеген [1]. Каинатты рецепторлардың пресинапстық рөлін зерттеу үшін жақсы объект – гиппокампың тісті фасциясының түйіршікті клеткаларынан түзілген, мүктәрізді талшықтар деп аталатын миелинсіз аксон синапстары болып табылады, өйткені оларда рецептор суббірліктерінің экспрессиясының жоғары деңгейі байқалады [6]. Каинатты рецепторлардың модуляторлық әсері пресинапстық және постсинапстық жүйке ұштарына, нейрондық желінің ырғақтық белсенділігіне, астроглиалды желінің қызметіне және нейрон-глиалды өзара байланысына әсер ететін бірқатар механизмдер арқылы жүзеге асырылады [7]. Осылайша, каинатты рецепторлардың дисфункциясы козу мен тежелу балансындағы бұзылуларға және ОЖЖ-дегі патологиялық белсенділіктің дамуына, сонымен қатар эпилептикалық формадағы белсенділіктің пайда болуына әкелуі мүмкін.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Барлық эксперименттер лабораториялық практика кезіндегі жануарлардың пайдалану және күтімі туралы Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау министрлігінің №708 (23 тамыз, 2010 жылы бекітілген) Актімен және Еуропа Қауымының парламентінің зертханалық жануарларды пайдалану және қорғау туралы директивасымен бекітілген ережелерге сай өткізілді. Экспериментте Sprague-Dawley жана туылған тышқандардан бөлініп алынған гиппокамп нейрондары мен астроцит клеткаларының аралас 14 күн *in vitro* (DIV) өсірілген культурасы пайдаланылады. $[Ca^{2+}]_i$ деңгейі жалпыға белгілі Grynkiewicz және әріптестерінің ұсынған техникасына сәйкес екі толқындық Fura-2 зондымен бағаланды. Клеткаларды бояу үшін құрамында соңғы концентрациясы 4 мкМ болатын Хенкс ерітіндісінде Fura-2AM эфирі пайдаланылды. Нейрондардағы $[Ca^{2+}]_i$ -ның өзгерісі Fura-2 рентгенометриялық Ca^{2+} сезімтал зондының флуоресценттік интенсивтілігімен бағаланды. $[Ca^{2+}]_i$ Hamamatsu C9100 жоғары жылдамдықты монохромды CCD камерасымен және Leica жоғары жылдамдықты қоздыру сүзгісін өзгерту жүйесімен жабдықталған Leica DMI6000B моторланған инвертирленген микроскопы негізінде кескінді талдау жүйесінің көмегімен өлшенді, өте жылдам дөңгелекті сүзгілерде (коммутация кезеңі 10-30 мс). Біз Leica HC PL APO 20 × / 0.7 IMM объективін қолдандық. Қоздыру көзі ретінде жоғары қысымды HBO 103W сынап шамы бар Leica EL6000 жарықтандырғышы қолданылды. Fura-2 флуоресценциясы қоздырылған және BP340 / 30 және BP387 / 15 қоздырғыш сүзгілері, FT410 сәулелік сплиттері және BP510 / 84 сәулелену сүзгісі бар FU2 сүзгілер жиынтығының көмегімен (Leica, Германия) жазылған. Екі түрлі арнада алынған кескіндердің кадрлары ImageJ бағдарламасымен өңделді. Жалғыз жасушалардың кальций реакциясының амплитудасы кескінді талдау жүйесімен өлшенді және 340 және 380 нм қозған кезде Fura-2 флуоресценттік сигналдарының қатынасы ретінде көрінді. Реактивтер инкубациялық ортаны жылдам ауыстыруға мүмкіндік беретін арнайы перфузия жүйесін қолдана отырып, HBSS ерітіндісінің үздіксіз ағынында жүргізілді. Қайталанған тәжірибелер үшін 2-3 түрлі культураларының инокуляцияларынан 2-5 жабын шыныда өсірілген культураларды қолданылды. N - экспериментте талданған нейрондардың саны; n - тәжірибелер саны. $[Ca^{2+}]_i$ өзгерістері суреттерде фонды алып тастағаннан кейін 1 с уақыт аралығымен алынған сигналдардың 340/380 нм қатынасы түрінде көрсетілді. Барлық тәжірибелер 28-30°C температурада жүргізілді. Excel, ImageJ және Origin 2021 бағдарламалары деректерді талдау, жоспарлау және статистикалық өңдеу үшін пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Желідегі нейрондардың шектен тыс қозуы ГАМК(A) рецептор-тәуелді тежелуді бикукуллин көмегімен алып тастау арқылы тудырылды. Нейрондардың қозу дәрежесі синхронды кальцийлік белсенділігінің (СКБ) жиілігі мен амплитудасы бойынша бақыланды. Құрамында кальций-өткізуші каинатты рецепторлары бар ГАМКергиялық нейрондарды активтендіру каинатты рецепторлардың агонистері домой қышқылын (DA), SYM2081 және АТРА аппликациялау арқылы жүзеге асырылды. Бұған дейінгі тәжірибелерімізде каинатты рецепторлардың агонистері ГАМКергиялық нейрондардың кіші популяциясында Ca^{2+} жоғарылайтынын және желідегі қалған нейрондардың синхронды кальций импульсінің белсенділігін тежейтінін көрсетілді (1-сурет).

Домой қышқылы каинатты рецепторлардың селективті агонисі болмағандықтан, шектен тыс қозуды басу әдісін одан әрі жетілдіру мақсатында тежегіш нейрондардың кальций-өткізуші каинатты рецепторларының селективті агонистері АТРА және SYM2081 қолданылды.

Экспериментте спонтанды синхронды белсенділігі бар нейрондардың культуралары қолданылды. 2-суретте каинатты рецепторлардың рецепторларының селективті агонисі SYM2081 10 мкМ мөлшерде аппликациялау синхронды кальцийлік белсенділікті тежейтіндігі көрсетілген. Сонымен қатар, SYM2081 домой қышқылы сияқты нейрондардың кіші популяциясында Ca^{2+} концентрациясының жоғарылауын тудырады.

Каинатты рецепторлардың GluK1-суббірлігінің агонисі АТРА да жекелеген ГАМКергиялық нейрондарда Ca^{2+} деңгейін айтарлықтай арттыра отырып нейрондардың басым бөлігіндегі $[Ca^{2+}]_i$ осцилляциясын толығымен тежейді, сонымен қатар $[Ca^{2+}]_i$ базальдік деңгейін минимум деңгейге дейін түсіреді (3-сурет). Бұл мәліметтер тежегіш нейрондардың кальций-өткізуші каинатты рецепторларының селективті агонистері нейрондық желідегі шектен тыс қозуды басу мүмкіндігі туралы біздің болжамымызды растайды.

Осылайша, кальций-өткізуші каинатты рецепторлардың қасиеттерін зерттеу нәтижесінде тежегіш нейрондарда орналасқан кальций-өткізуші каинатты рецепторлардың селективті агонистерін қолдану арқылы нейрондық желідегі шектен тыс қозуды басу әдістемесі жасалды. *In vitro* жағдайында гиппокампың нейрондық желілерінде кальций-өткізуші каинатты рецепторлары бар тежегіш нейрондардың ГАМК секрециясын озыңқы активтенуіне негізделген гиперқозуды басудың эндогендік жүйесі бар екендігі анықталды. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, нейрондық желідегі шектен тыс қозуды басу үшін GluK1-суббірлігі бар кальций-өткізуші каинатты рецепторлардың селективті агонистерін қолданудың келешегі бар деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1. Қайрат Б.Қ., Төлеуханов С.Т., Зинченко В.П. Кальций-өткізуші каинатты рецепторлардың синапстық берілістері рөлі // ҚазҰМУ хабаршысы.- 2020. -№ 1.- Б. 206-212.
2. Kosenkov A.M., Teplov I.Y., Sergeev A.I. et al. Domoic acid suppresses hyperexcitation in the network due to activation of kainate receptors of GABAergic neurons // Archives of Biochemistry and Biophysics. – 2019. – Vol. 671. – P. 52-61.
3. Қайрат Б.Қ. Нейрондық желідегі қозуды бақылауда кальций-өткізуші каинатты рецепторлардың рөлі // VII Халықаралық Фараби оқулары студенттер мен жас ғалымдарға арналған «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясы материалдары. Қазақстан, Алматы 2020 ж. – Б. 158.
4. Kononov A.V., Bal N.V., Zinchenko V.P. Control of spontaneous synchronous Ca^{2+} oscillations in hippocampal neurons by GABAergic neurons containing kainate receptors without desensitization // Biochemistry. – 2012. – Vol. 6, No. 2. – P. 215-220.
5. Зинченко В.П., Қайрат Б.К., Тулеуханов С.Т. Роль кальций-проводящих каинатных рецепторов в контроле возбуждения нейрональной сети гиппокампа // Сборник статей и тезисов VIII всероссийской научно-практической конференции с международным участием. Россия, Санкт-Петербург 2020 г. – С. 57-59.
6. Zinchenko V.P., Gaidin S.G., Teplov I.Yu. et al. Visualization, properties, and functions of GABAergic hippocampal neurons containing calcium-permeable kainate and AMPA receptors // Biochemistry. – 2020. – Vol. 14, No. 1. – P. 44-53.
7. Gaidin S.G., Zinchenko V.P., Teplov I.Y. et al. Epileptiform activity promotes decreasing of Ca^{2+} conductivity of NMDARs, AMPARs, KARs, and voltage-gated calcium channels in Mg^{2+} -free model // Epilepsy Research. – 2019. - Vol 158. – P. 106224

В.П. Зинченко¹, Б.К. Қайрат^{2*}, С.Т. Тулеуханов², Гайдин С.Г.¹, Косенков А.М.¹

¹Институт биофизики клетки РАН, г. Пущино, Российская Федерация

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

Подавление гипервозбуждения нейрональной сети гиппокампа тормозными нейронами, содержащими кальций-проницаемые каинатные рецепторы

*В данной статье приведены результаты исследований свойств кальций-проницаемых каинатных рецепторов. В результате исследований разработана методика подавления гипервозбуждения нейрональной сети гиппокампа селективными агонистами кальций-проницаемых каинатных рецепторов, локализованных в тормозных нейронах. Показано, что в нейрональных сетях гиппокампа *in vitro* существует эндогенная система подавления гипервозбуждения, основанная на опережающей активации секреции ГАМК тормозными нейронами, содержащими кальций-проницаемые каинатные рецепторы.*

Ключевые слова: каинатные рецепторы, тормозные нейроны, гиппокамп, гипервозбуждение, нейрональная сеть.

Suppression of hyperexcitation of the hippocampal neuronal network by inhibitory neurons containing calcium-permeable kainate receptors

This article presents the results of studies of the properties of calcium-permeable kainate receptors. As a result of the research, a technique has been developed for suppressing hyperexcitation of the hippocampal neuronal network by selective agonists of calcium-permeable kainate receptors localized in inhibitory neurons. It has been shown that in the neuronal networks of the hippocampus in vitro there is an endogenous system of suppression of hyperexcitation based on the advanced activation of GABA secretion by inhibitory neurons containing calcium-permeable kainate receptors.

Keywords: kainate receptors, inhibitory neurons, hippocampus, hyperexcitation, neuronal network.

УДК 577.359

М.Н. Камалова*, Л.Ж. Гумарова

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kamalova.manshuk@med-kaznu.com

Жүрек қантамыр жүйесінің циркадианды ырғақтарының реттелу механизмдерін зерттеу

Мақалада көптеген дәлелдер ішкі циркадиялық сағаттың жүрек-қан тамырлары функцияларымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Қан қысымы мен жүрек соғу жиілігінің күнделікті өзгерістері белгілі циркадиялық ырғақтар болып табылады. Эндотелияның қызметі, тромбоциттердің агрегациясы және тромбтардың пайда болуы циркадианды өзгерістерді көрсетеді. Көптеген жүрек-қан тамырлары ауруларының (ЖҚА) немесе миокард инфарктісі, инсульт, аритмия және кенеттен жүрек өлімі сияқты оқиғалардың пайда болуы да уақытша тенденцияларға ие. Сонымен қатар, жануарлардың модельдерінде және эпидемиологиялық зерттеулерде циркадианды ырғақтардың бұзылуы көптеген ЖҚА үшін маңызды қауіп факторы болып табылатындығын және ЖҚА араласуы уақытқа байланысты әсер етуі мүмкін екендігі туралы нақты дәлелдер бар. Бұл шағын шолуда біз циркадианды ырғақ пен жүрек-тамыр физиологиясы мен қан қысымын реттеу және миокард инфарктісі арасындағы байланысты анықтаудағы соңғы жетістіктері талданды.

Түйін сөздер: циркадианды ырғақ, циркадианды сағат, ЖҚА, қан қысымы, миокард инфарктісі.

Кіріспе

Циркадианды ырғақтар - бұл шамамен 24 сағатқа созылатын эндогендік тербелістерді көрсететін биологиялық процестер. Бұл ырғақтар жануарларда, өсімдіктерде, бактерияларда және тіпті мәдени жасушаларда кеңінен байқалады. Оларды сағат гендері деп аталатын гендер тобы басқарады. Сүтқоректілерде сағаттың негізгі гендері Bmal1 (ядролық транслокатор-ми мен бұлшықеттердің арил көмірсутектерінің 1 рецепторына ұқсас), CLOCK (Капуттың Мотор белсенділігінің Циркадиялық циклдері), Per (Период) және Cry (Криптохром) тұрады. Олар өзара байланысты кері байланыс және тікелей байланыс тізбектері бар қатаң реттелетін жүйені құрайды. BMAL1 және CLOCK ақуыздары немесе оның парологы NPAS2 (нейрондық PAS-домендік ақуыз 2) Гетеродимерді құрайды, Per және Cry промоутерлік аймақтарындағы E-box элементтерімен байланысады және олардың транскрипциясын белсендіреді. Цитоплазмада жиналған кезде PER және CRY ақуыздары ядроға ауысады, онда олар BMAL1:CLOCK/NPAS2 реттеуші кешенін басады, осылайша өз транскрипциясын басады. Бұл негізгі цикл RORα (RAR-мен байланысқан жетім Альфа рецепторы), REV-ERBa (NR1D1, 1 ядролық рецепторлардың субфамилиясы, D тобы, 1 мүшесі) және PPARs (пероксисом пролифераторымен белсендірілген рецепторлар) сияқты ядролық рецепторларды қамтитын қосымша оң және теріс реттеуші ілмектермен өзара байланысты. Сонымен қатар, бұл сағат гендері әртүрлі биохимиялық және физиологиялық процестердің циркадиялық ырғақтарын

реттеу арқылы көптеген мақсатты гендерді (сағат басқаратын гендер деп аталады, CCGS) басқарады[1-2].

Циркадиялық сағат гипоталамуштағы супрахиазматикалық ядрода (SCN) орталық сағат ретінде болады, ал оның перифериялық тіндері перифериялық сағат ретінде қызмет етеді. SCN сетчаткадан жарық сигналын алады, содан кейін ұйқы-ояту, аштық, дене температурасы және гормон секрециясының циклдері сияқты әртүрлі мінез-құлық және биологиялық ырғақтарды басқаратын жүйке және/ немесе гуморальды сигналдарға жарық ақпаратын береді. SCN әр түрлі маталардағы ішкі уақытты синхрондағанымен, *in vitro* және *ex vivo* тәжірибелерінен алынған мәліметтер перифериялық сағаттардың орталық немесе жүйелік сигналдарсыз автономды жұмыс істей алатындығын дәлелдеді[3].

Жүрек-тамыр жүйесіндегі циркадиялық сағат

Егеуқұйрықтардың жүрегіндегі сағаттық гендердің циркадиялық көрінісі алғаш рет 2001 жылы сипатталған. Жақында RNA-seq деректерінен ақуызды кодтайтын гендердің 6 және 4 %-ы сәйкесінше тышқанның жүрегі мен қолқасында транскрипцияның циркадиялық ырғақтарын көрсететінін анықтады. *Ex vivo* эксперименттері егеуқұйрықтардың жүрегіннің әртүрлі функцияларын көрсетті. Сонымен қатар, адамның жүректері сағат гендерін уақытқа сезімтал түрде білдіретіні анықталды. Сонымен қатар, гендердің циклдік бақылаулары мәдени жасушаларға таратылды. Егеуқұйрықтардың кардиомиоциттерінде эмбриональды бұзау сарысуының 2,5% - ы культуралық ортада *Bmal1*, *Rev-erba* және *Per2* негізгі сағаттарының гендерінің ырғақты экспрессиясын, сондай-ақ энергетикалық метаболизм гендерін, пируват дегидрогеназа киназасын және 3 ақуызды бөлу үшін жеткілікті. Жүрек-тамыр жүйесіндегі циркадиялық сағаттардың рөлін зерттеу үшін жақында тінге тән сағат генінің жойылуымен бірнеше егеуқұйрықтардан модельдер жасалды. Мысалы, *bmal1* кардиомиоциттерінің жойылуы RR және QRS аралықтары жоғарылаған аномальды электрокардиографияға әкеледі. Эндотелий жасушаларында жою *Bmal1* немесе тамырлардың тегіс бұлшықет жасушалары қан қысымының тәуліктік ауытқуын бұзды. Бұл нәтижелер жүрек-тамыр жүйесінде ішкі сағаттардың болуы мен маңыздылығына сәйкес келеді[4].

Екінші жағынан, жүрек-тамыр жүйесіндегі жасушалардың барлық түрлерінде молекулалық сағаттар бұзылмаса да, бұл перифериялық сағаттар жүрек пен қан тамырларының қоршаған ортадағы күнделікті өзгерістерге реакциясын синхрондау үшін орталық сағаттармен үйлестірілуі керек. Күндізгі-түнгі циклдардың бұзылуы, мысалы, уақыт белдеулерінің өзгеруі орталық және перифериялық сағаттар арасындағы десинхронизацияға, әртүрлі органдар арасындағы түсіру кинетикасының гетерогенділігіне және сағаттық гендердің реттелуінің бұзылуына әкеледі. Циркадиялық сағаттар тінге тән, бұл механизмнің бұзылуы биохимиялық және физиологиялық көрсеткіштердің кең спектрінің бұзылуына әкелетін тізбекті реакцияны бастайды, бұл жүрек-қан тамыр (ЖҚА) ауруына ықпал етеді. Мысалы, қысымның шамадан тыс жүктелуінен туындаған жүрек гипертрофиясының егеуқұйрық моделін қолдана отырып, Martino et al. тышқандарды 10 сағаттық жарықтандыру жағдайында ұстау кезінде ырғақтың бұзылуы анықталды: 10 сағаттық күңгірттеу жүректің құрылымы мен қызметіне теріс әсер етеді, сонымен қатар сағат гендерінің экспрессиясын және жүректі қалпына келтіру гендерін өзгертеді. 24 сағаттық қалыпты ырғақты қалпына келтіру бұл өзгерістерді сақтап қалуы мүмкін, бұл қалыпты ырғақты сақтау жүрек-тамыр денсаулығы үшін өте маңызды деп санайды.

Күндізгі және түнгі қан қысымының ауытқуы және жүрек соғу жиілігі физиологияның ең танымал циркадиялық ырғақтарының бірі болып табылады. Адамдарда қан қысымының ауытқуы 24 сағаттық өзгерісі бар, ол оянғанға дейін күрт жоғарылайды, қан қысымының ауытқуы ең жоғары мәні таңертең болады. Сонымен қатар, кенеттен жүрек өлімі, миокард инфарктісі және инсульт сияқты көптеген жүрек-қан тамырлары оқиғалары таңертең жиіліктің жоғарылауымен күнделікті тербелістермен көрінеді. Бұл құбылыстар, сондай-ақ бүйрек альбуминуриясы және бүйрек ауруларының соңғы сатысына дейін прогрессия, түнде қан қысымы төмендемейтін, Диппер емес деп аталатын пациенттерде жиі кездеседі. Кері дипперлер-түнде төмендеудің орнына қан қысымының жоғарылауы жүрек-қан тамырлары

өлімінің жоғарылауын көрсетті. Бұл уақытқа байланысты эсерлер ұйқы / ояту циклінің немесе нейроэндокриндік компоненттердің ырғағының салдары ғана емес, сонымен қатар жүрек пен қан тамырларының ішкі қасиеттерімен түсіндіріледі, олардың функциялары күн ішінде айтарлықтай ауытқуларды көрсетеді[5].

Жануарлардың көптеген модельдері және адам эпидемиологиялық зерттеулері басқа ЖҚА-да циркадиялық ырғақтың бұзылуының қолайсыз әсерін дәлелдеді. Тышқандардағы clock генінің жойылуы немесе мутациясы кеңейтілген кардиомиопатиямен бірге жүрек-тамыр жүйесінің циркадиялық ырғақтарын әлсіретті, артериялық қаттылық немесе эндотелиальды дисфункциясы табылды. Холестерин алмасуының бұзылуы және атеросклероздың жоғарылауы батыстық және әдеттегі диетаны қабылдаған clock мутантты тышқандарында да расталды. Бұл деректер қан тамырларындағы ішкі циркадиялық сағаттар атеросклеротикалық ауруларда автономды эсер ретінде маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді[6].

Сонымен қатар, қан қысымының күндізгі және түнгі ауытқулары, жүрек соғу жиілігі және барорефлекске сезімталдық (қан қысымын ұстап тұрудың гомеостатикалық механизмі) көптеген басқа жүрек-қан тамырлары ауруларында немесе жүрек аритмиясы, атеросклероз және кенеттен өлім сияқты оқиғаларда күнделікті өзгергіштікке сәйкес келеді. Кенеттен жүрек өлімі циркадиялық өзгергіштікті көрсетті. Ол жүректің ишемиялық ауруы бар науқастарда сипатталғанға ұқсас таңертең байқалатын циркадиялық үлгіге ие. Ауруханада көптеген аритмиялар соның салдарынан байқалады. Күнделікті ырғақтың бұзылуы жүрек-тамыр қызметін нашарлатып қана қоймайды, сонымен қатар семіздік, қант диабеті, иммундық бұзылулар, бір-біріне эсер етуі мүмкін психикалық аурулар сияқты басқа аурулармен байланысты. Сондықтан циркадиялық ырғақпен де, жүрек-тамыр функцияларымен де байланысты ауруларды бақылау немесе алдын-алу өте маңызды болады[7].

Қорытынды. Жүрек-қан тамырлары аурулары көптеген индустриалды дамыған елдерде өлімнің негізгі себебі болып табылады. Негізгі тетіктерді түсіну үшін қарқынды күш жұмсалды. Соңғы жылдардағы зерттеулердің бірі-циркадиялық ырғақтарды зерттеу. Көптеген деректер жүрек-тамыр жүйесі үшін күнделікті ырғақтың бұзылуының қолайсыз салдарын көрсетеді. Бұл қазіргі дәуірде, әсіресе дамыған елдерде, ауысымдық жұмыс, жасанды жарықтандыру, трансмеридиандық әуе рейстері мен қоғамдық іс-әрекеттерден туындаған қалыпты ырғақтың жиі бұзылуына байланысты айқынырақ және маңызды бола түсуде.

Циркадиялық ырғақтар денсаулыққа ғана емес, дәрі-дәрмектердің тиімділігіне де эсер етеді. Кейбір ЖҚА емдеу препараттары уақытқа байланысты эсерлерді көрсететіні таңқаларлық емес, өйткені жүйелік және ішкі сағаттармен басқарылатын жүрек пен қан тамырларының нақты циркадиялық қызметі бар. Хронофармакокинетика сияқты жүрек-тамырдан тыс бірнеше басқа механизмдер ұсынылғанмен, жүрек пен қан тамырларындағы циркадиялық сағаттарды елемеуге болмайды. ЖҚА емдеуге арналған жаңа препараттарды әзірлеу кезінде уақытқа байланысты эсерлерді зерттеу керек.

Әдебиеттер

1. Alibhai F. J., Tsimakouridze E. V., Chinnappareddy N., Wright D. C., Billia F., O'Sullivan M. L., et al.. (2014). Short-term disruption of diurnal rhythms after murine myocardial infarction adversely affects long-term myocardial structure and function. *Circ. Res.* 114, 1713–1722. 10.1161/CIRCRESAHA.114.302995 [[PubMed](#)] [[CrossRef](#)] [[Google Scholar](#)]
2. Anea C. B., Ali M. I., Osmond J. M., Sullivan J. C., Stepp D. W., Merloiu A. M., et al.. (2010). Matrix metalloproteinase 2 and 9 dysfunction underlie vascular stiffness in circadian clock mutant mice. *Arterioscler. Thromb. Vasc. Biol.* 30, 2535–2543. 10.1161/ATVBAHA.110.214379 [[PMC free article](#)] [[PubMed](#)] [[CrossRef](#)] [[Google Scholar](#)]
3. Anea C. B., Zhang M., Stepp D. W., Simkins G. B., Reed G., Fulton D. J., et al.. (2009). Vascular disease in mice with a dysfunctional circadian clock. *Circulation* 119, 1510–1517. 10.1161/CIRCULATIONAHA.108.827477 [[PMC free article](#)] [[PubMed](#)] [[CrossRef](#)] [[Google Scholar](#)]
4. Boggild H., Knutsson A. (1999). Shift work, risk factors and cardiovascular disease. *Scand. J. Work Environ. Health* 25, 85–99. 10.5271/sjweh.410 [[PubMed](#)] [[CrossRef](#)] [[Google Scholar](#)]
5. Chen L., Yang G. (2014). PPARs integrate the mammalian clock and energy metabolism. *PPAR Res.* 2014:653017. 10.1155/2014/653017 [[PMC free article](#)] [[PubMed](#)] [[CrossRef](#)] [[Google Scholar](#)]

6. Cheng B., Anea C. B., Yao L., Chen F., Patel V., Merloiu A., et al. (2011). Tissue-intrinsic dysfunction of circadian clock confers transplant arteriosclerosis. *Proc. Natl. Acad. Sci. U.S.A.* 108, 17147–17152. 10.1073/pnas.1112998108 [[PMC free article](#)] [[PubMed](#)] [[CrossRef](#)] [[Google Scholar](#)]

7. Culic V. (2014). Chronobiological rhythms of acute cardiovascular events and underlying mechanisms. *Int. J. Cardiol.* 174, 417–419. 10.1016/j.ijcard.2014.04.043 [[PubMed](#)] [[CrossRef](#)] [[Google Scholar](#)]

М.Н. Камалова, Л.Ж. Гумарова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

Исследование механизмов регуляций циркадианных колебаний сердечно-сосудистой системы

Многочисленные доказательства, приведенные в статье, показывают, что внутренние циркадные часы тесно связаны с сердечно-сосудистыми функциями. Ежедневные изменения кровяного давления и частоты сердечных сокращений являются известными циркадными ритмами. Функция эндотелия, агрегация тромбоцитов и образование тромбов указывают на циркадные изменения. Возникновение многих сердечно-сосудистых заболеваний (ССЗ) или таких событий, как инфаркт миокарда, инсульт, аритмия и внезапная сердечная смерть, также имеет временные тенденции. Кроме того, в моделях на животных и эпидемиологических исследованиях имеются четкие доказательства того, что нарушение циркадного ритма является важным фактором риска для многих ПТСР и что вмешательство при ПТСР может иметь эффект, зависящий от времени. В этом кратком обзоре мы проанализировали последние достижения в области циркадного ритма и физиологии сердечно-сосудистой системы, а также взаимосвязь между регуляцией артериального давления и инфарктом миокарда.

Ключевые слова: циркадный ритм, циркадные часы, СЛР, артериальное давление, инфаркт миокарда.

M.N. Kamalova, L.Zh.Gumarova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

The investigating of the mechanisms of circadian cardiovascular rhythms regulation

Growing evidence shows that intrinsic circadian clocks are tightly related to cardiovascular functions. The diurnal changes in blood pressure and heart rate are well known circadian rhythms. Endothelial function, platelet aggregation and thrombus formation exhibit circadian changes as well. The onset of many cardiovascular diseases (CVDs) or events, such as myocardial infarction, stroke, arrhythmia, and sudden cardiac death, also exhibits temporal trends. Furthermore, there is strong evidence from animal models and epidemiological studies showing that disruption of circadian rhythms is a significant risk factor for many CVDs, and the intervention of CVDs may have a time dependent effect. In this mini review, we summarized recent advances in our understanding of the relationship between circadian rhythm and cardiovascular physiology and diseases including blood pressure regulation and myocardial infarction.

Keywords: circadian rhythm, circadian clock, CVDs, blood pressure, myocardial infarction.

УДК 576.32/.36

**А.В. Мельницкая¹, З.И. Крутецкая¹, В.И. Бадюлина¹,
Н.И. Крутецкая¹, В.Г. Антонов²**

¹Санкт-Петербургский государственный университет, Санкт-Петербург, Россия,

- 6 Бородин Ю.И., Труфакин В.А., Мичурина С.В., Шурлыгина А.В. Структурно-временная организация печени, лимфатической, иммунной, эндокринной систем при нарушении светового режима и введении мелатонина. Новосибирск: Издательский дом «Манускрипт», 2012:208.
- 7 Scheer FA, Hilton MF, Mantzoros CS, Shea SA. Adverse metabolic and cardiovascular consequences of circadian misalignment. *Proc Natl Acad Sci USA* 2009;106(11):4453-8.
- 8 Bailey CJ, Atkins TW, Matty AJ. Melatonin inhibition of insulin secretion in the rat and mouse. *Horm Res.* 1974;5(1):21-8.
- 9 Mühlbauer E, Peschke E. Evidence for the expression of both the MT1- and in addition, the MT2-melatonin receptor, in the rat pancreas, islet and beta-cell. *J Pineal Res.* 2007;42(1): 105-6.
- 10 Nagorny CL, Sathanoori R, Voss U, Mulder H, Wierup N. Distribution of melatonin receptors in murine pancreatic islets. *J Pineal Res.* 2011;50(4):412-7.
- 11 Ramracheya RD, Muller DS, Squires PE, Brereton H, Sugden D, Huang GC, Amiel SA, Jones PM, Persaud SJ. Function and expression of melatonin receptors on human pancreatic islets. *J Pineal Res.* 2008;44(3):273-9.
- 12 Lyssenko V, Nagorny CL, Erdos MR, Wierup N, Jonsson A, Spégel P, Bugliani M, Saxena R, Fex M, Pulizzi N, Isomaa B, Tuomi T, Nilsson P, Kuusisto J, Tuomilehto J, Boehnke M, Altshuler D, Sundler F, Eriksson JG, Jackson AU, Laakso M, Marchetti P, Watanabe RM, Mulder H, Groop L. Common variant in MTNR1B associated with increased risk of type 2 diabetes and impaired early insulin secretion. *Nat Genet.* 2009;41(1):82-8.
- 13 Петин Н.А., Новых Л.Л., Петина В.И. Основы экологии и природопользования. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2004. – 288 с.
- 14 Усов И.Н. Здоровый ребенок: справочник педиатра. – Минск: Беларусь, 1984. – 207 с.
- 15 Косованова Л.В., Мельников М.М., Айзман Р.И. Скрининг-диагностика здоровья школьников и студентов. Организация оздоровительной работы в общеобразовательных учреждениях. – Новосибирск: Изд-во Сиб.ун-та, 2003. – 240 с.

А.Қ. Төлеубекова¹, З.М. Кенжегараева¹, А. Есенбекова¹, А. Калдыкараева¹, А. Берікқызы¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби

toleubekova.98@mail.ru

МЕЛАТОНИН И САХАРНЫЙ ДИАБЕТ

Аннотация. В данной статье обсуждается влияние гормона мелатонина на выявление изменений гематологических показателей животных с сахарным диабетом 2 типа с помощью стрептозоцина. Гормон

эпифиз мелатонин обеспечивает синхронизацию секреции инсулина и глюкозы со сменой светлого и темного времени суток. Гормон мелатонин регулирует циркадные ритмы. Мелатонин выполняет в организме человека следующие функции при его разработке или применении в качестве лекарственного средства: снижает физические, умственные и эмоциональные нагрузки, влияет на эндокринную систему (в частности, уменьшает выброс гонадотропинов), нормализует артериальное давление и норму сна, повышает антителообразование. продукция, в некоторой степени антиоксидант, влияет на адаптацию к резким сменам климата и часовых поясов, регулирует пищеварение и работу мозга, замедляет процессы старения. Терапевтическая ценность этого гормона была выявлена у животных с диабетом. Уровни крови были проанализированы в контрольной группе и в таблице показано, как они изменились после диабета. Его определяли путем сравнения эффективности мелатонина в зависимости от показателей крови.

Ключевые слова: Мелатонин, гематология, сахарный диабет 2 типа, глюкоза, гемоглобин, эритроциты, лейкоциты.

A.K. Toleubekova¹, Z.M. Kenzhagaraeva¹, A. Esenbekova, A. Kaldykarava, A. Berikkyzy¹

¹Al-Farabi Kazakh National University

Toleubekova.98@mail.ru

MELATONIN AND DIABETES MELLITUS

Annotation. This article discusses the effect of the hormone melatonin on the detection of changes in hematological parameters of animals with type 2 diabetes mellitus using streptozotocin. The pineal hormone melatonin ensures the synchronization of insulin and glucose secretion during the change of daylight and darkness. The hormone melatonin regulates circadian rhythms. Melatonin performs the following functions in the human body when it is developed or used as a drug: it reduces physical, mental and emotional stress, affects the endocrine system (in particular, reduces the release of gonadotropins), normalizes blood pressure and sleep, increases antibody formation. products, to some extent an antioxidant, affect adaptation to sudden changes in climate and time zones, regulate digestion and brain function, and slow down the aging process. The therapeutic value of this hormone has been identified in diabetic animals. Blood levels were analyzed in the control group and the table shows how they changed after diabetes. It was determined by comparing the effectiveness of melatonin depending on blood parameters

Key words: Melatonin, hematology, type 2 diabetes, glucose, hemoglobin, erythrocytes, leukocytes.

A.P. Баймуратова, Ж.М. Батырбек, Б.А. Байзақова, Г.Т. Сраилова

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

alfa.baymuratova2000@gmail.com

ДЕНІ САУ ЖӘНЕ АУРУ ӨТІЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАНТ ДИАБЕТІМЕН АУЫРАТЫН БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ БИОХИМИЯЛЫҚ, ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІ САЛЫСТЫРЫП ЗЕРТТЕУ

Аннотация. Жүргізілген жұмыстың мақсаты дені сау және өтіліне қарай қант диабетімен ауыратын балалар мен жасөспірімдердің биохимиялық және психофизиологиялық көрсеткіштерін салыстырып зерттеу болды. Зерттеудің объектісі дені сау, қант диабетімен 2-9 жыл аралығында ауырып жүрген және жақын арада ауруға шалдыққан балалар мен жасөспірімдерге жүргізілді. Жұмысты орындау барысында биохимиялық анализатор, сондай-ақ «Спилбергер-Ханиннің мазасыздық деңгейінің өзін-өзі бағалау шкаласы», Мария Ковач жетілдірген «балалар депрессиясының сауалнамасы (CDI)» әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы барысында денсаулығы қалыпты және қант диабетімен ауыратын балалар мен жасөспірімдердің биохимиялық көрсеткіштерінде айтарлықтай айырмашылық барын айқын көрсетті. Мазасыздық және депрессияның ең жоғары деңгейі ҚД диагнозы қойылған сәттен бастап бірінші жылы, сондай-ақ диагноз қойылғаннан кейін шамамен 10 жылға дейінгі аралық өткен соң байқалады.

Кілттік сөздер: қант диабеті, балалар, жасөспірімдер, биохимия, гипергликемия, мазасыздық, депрессия, стресс.

Қант диабеті – бүкіл әлемде таралуының өсу қарқыны, мемлекеттік ауқымдағы үлкен экономикалық шығындар, сондай-ақ мүгедектікке әкелетін салдары мамандарды оны денсаулық сақтаудың ең маңызды мәселелерінің бірі деп тануға мәжбүр етті. Дүние жүзі бойынша қант диабетімен ауыратын адамдардың жалпы санының 5% көрсеткіші балалар мен жасөспірімдер арасында тіркеледі және жыл сайын өсуде. Қант диабетімен ауыратын балалар мен жасөспірімдерге клиникалық бақылау жүргізу нәтижелерінен ересектерге қарағанда

едәуір ауыр өтетінін көрсетеді, бұл аурудың өсіп келе жатқан ағзада болатын процестерге бұрмалаушы әсерімен түсіндіріледі.

Осы аурудан зардап шеккен балалардың биохимиялық қан талдауларына әр жыл сайын бақылау жүргізіліп отырады, және ауруға жаңадан шалдыққан науқастардың алғашқы кезеңінде стресстік, депрессиялық жағдайлар көп кездеседі. Эндокриндік аурудың созылмалы ағымы науқастың бүкіл өмірлік жағдайын айтарлықтай өзгертеді және оның жеке басының өзгеруіне әкелуі мүмкін. Созылмалы психологиялық стресстен туындаған тұлғалық қасиеттердің өзгеруі олардың ауыр ауруға шалдыққаны туралы білуден туындайды. Соңғысы, өз кезегінде, науқастардың психикалық және әлеуметтік бейімделуіне әсер етеді. Балалық шақта немесе жасөспірімде басталған қант диабетінде науқастарда жеке тұлғаның қалыптасуында белгілі бір үйлеспеушілік түрінде ауытқулар, үйлесімді психикалық дамудың бұзылуы және тұтастай алғанда психиканың өзгеруі байқалады, бұл жеке тұлғаның патологиялық дамуына негіз жасайды [1]. Бұл қант диабеті бар балалар мен жасөспірімдердегі психофизиологиялық патологияны жан-жақты зерттеуге және балаларға диабетологиялық көмектің сапасын жақсарту үшін осы асқынулардың диагнозын оңтайландыруға бағытталған зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Жүргізілген жұмыстың мақсаты дені сау және мерзіміне қарай қант диабетімен ауыратын балалар мен жасөспірімдердің биохимиялық және психофизиологиялық көрсеткіштерін салыстырып зерттеу.

Зерттеу дені сау, қант диабетімен 2-9 жыл аралығында ауырып жүрген және жақын арада ауруға шалдыққан балалар мен жасөспірімдерге жасалынды. Дені сау балалардың жасы 7-16 жас аралығы, ұзақ уақыттан бері қант диабетімен ауыратындар жасы 9-17 жас аралығы, жаңадан қант диабеті ауруына шалдыққан балалар жасы 12-16 жас аралығы. Зерттелген балалар мен жасөспірімдер жалпы саны 23, 7 – сау балалар, 11 – бұрыннан ауыратындар, 5 – жаңадан ауыра бастағандар.

Биохимиялық көрсеткіштерді арнайы DIRUI CS-T240 автоматты биохимиялық анализаторында жүргізілді. Мазасыздық пен депрессия деңгейін бағалау үшін «Спилбергер-Ханиннің мазасыздық деңгейінің өзін-өзі бағалау шкаласы», М. Ковач жетілдірген «балалар депрессиясының сауалнамасы (CDI)» әдістері арқылы зерттелінді.

Биохимиялық көрсеткіштерді талдау, сағатына 240 тестке дейін талдауға қабілетті өнімділігі бар DIRUI CS-T240 автоматты биохимиялық анализаторында жүргізілді.

Біздің зерттеуіміз бойынша алынған нәтижелерге сәйкес дені сау сыналшыларда глюкоза деңгейі $5,24 \pm 0,21$ ммоль/л көрсеткішіне тең, 2-ші топқа кіретін бұрыннан ауыратын науқастардың көрсеткіштері $10,52 \pm 0,65$ ммоль/л, ал 3-ші топқа кіретін жаңадан ауыра бастаған науқастарда $12,74 \pm 2,53$ ммоль/л көрсеткішке ие болды. Сау балаларда глюкоза көрсеткіші қалыпты деңгейде, ал қалған екі топтағы балаларда қалыптыдан жоғары.

Зерттеу жүргізу нәтижесі бойынша дені сау балаларда гликирленген гемоглобин $4,66 \pm 0,43\%$ қалыпты көрсеткішке ие. Бұрыннан ҚД-мен ауырып жүрген науқастарда HbA1c деңгейі $9,73 \pm 1,29\%$ құрады. ҚД-не жаңадан шалдыққан науқастарда HbA1c деңгейі $13,26 \pm 3,90\%$ көрсеткішке ие болды. Қант диабетімен бұрыннан ауыратын және жаңадан ауырып бастаған балаларда гликирленген гемоглобин мөлшері қалыпты көрсеткіштен жоғары деңгейді көрсетті.

Сау балаларда жалпы билирубин мөлшері $4,92 \pm 0,78$ мкмоль/л, жалпы холестерин $3,28 \pm 0,93$ ммоль/л, үшглицеридтер $1,94 \pm 0,65$ ммоль/л болса, бұрыннан ауыратын балаларда жалпы билирубин $12,74 \pm 4,55$ мкмоль/л, жалпы холестерин $4,66 \pm 0,24$ ммоль/л, үшглицеридтер $2,07 \pm 1,34$ ммоль/л. Дәл осы көрсеткіштер енді ауырып бастаған балаларда $10,90 \pm 1$ мкмоль/л, $3,70 \pm 0,27$ ммоль/л және $1,34 \pm 0,11$ ммоль/л тең болды. Холестерин мен үшглицерид мөлшері үш топтағы балаларда да қалыпты мөлшерде, ал билирубин көрсеткіштері науқас балаларда айтарлықтай жоғары деңгейді көрсетті. Жоғары билирубин аурудың басталуына дейін және одан кейін қант диабетіндегі тотығу стрессі мен қабынудың биомаркерлері болуы мүмкін. Билирубин деңгейінің жоғарылауы бауырдың зақымдалуы салдарынан ғана емес, сонымен қатар стресстік жағдайлардан болу себебі қарастырылады.

3 топ сыналушылардың мазасыздық деңгейін зерттеу үшін «Спилбергер-Ханиннің мазасыздық деңгейінің өзін-өзі бағалау шкаласы» әдісін қолдандық. Тест мазасыздықтың 2 түрі: жағдаятты және тұлғалық мазасыздықты анықтауға бағытталған [2].

Сыналушыларға жасалған мазасыздық деңгейінің көрсеткіштерін салыстыра отырып шыққан нәтижелер көрсеткіштері: жағдаятты мазасыздық – дені сау балалар 27,71%, бұрыннан ауратын балалар 40,55%, ауыра бастаған балалар 46,80% құрады; тұлғалық мазасыздық – дені сау балалар 28,86%, бұрыннан ауратын балалар 47,18%, ауыра бастаған балалар 53% тең болды.

Айқын тұлғалық мазасыздықтың жоғары деңгейі 1 жылға дейінгі өтілі бар (алғаш рет анықталған қант диабеті) балаларда жиі кездеседі (53%), ал 2-9 жыл өтіліне қарай бұл көрсеткіш азайды (47,18%). Дені сау балалар тобында ауытқушылық байқалмады (28,86%).

Қолданылған әдебиеттердің мәліметтеріне сүйенсек, мазасыздық белгілерінің жоғары деңгейі аурудың нашар емделуіне және гликемиялық нәтижелерге ықпал етеді деген болжамды алға тартты. Бұл тұрғыда мазасыздық пен депрессиялық белгілердің ұқсастығы және гликемиялық бақылаумен байланысы теріс әсер ету, зейіннің шоғырлану қабілетінің төмендеуі және ашуланшақтық сияқты жалпы сипаттамаларға байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ, гипогликемия болуынан үрейді сезіну және болашақ қайталанулардан қорқу стресс пен мазасыздықтың жоғарылауына ықпал етуі мүмкін деп болжайды [3].

Дені сау, және қант диабетімен бұрыннан ауырып жүрген және ауыра бастаған балалар мен жасөспірімдердің депрессия деңгейін анықтау үшін Мария Ковач жетілдірген «Балалар депрессиясының сауалнамасы (CDI)» әдісін қолданып зерттеу жұмысын жүргіздік.

Біздің зерттеуімізде дені сау балаларда – 43,57%, бұрыннан ауыратын сыналушыларда – 55,73% және ҚД жаңадан анықталған сыналушылар көрсеткіштері – 63,60% құрады. Алынған нәтижелер депрессия жиілігі ҚД кезінде дені сау сыналушылар тобында анықталған мәндерден асып түсетіндігі анықталды.

Қазіргі уақытта диабетпен ауыратын науқастарда депрессияның пайда болуының екі негізгі гипотезасы бар: негізгі ауруға тән биохимиялық өзгерістер нәтижесінде және диабеттің дамуын анықтайтын психоэмоционалдық және психологиялық факторлардың әсерінен [4].

Әдебиет деректеріне сәйкес, депрессияның ең жоғары деңгейі ҚД диагнозы қойылған сәттен бастап бірінші жылы, сондай-ақ диагноз қойылғаннан кейін шамамен 10 жыл өткен соң (асқынулар анықталған кезде) байқалады. Бұл нәтижелер жоғарыда аталған зерттеу мәліметтерімен сәйкес келді. Осы нәтижелерге сүйене отырып, өмір-салтының кенеттен өзгергенін аңғарған бала мен жасөспірім депрессиялық күйге бейім болады [5]. Дегенмен, зерттеу жүргізу барысында депрессия дамуына тәуелсіз әсер ететін фактор сыналушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты болды. ҚД жаңадан анықталған науқастар 12-16 жас аралығындағы жасөспірімдерді құрады.

Осылайша, жүргізілген зерттеу жұмысында денсаулығы қалыпты және қант диабетімен ауыратын балалар мен жасөспірімдердің биохимиялық көрсеткіштерінде айтарлықтай айырмашылық барын айқын көрсетті.

Дені сау сыналушылардың психофизиологиялық көрсеткіш нәтижелері қалыпты деңгейді көрсетсе, мазасыздық пен депрессияның ең жоғары деңгейі ҚД диагнозы жаңадан анықталған науқастарда жоғары деңгейге ие болды. Сондай-ақ 2-9 жыл аралығында ауырып жүрген сыналушыларда жоғары болғанымен, ауыру мерзімі аз сыналушылардан сәл төмен нәтиже байқалды.

Әдебиеттер

- 1 Трифонова Е.А. Психологические аспекты качества жизни лиц, страдающих сахарным диабетом // Вестник клинической психологии. - 2003. - №2. - б. 239-247.
- 2 Аракелов Г.Г., Лысенко Н.Е. Психофизиологический метод оценки тревожности // Психологический журнал. М., 2007. - №2. б. 65.
- 3 Grey M, Whittemore R, Tamborlane W. Depression in type 1 diabetes in children: Natural history and correlates // Journal of Psychosomatic Research. – 2002. – №4. – P. 907-911.

4 Елфимова, Е.В. Психические расстройства при сахарном диабете. Технология лечебно-диагностического процесса: автореферат дис. ... д-ра мед.наук. - М., 2008. – 45 б.

5 Kosuke, N., Tetsuhito, M. Associations between trait anxiety, insulin resistance, and atherosclerosis in the elderly: A pilot cross-sectional study // Psychoneuroendocrinology. - 2008. - № 3. - P. 305-312.

А.Р. Баймуратова¹, Ж.М. Батырбек¹, Б.А. Байзакова¹, Г.Т. Сраилова¹

¹ *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

alfa.baymuratova2000@gmail.com

СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ БИОХИМИЧЕСКИХ, ПСИХОФИЗИОЛОГИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ У ЗДОРОВЫХ И БОЛЬНЫХ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ С САХАРНЫМ ДИАБЕТОМ

Аннотация. Целью проведенной работы являлось сравнительное исследование биохимических и психофизиологических показателей здоровых и больных сахарным диабетом детей и подростков. Объектами исследования были здоровые дети и подростки, страдающие сахарным диабетом в течение 2-9 лет и недавно перенесшие заболевание. При выполнении работы использовались методы биохимического анализатора, а также «шкала самооценки уровня тревожности Spielbergera-Ханина», «опросник детской депрессии (CDI)», усовершенствованный Марией Ковач. В ходе исследовательской работы было наглядно продемонстрировано, что имеются значительные различия в биохимических показателях детей и подростков с нормальным здоровьем и больных сахарным диабетом. Наиболее высокий уровень тревожности и депрессии отмечается в первый год с момента постановки диагноза СД, а также через промежуток времени до 10 лет после постановки диагноза.

Ключевые слова: сахарный диабет, дети, подростки, биохимия, гипергликемия, беспокойство, депрессия, стресс.

A.R. Baimuratova¹, Zh.M. Batyrbek¹, B.A. Baizakova¹, G.T. Srailova¹

¹ *al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

alfa.baymuratova2000@gmail.com

COMPARATIVE STUDY OF BIOCHEMICAL, PSYCHOPHYSIOLOGICAL PARAMETERS IN HEALTHY AND SICK CHILDREN AND ADOLESCENTS WITH DIABETES MELLITUS

Annotation. The purpose of the work was a comparative study of biochemical and psychophysiological indicators of healthy and diabetic children and adolescents. The subjects of the study were healthy children and adolescents suffering from diabetes mellitus for 2-9 years and who had recently suffered from the disease. The methods of a biochemical analyzer were used in the performance of the work, as well as the "Spielberger-Khanin anxiety level self-assessment scale", the "Child depression Questionnaire (CDI)", improved by Maria Kovach. During the research work, it was clearly demonstrated that there are significant differences in the biochemical parameters of children and adolescents with normal health and patients with diabetes mellitus. The highest level of anxiety and depression is observed in the first year after the diagnosis of DM, as well as in a period of up to 10 years after diagnosis.

Key words: diabetes mellitus, children, adolescents, biochemistry, hyperglycemia, anxiety, depression, stress.

Г.Д. Дәулет¹

¹ *ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

daulet.guldana@mail.ru

БИОЛОГИЯЛЫҚ ИММУНОСТИМУЛДАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ПЕРИФЕРИЯЛЫҚ ҚАН КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕРІ

Аннотация. ДДҰ болжамы бойынша XXI ғасырда аурулардың таралу деңгейі бойынша екіншілік иммунтапшылығы бірінші орынды алады. Еуропалық аллергология және клиникалық иммунология Академиясының (ЕААСІ) статистикасына сәйкес, екіншілік иммунтапшылығы аурулары онкологиялық аурулардың дамуына және планетаның балалар мен еңбекке қабілетті ересек тұрғындары арасында өлім-жітім өсуінің негізгі себебі болып табылады. Қазіргі заманғы миелостимуляциялық препараттарды жасау гендік инженерия, иммунобиотехнология және синтетикалық қосылыстардың өндірісі әдістерімен жүзеге

асырылады. Зерттеу жұмысында циклофосфамидтің қан көрсеткіштеріне миелосупрессивті әсері және миелостимуляциялық белсенділікті зерттеу мақсатында жаңадан синтезделген қосылыстардың бастапқы фармакологиялық скринингі зерттелді. Қазіргі заманғы иммуотропты препараттарды жасау, әзірлеу, өндіру және тәжірибеге енгізу мысалдары келтірілген. Биомедициналық тәжірибеде туа біткен және адаптивті иммунитетті белсендіретін иммуотропты препараттарды әзірлеу мен қолданудың перспективалық стратегиялары талқыланады.

Түйін сөздер: *иммуностимулятор, иммуномодулятор, эритропоэз, лимфоцитопения, гранулоцитопения, БИЗ (биологиялық иммуностимулдаушы заттар).*

Жалпы иммуномодуляторлар - бұл иммундық жүйеге кемінде екі жолмен әсер ететін әртүрлі биологиялық белсенді заттар (субстанция): олар иммундық жүйенің функцияларын күшейтеді (иммуностимуляторлар) немесе иммундық жауапты тежейді (төмендетеді) (иммуносупрессанттар). Сондай-ақ иммуномодуляторлар туралы бірнеше көзқарастар бар, ол патологиялық өзгерген иммундық жауапты физиологиялық қалыпқа әкелетін құрал болуы мүмкін. Ресей және Қазақстан нарығында (және көршілес елдерде) «иммуномодулятор» деген жалпы атаумен жүзге жуық заттар ұсынылған және сатылымға ие. Сонымен, иммуносупрессанттардан бастайық, өйткені осы санаттағы препараттардың арасында иммунофармакологиялық реттілік бар. Иммунодепрессанттардың бірінші буыны өте жоғары уыттылықпен және иммундық жүйеге, атап айтқанда, жасушалық иммундық жауапқа әлсіз айқын әсерімен сипатталады. Бұндай препараттарға азатиоприн, меркаптопурин, метотрексат, имуран, циклофосфамид, кортизон және т.б. жатады. Осылайша, бұл препараттар тобы цитостатиктермен, кортикостероидтармен ұсынылған, сонымен қатар антилимфоциттік антиденелер және т.б. жатады. Иммунодепрессанттардың келесі буыны жасушаларды, тіндерді және мүшелерді трансплантациялау саласында төңкеріс жасады. Қазіргі трансплантология циклоsporинді қолданудан басталды, ол Т-лимфоциттерге (негізінен CD4⁺) селективті әсер етеді және сәйкесінше IL-2, IL-3, IL-4 және IFN- γ тежейді. Сондай-ақ моноклональды антиденелер қолданылады.

Имуностимуляторлар дәуірі адьюванттардан басталды. Біріншіден, ол толық және толық емес Фрейдтің адьюванттары. Олар әртүрлі антигендермен (әсіресе әлсіз иммуногенділер) жануарларды иммунизациялауда антиденелердің айтарлықтай немесе максималды (өндірістік мақсатта) мөлшерін индукциялау үшін қолданылады. Вакциналық препараттардың иммуногенділігін арттыру және тиісінше вакцинация әсерін күшейту үшін көптеген вакциналардың құрамында алюминий гидроксиді және алюминий фосфаты бар. Әдетте, олар бастапқыда әлсіз иммуногенді вакцина заттарының құрамдас бөлігі болып табылады. Айта кету керек, бұл адьюванттар вакциналарды өндіруде кеңінен қолданылғанымен, олар әлсіз болады. Сондықтан бірқатар вакциналар жеткілікті иммуногенді емес, сонымен қатар көптеген жеңілсіз деп айтататындай инфекцияларға қарсы вакциналарды жасау мүмкін емес [1,2].

Осыған байланысты, тіпті өте әлсіз антигендермен (төмен немесе иммуногенді емес) иммундау кезінде иммундық жауапты күшейтетін және иммундық жауаптың генетикалық бақылауын айналып өтуді қамтамасыз ететін карботізбекті полиэлектролиттік иммуностимуляторлар тобын атап өту керек - фенотиптік түзету, иммундық жауап гендеріне байланысты әлсіз иммундық жауап көрсетеді [3-6].

Әлемнің кез келген жерінде сияқты біздің елімізде ұсынылатын, сатылатын және таратылатын иммуностимуляторларға көшейік. Олар көбінесе иммуномодуляторлар деп аталады. Оларға модуляциялайтын, яғни иммундық жауапты дұрыс бағытта өзгертетін биологиялық белсенді заттар кіруі керек. Сондықтан, егер берілген организмде иммундық жүйенің кез-келген бөлігінің тежелуімен иммундық бұзылыс болса, иммуномодуляциялаушы агент оны физиологиялық норма деңгейіне дейін күшейтуі (белсендендіруі) керек. Керісінше, иммундық статустың параметрлерінің патологиялық жоғарылауы жағдайында иммуномодуляциялаушы агент иммундық жүйенің бұл байланысын селективті түрде физиологиялық нормаға дейін (мысалы, аутоиммунды ауруларда) төмендетуі (басуы) керек. Дегенмен, иммунофармакологияда иммундық жүйенің әртүрлі бөліктеріне таңдамалы түрде

әсер ететін дәрілер бар [7], олар анықтамасы бойынша иммуномодуляторлар, иммуномодуляторлар бір мезгілде патологиялық өзгерістерге ұшыраған құрылымдарға бір уақытта әсер ететін және оларды қалыпты жағдайға келтіретін дәрілік препараттар, бірақ олар әлі қолжетімді емес. Болашақта негізгі иммунобақылаушы жасушаға («иммунологиялық оркестрдің дирижері») таңдаулы түрде әсер ететін осындай әмбебап молекулалық кешендерді (екі немесе поливалентті) құруға болады [8]. Сол себепті, біздің зерттеу жұмыстарымызда жаңа синтезделген азоттық қосылыстармен ең белсенді биологиялық иммуностимулдаушы препараттар зерттелінген болатын.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Миелостимульдеуші белсенділікті және өткір улылықты зерттеу үшін БИЗ шифры бойынша 10 жаңа синтезделген келесі қосылыстар алынды: БИЗ-205, БИЗ-207, БИЗ-174, БИЗ-209, БИЗ-210, БИЗ-211, БИЗ-213, БИЗ-173, БИЗ-206, БИЗ-212.

Миелостимульдеуші белсенділікті зерттеу – 12-16 апталық, дене массасы 210-280 г. құрайтын лабораториялық жануарларға жүргізілді. Жануарларды топқа бөлу бастапқы дене салмағы бойынша $\pm 10\%$ -дан аспады. Жануарларды бір тәлімбақтан - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің биологиялық клиникасынан бір уақытта алынды. Тәжірибеге дейін және тәжірибе кезінде бақылау және тәжірибе жануарлары әр торшада 6 особтен бір стандартты жағдайда ұсталынды.

Тәжірибенің барлық түрлері жұмыстың хронобиологиялық принциптерін сақтай отырып және «Биологиялық белсенді заттарға клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жүргізу ережелеріне» сәйкес жүргізілді [Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау Министрінің 19 қарашадағы бұйрығы, 2009 жылғы №745 «Биологиялық белсенді заттарға клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жүргізу ережесін бекіту туралы»]. Танертеңгі сағат 09:00-де әлсіз эфирлік наркозбен әсер ету арқылы егеуқұйрықтардың орбиталық венасынан қан алынды. Қан анализі зертханалық жануарларға арналған гематологиялық анализаторда «Abacus junior vet» (Diatron өндірісі, Дания) жүргізілді. Қан лейкограммасын бақылау микроскопиялық және сандық микрографқа арналған SA3300С микроскопында Романовский-Гимза [Giemsa G., 1904] бойынша боялған жағынды микроскопиялық зерттеу жолы арқылы жүзеге асырылды (7x100 үлкейту), бір жағындыға 500 жасуша.

Миелосупрессия цитостатикалық натрий циклофосфамидін енгізу арқылы туындады (Эндоксан Вахтер (Бакстер Онкология ГмбХ) Кантштрассе, 2, Д-33790, Халле/Вестфаллен, Германия, Тіркелген куәлігі П№ 014446/02-2002, сериясы 8G166D) жануарлар физиологиялық ертіндіде еріген циклофосфамидті дене салмағына 30 мг/кг, тәулігіне үш рет 0,5 мл көлемінде қабылдады. Содан кейін, бақылаудың 6,8,10 күнінде күніне бір рет келесі қосылыстар бұлшықет ішіне енгізілді: 1 топтан 10 топқа дейін, БИЗ коды бойынша зерттелген қосылыстар 5 мг/кг мөлшерде (барлық зерттелетін қосылыстар үшін еріткіш ретінде физиологиялық ертінді болды), 0,5 мл көлемінде, жануарлардың 5-ші тобына салыстырмалы препарат ретінде - левамизол 0,4 мг/кг мөлшерінде 0,5 мл көлемінде енгізілді, 6-топқа 0,5 мл көлеміндегі - плацебо (физиологиялық ертінді) және жануарлардың 7-ші тобы интактты болды. Алынған нәтижелердің арифметикалық ортақ көрсеткіші, ортақ квадраттық ауытқуы, ортақ арифметикалық қатесі есептелініп, *Microsoft Excel* бағдарламасымен өңделді.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін зерттелетін қосылыстар А.Бектуров атындағы химия ғылымдарының институтындағы «дәрілік қосылыстар» лабораториясынан алынды.

Зерттеу нәтижелері. Интактты жануарлардың гематологиялық параметрлері әдеттегі сау жануарлардың көрсеткіштеріне сәйкес болды. Эритроциттердің көрсеткіштері. Жалпы қандағы эритроциттер индексі $(6,02 \pm 0,23) \cdot 10^{12}/л$ гемоглобинмен бірге $(127 \pm 6,00)$ г/л қан құрады. Қанның эритроциттік массасындағы гемоглобиннің орташа концентрациясы $(406 \pm 4,00)$ г/л. Гематокрит көрсеткіші және эритроциттердің орташа көлемі сәйкесінше $(36,4 \pm 1,30)\%$ және $(82,6 \pm 0,27)$ фл қалыпты шекте болды.

Тромбоцитарлық көрсеткіштер. Жалпы тромбоцитарлық көрсеткіштер, тромбоциттердің орташа көлемі, тромбоцит көрсеткіші де сәйкесінше $(690 \pm 166,3) \cdot 10^9/л$ қан $(7,4 \pm 0,30)$ фл және $(0,327 \pm 0,08)\%$ қалыпты шекте болды.

Лейкоцитарлық көрсеткіштер. Жалпы лейкоцитарлық көрсеткіштер $(9,08 \pm 0,32) \cdot 10^9/\text{л}$ қалыптан төмен шекте болды. Қан лейкограммасындағы лимфоциттердің салыстырмалы көрсеткіші, гранулоциттердің және моноциттердің салыстырмалы көрсеткіші сәйкесінше $63,72 \pm 1,1$ %, $(30,0 \pm 0,8)$ %, $(6,28 \pm 0,1)$ % құрады. Лимфоциттердің, гранулоциттердің және моноциттердің қалыпты жағдайға сәйкес абсолютті мәндері тиісінше $(5,78 \pm 1,03) \cdot 10^9/\text{л}$ қан, $(2,72 \pm 0,72) \cdot 10^9/\text{л}$ қан, $(0,48 \pm 0,00) \cdot 10^9/\text{л}$ қанды құрады.

Цитостатикалық препарат натрий циклофосфамидін енгізгеннен кейін қан гемограммасында келесі өзгерістер тіркелді, яғни барлық перифериялық қан көрсеткіші 2,0-2,6 есе төмендеді. Эритроциттер жасушаларының деңгейі 1,4 еседен $(3,59 \pm 0,2) \cdot 10^{12}/\text{л}$ қанға дейін, гемоглобин 1,32 есе төмендеп, $(96,0 \pm 2,67)$ г/л қан көрсеткішіне дейін түсті.

Эритроциттер массасындағы гемоглобиннің орташа концентрациясы қандағы $(363,6 \pm 5,00)$ г/л шамасына дейін аздап төмендеді, гематокрит пен эритроциттердің орташа көлемі $(22,95 \pm 1,03)$ % және $(41,8 \pm 0,07)$ фл мәндеріне дейін тиісінше төмендеді. Қан жасушаларының көлемін негізінен эритроциттер құрайды және гематокриттің төмендеуі эритроциттер көлемінің қан плазмасының көлеміне дейін төмендеуін көрсетеді. Тромбоциттер массасында тромбоциттер санының $(422,0 \pm 41,33) \cdot 10^9/\text{л}$ қан мәніне дейін 1,64 есе азаюы да тіркелді. Тромбоциттердің орташа көлемі, тромбоцит сәйкесінше 1,34 және 1,6 есе $(5,5 \cdot 10 \pm 0,13)$ фл және $(0,23 \pm 0,02)$ %-ға төмендеді.

Лейкоциттердің абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштерінде елеулі өзгерістер орын алды. Лейкоциттердің жалпы индексі 1,92 есе $(4,72 \pm 0,35) \cdot 10^9/\text{л}$ төмендеді. Қанның лейкограммасының солға ығысуы агранулоцитарлы лейкоциттердің, атап айтқанда лимфоциттердің төмендеуімен және гранулоциттердің салыстырмалы индексінің жоғарылауымен болды. Абсолютті көрсеткіштер салыстырмалы түрде айтарлықтай төмендеді. Лимфоциттердің абсолютті көрсеткіші $(2,69 \pm 0,87) \cdot 10^9/\text{л}$ қанға дейін 2,15 есеге, абсолютті агранулоцитарлы көрсеткіш $(1,70 \pm 0,6) \cdot 10^9/\text{л}$ қанға 1,6 есеге төмендеді.

Осылайша, біз эритро-, тромбоцито- және лейкопоздің пролиферативті белсенділігінің төмендеуін алдық.

Әрі қарай, эритро-, тромбоцито-, лейкопения фонында эритропозді, тромбоцитопозді және лейкопозді ынталандыру үшін БИЗ коды бойынша тәжірибелік жаңадан синтезделген қосылыстар бұлшықет ішіне енгізілді. Қан гемограммасының нәтижелері бойынша зерттелетін қосылыстар 3 топқа бөлінді: белсенділігі төмен, орташа және жоғары.

Белсенділігі жоғары қосылыстар: БИЗ-205, БИЗ-207.

Белсенділігі орташа қосылыстар: БИЗ-174, БИЗ-209, БИЗ-210, БИЗ-211, БИЗ-213.

Белсенділігі төмен қосылыстар: БИЗ-173, БИЗ-206, БИЗ-212.

Жалпы эритроциттер индексі өзгеріп тұрады және белсенділігі төмен және орташа топтардың қан көрсеткіштерінен аспады, мәндер $(8,37 \pm 1,12) \cdot 10^{12}/\text{л}$ қаннан $(9,10 \pm 0,9) \cdot 10^{12}/\text{л}$ мәніне дейін болды. Гемоглобин деңгейі $(132,5 \pm 6,2)$ г/л-ден $(145,5 \pm 6,2)$ г/л-ге дейін ауытқиды, сонымен қатар бақылау тобы мен қосылыстардың белсенділігі төмен және орташа топтардағы мәндерге жақын болды. Эритроциттер массасындағы гемоглобиннің орташа концентрациясының, гематокриттің, эритроциттердің орташа көлемінің мәндері бақылау тобының, қосылыстардың белсенділігі төмен және орташа топтардың мәндеріне сәйкес келді.

Айта кету керек, бастапқы скринингке келген барлық қосылыстар бірдей қалыпты эритропозді ынталандыратын белсенділікті көрсетті және мәндер бақылау тобының деңгейінде болды және бұзылмаған топтың мәндеріне жақындады. Сондай-ақ тромбоцитопоздің айқын стимуляциясы болды. Тәжірибелік топтардағы тромбоциттердің жалпы индексі $(515 \pm 55,23) \cdot 10^9/\text{л}$ қаннан $(697,5 \pm 52,12) \cdot 10^9/\text{л}$ қанға дейін ауытқиды.

Олар инатақты топтың параметрлеріне сәйкес келді. Тромбоцит мәндері, тромбоциттердің таралу кеңдігі және қандағы орташа тромбоциттер саны да жоғары болды. Осылайша, қосылыстар айқын тромбоцитопозді ынталандыратын белсенділікке ие болды. Бұл қосылыстар тобы айқын эритропозді, тромбоцитопозді ынталандырушы белсенділіктен басқа, айқын лейкопозді ынталандыру белсенділігінің болуымен ерекшеленді. Лейкоциттердің жалпы индексі $(9,06 \pm 1,21) \cdot 10^9/\text{л}$ қаннан $(9,63 \pm 3,21) \cdot 10^9/\text{л}$ қанға дейін

ауытқиды, бұл интактты топтың қан көрсеткіштерінен асып түсті. Белсенділігі жоғары қосылыстарды енгізген топтарда иммунорегуляциялық бұзылыстары көрсеткішімен бірге гранулоцитарлы және агранулоцитарлы көрсеткіштердің ығысуы байқалмады.

Қорытынды. Сонымен, БИВ қосылыстарының арасында төменгі белсенділікті БИЗ қосылыстары тобында 173, БИЗ-206, БИЗ-212 болды, миелостимульдеуші белсенділікке ие болған жоқ.

Орташа белсенділік тобында БИЗ-174, БИЗ-209, БИЗ-210, БИЗ-211, БИЗ-213 қосылыстары эритро-, тромбоцито- және лейкопоэзге бірдей орташа ынталандырушы белсенділікті көрсетті.

Жоғары белсенділігі бар топта БИВ-205, БИВ-207 қосылыстары эритро-, тромбоцито-, лейкоцитопоэзді жоғары ынталандырушы белсенділікті көрсетті.

Барлық тексерілген қосылыстардың өткір уыттылық деңгейі 500 мг/кг және одан жоғары деңгейді көрсетті, бұл олардың уыттылығы төмен қосылыстар екенін көрсетті.

Әдебиеттер

1 Хаитов Р.М. Итоги и перспективы исследований по созданию искусственных вакцин // Иммунология. - 1985; -№5. С. 7–11.

2 Пинегин Б.В., Андропова Т.М. Некоторые теоретические и практические вопросы клинического применения иммуномодулятора ликопада // Иммунология. – 1998. №18. - С.60-63.

3 Петров Р.В., Хаитов Р.М. Искусственные антигены и вакцины // Медицина, -1988. - №2. - С. 288.

4 Хаитов Р.М. // Итоги и перспективы исследований по созданию искусственных вакцин. -Иммунология. -1985; 5: С. 7–11.

5 Petrov R.V., Khaitov R.M., Kabanov V.A. Artificial antigens and vaccines based on non natural polyelectrolytes. Sov. Sci. Rev. J. Physicochem. Biol. -1984; 5: P. 277–322.

6 Petrov R. V., Khaitov R.M., Zhdanov V.M. Influenza virus antigens conjugated with a synthetic polyelectrolyte: a novel model of vaccines. Vaccine. -1985. -№3:- P. 392–400.

7 Хаитов Р.М., Атауллаханов Р.И., Шульженко А.Е. // Иммунотерапия : руководство для врачей. 2-е изд. Москва : ГЭОТАР-Медиа, -2018. –С. 786.

8 Хаитов Р.М. Иммунология. 3-е изд. Москва : ГЭОТАР-Медиа, - 2018, -С.

Г.Д. Даулет¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
daulet.guldana@mail.ru

ВЛИЯНИЕ БИОЛОГИЧЕСКИХ ИММУНОСТИМУЛИРУЮЩИХ ВЕЩЕСТВ НА ПОКАЗАТЕЛИ ПЕРИФЕРИЧЕСКОЙ КРОВИ

Аннотация. По прогнозам ВОЗ в XXI веке на первое место по распространенности выйдут вторичные иммунодефицитные заболевания. По статистике Европейской Академии аллергологии и клинической иммунологии (ЕААСИ) вторичные иммунодефицитные заболевания являются первичной причиной развития онкологических заболеваний и роста смертности среди детского и трудоспособного взрослого населения планеты. Создание современных миелостимулирующих препаратов осуществляется методами генной инженерии, иммунобиотехнологии и синтетического получения соединений. Было изучено миелодепрессивное действие циклофосфида на показатели крови и был проведен первичный фармакологический скрининг новосинтезированных соединений на миелостимулирующую активность. Приведены примеры создания, разработки, производства и внедрения в практику современных иммуностимулирующих лекарственных препаратов. Обсуждаются перспективные стратегии создания и применения иммуностимулирующих лекарственных препаратов, активирующих врожденный и адаптивный иммунитет, в биомедицинской практике.

Ключевые слова: иммуностимулятор, иммуномодулятор, эритропоэз, лимфоцитопения, гранулоцитопения, БИВ (биологический иммуностимулирующий вещество).

G.D. Daulet¹

¹*al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty*
daulet.guldana@mail.ru

EFFECT OF BIOLOGICAL IMMUNE STIMULATING SUBSTANCES ON PERIPHERAL BLOOD

Annotation. According to WHO forecasts, secondary immunodeficiency diseases will take the first place in terms of prevalence in the 21st century. According to the statistics of the European Academy of Allergology and Clinical Immunology (EAACI), secondary immunodeficiency diseases are the primary cause of the development of oncological diseases and an increase in mortality among the child and working-age adult population of the planet. The creation of modern myelostimulating drugs is carried out by the methods of genetic engineering, immunobiotechnology and synthetic production of compounds. The myelosuppressive effect of cyclophosphamide on blood parameters and the primary pharmacological screening of newly synthesized compounds for myelostimulating activity were studied. Examples of the creation, development, production and introduction into practice of modern immunotropic drugs are given. Promising strategies for the development and use of immunotropic drugs that activate innate and adaptive immunity in biomedical practice are discussed.

Key words: immunostimulant, immunomodulator, erythropoiesis, lymphocytopenia, granulocytopenia, BIS (biological immunostimulating substance).

ӘОЖ 612.015.1-3-616

Г.К. Атанбаева¹, А.Б. Рауан¹, А.Қ. Рақымқан¹, Н.О. Еділ¹

¹*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.*
arrirauan2001@gmail.com

ЕГЕУҚҰЙРЫҚТАРДЫҢ ҚАН ҚҰРАМЫНА «БЛОКАТОР КАЛОРИЙ ТРИ ФАЗЫ» БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАСЫНЫҢ ӘСЕРІН АНЫҚТАУ

Аннотация. Қазіргі таңда көптеген адамдардың арасында семіздік ауруы үлкен проблема болып табылады. Сол себепті организмде жинақталған майды ыдырататын биологиялық белсенді қоспалардың тиімділігін анықтау жұмыстың негізгі өзектілігі болып табылады.

Артық салмақ – Қазақстан тұрғындарының шамамен 30% мәселесі. Дене белсенділігі мен диета арқылы семіздіктен құтылу әрдайым мүмкін емес. Егер салауатты және белсенді өмір салтын жүргізудің 3-4 айынан кейін тиісті нәтиже алу мүмкін болмаса, онда сарапшылар дәрі-дәрмектерге жүгінуді ұсынады. Мұндай препараттардың құрамына ағзаның жұмысын реттейтін және артық салмақтан арылтатын белсенді заттар кіреді. Фармацевтикалық компаниялар семіздіктің белгілі бір деңгейінен арылуға көмектесетін көптеген дәрі - дәрмектерді ұсынады. Олардың арасында диуретиктер, аноректиктер, іш жүргізетін, липид ыдыратушы препараттар бар.

Түйін сөздер: Блокатор калорий три фазы, биологиялық белсенді қоспалар, гематологиялық көрсеткіш, эритроцит, лейкоцит, лейкограмма, гемоглобин, семіздік.

Кіріспе. Қазіргі уақытта семіздік денсаулықтың маңызды проблемаларының бірі болып табылады және оның таралу ауқымы эпидемиялық болып табылады. Осылайша, Ресейде халықтың 60% -дан астамы артық салмақпен ауырады, ал шамамен 26% -ы семіздікпен ауырады. Қазақстанда балалардың 22%-ы және ересек халықтың 55%-ы, оның ішінде әйелдердің 58%-ы және ерлердің 53%-ы артық салмақ немесе семіздікке шалдыққан. Жасы ұлғайған сайын артық салмақ пен семіз адамдардың үлесі артады [1,2]. Дәл осы себепті тәбетті реттейтін биологиялық белсенді қоспалар өте танымал болып келеді. Осындай қоспалардың бірі Блокатор калорий три фазы атауға болады. Бұл препарат үш кезеңде әрекет етеді:

1 кезең: көмірсулардың сіңуін тежеу

2-кезең: майдың сіңуін тежеу

3 кезең: тәбетті басу [3,4].

«Блокатор калорий три фазы» құрамында ақ бұршақ сығындысы, хитозан, камбоджа гарциниясы, хром пиколинаты сияқты белсенді заттар, сондай-ақ қосалқы компоненттер: микрокристалды целлюлоза, кальций стеараты, аэрозил бар. Хром пиколинаты-органикалық, ағза үшін ең қол жетімді түрдегі хром көзі. Хром ағзадағы липидтер, көмірсулар және ақуыз


алмасуы процестерінде маңызды биологиялық рөлге ие. Хром дененің гликогенді сақтау қабілетін арттырады, бұл май қорының төмендеуіне әсер етеді, өйткені көмірсулардың көп мөлшері майға емес, гликогенге айналуы мүмкін [4,5]. Ақ бұршақ сығындысы. Қазіргі заманғы зерттеулер ақ бұршақ сығындысының күрделі көмірсулардың қарапайым қанттарға бөлінуіне жауап беретін α -амилаза ферментінің әсерін тежеу қабілетін атап өтті. Бұл өз кезегінде күрделі көмірсулар бар тағамның сіңуінің төмендеуіне, күнделікті диетаның калориясының төмендеуіне және нәтижесінде салмақ жоғалтуға әкеледі [6]. Хитозан табиғи шыққан тиімді сорбент болып табылады. Оның құрамында целлюлозаға жақын сілтілі хитин формасы бар. Сонымен қатар, хитозанның өзінде калория жоқ, өйткені ол ағзаға сіңбейтін өнім болып табылады. Хитозан құрамында май жасушалары мен липидтерді тиімді тартуға, оларды байлап, ағзадан шығаруға қабілетті амин тобы бар [7]. Камбоджа Гарциниясы-XX ғасырдың диетологияда қолданылатын ең маңызды ашылуы. Камбоджиялық гарцинияның негізгі белсенді ингредиенті-гидроксимион қышқылы (GLC), оның әсері тәбетті басу, липидтер алмасуын қалыпқа келтіру және майлардың сіңуін азайту арқылы көрінеді [8,9].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің виварий жағдайында өсірілген 20 ақ егеуқұйрықтар алынды, биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының зертханасында жүргізілді. Салмақтары 220-250 гр., ересек 5-6 айлық, аналық жынысты егеуқұйрықтар алынды. 2 тәжірибелік топқа бөлінді.

Егеуқұйрықтардан қан алмас бұрын эфирмен ұйықтатылды. Барлық эксперименттік жұмыстар таңертеңгілік уақытта жүргізілді, тәжірибе алдында егеуқұйрықтар қоректендірілмеді. Егеуқұйрықтардың қанының гематологиялық көрсеткіштерін алу стандартты зертханалық әдістеме бойынша жүргізілді. Қанның гематологиялық көрсеткіштерін анықтау үшін PCE 90Vet автоматтық ветеринарлық гематологиялық анализаторы қолданылды (өндіруші ERMA, Жапония) [10].

Алынған мәліметтерге математикалық талдау жасау Microsoft Exsell бағдарламасының көмегімен жасалынды.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижесінде егеуқұйрықтардың физиологиялық көрсеткіші қалыпты күйде болды, тері жабындылары тегіс, бірақ әлсіздік байқалды. Бұл жұмыста "Блокатор калорий три фазы" ББҚ-ның жануарлар қанының гематологиялық көрсеткіштеріне әсері зерттелді.



Сурет 1. Егеуқұйрықтардың қалыпты жағдайдағы және «Блокатор калорий 3 фазы» ББҚ-ның әсерінен кейінгі лейкоциттің жалпы санының көрінісі


«Блокатор калорий три фазы» биологиялық белсенді қоспасын қабылдаған егеуқұйрықтардың қанында лейкоциттердің орташа мөлшері 7375 кл/мл³ болатындығы анықталды (сурет 1). Ал қалыпты жағдайда егеуқұйрықтар қанының бұл көрсеткіші орта есеппен алғанда 9556 кл/мл³ көрсетті.

Кесте 1. «Блокатор калорий три фазы» биологиялық белсенді қоспасының егеуқұйрықтар қанының лейкоформуласы көрсеткіштеріне әсері


Улау түрлері	Лейкоциттер	Миелоциттер	Мегамиелоциттер	Нейтрофилдер		Эозинофилдер	Базофилдер	Лимфоциттер	Моноциттер
				таяқша ядролы	сегмент ядролы				
	М ± m	М ± m	М ± m	М ± m	М ± m	М ± m	М ± m	М ± m	М ± m
Блокатор калорий три фазы	7375±65,4*	0 0	0 0	533,4±6,2 7,3±0,3*	4495,8±38,2 59,3±1,5	609,6±9,2 8,2±0,3	457,2±6,8 6,1±0,2	990,6±9,6 13,0±0,7	381±1,4 5±0,2
Қалыпты	9556±12,2*	0 0	0 0	477,5±2,7 5,2±0,3	5693,0±71,2 62,0±0,1	76,5±5,2 4,1±0,03	165,3±6,3 1,8±0,1	2020,4±6,0 22,0±1,9*	560,1±4,2 6,1±0,5*

Ескерту - бөлімі – 1 мкл қандағы клеткалардың жалпы саны; алымы – клеткалардың салыстырмалы %-дық құрамы, алынған нәтижелердің статистикалық сенімділігі бақылаумен салыстырғанда *p < 0,05.

«Блокатор калорий три фазы» биологиялық белсенді қоспасының әсерінен жануарлар лейкограммасы көрсеткіштерінде үлкен өзгерістер болғанын байқауға болады, соның ішінде лимфоциттер мен моноциттер көрсеткіштерінің, эозинофилдер мен базофильдер мөлшерінің бақылау тобымен салыстырғанда үлкен мөлшерде азаюы (кесте 1).



Сурет 2. Егеуқұйрықтардың қандағы қалыпты және «Блокатор калорий три фазы» ББҚ-нан кейінгі эритроциттердің көрсеткіштері.



Сурет 3. Егеуқұйрықтардың қалыпты жағдайда және «Блокатор калорий три фазы» ББҚ-ның әсерінен кейінгі қандағы гемоглобин көрсеткіші.

Эритроцит мөлшері қалыпты жағдаймен ($8,703 \times 10^{12}$ Кл/л) салыстырғанда «Блокатор калорий три фазы» ББҚ-н қабылдаған жануарлар қанында ($6,475 \times 10^{12}$ Кл/л) біршама төмендегені байқалды (сурет 2). Сонымен қатар, гемоглобин көрсеткіші де қалыпты жағдаймен салыстырғанда айтарлықтай төмен деңгейді көрсетті (сурет 3). Қалыпты жағдайдағы егеуқұйрықтарда гемоглобин орта мөлшері 122,7 г/л болса, «Блокатор калорий три фазы» ББҚ-ның дозасын алған жануарларда 104,6 г/л құрап отыр.

Талқылау. Бұл зерттеуде «Блокатор калорий три фазы» қоспасын қолдану 4 апта бойы жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша биологиялық белсенді қоспасының әсерінен егеуқұйрықтардың салмақ тастауына алып келді. Бастапқы салмақтары - 220-250гр.-ды құраса, зерттеу нәтижесі бойынша егеуқұйрықтардың 190-200гр. салмаққа дейін арықтағаны көрінді. Сондай-ақ «Блокатор калорий три фазы» биологиялық белсенді қоспасы берілген егеуқұйрықтардың қанында эритроцит пен гемоглобин деңгейлерінің төмендеуінен, темір мөлшерінің төмендеуі білінеді. Бұл жануарлардың анемиямен ауруы мүмкіндігін көрсетіп отыр. «Блокатор калорий три фазы» биологиялық белсенді қоспасымен пероральды коректендірілген егеуқұйрықтардың сыртқы көрінісінде жағымсыз өзгерістер болмады, бірақ жануарлардың әлсіздігі және ұйқышылдығықатты байқалды. Яғни, «Блокатор калорий три фазы» биологиялық белсенді қоспасы егеуқұйрықтардың эритроцит және гемоглобин көрсеткіштерінің өзгеруіне жағымсыз әсер етті, бұл жануарлардың әлсіздігіне, энергия жетіспеушілігіне алып келді. Ал, лейкоцитарлық формула бойынша лейкоциттердің нормадан сәл төмендегіні байқалды.

Қорытынды. «Блокатор калорий три фазы» биологиялық белсенді қоспасы ағзаның салмақ түсіруімен қатар, иммундық жүйесінің жұмысын әлсіретіп отырады. Бұл лейкограмма көрсеткіштеріндегі өзгерістерден байқалды. Ағзада түрлі инфекциялық немесе қабыну процестерінің болғандығы жануарлардың енжар қозғалыстарынан білінді. Сонымен қатар эритроцит пен гемоглобин мөлшерінің төмендеуінен жануарлардың ауырғандығы, яғни анемияға алып келгендігін атап көрсетуге болады. Егеуқұйрықтардың әлсіздігі, ұйқышылдық сезімдері, энергия жетіспеушілігі де ағзаның темір мен витаминдер жетіспеушілігінің көрінісі болуы мүмкін.

Әдебиеттер

- 1 Шварц Г. Я. Биологически активные добавки — Москва: Большая российская энциклопедия, 2005. — 498-499 б.
- 2 Must A., Spadano J., Coakley E.H., Field A.E., Colditz G., Dietz W.H. The disease burden associated with overweight and obesity//JAMA.-1999. 282(16): 6.1523-1529. doi: 10.1001/jama.282.16.1523
- 3 Гайворонская Ю.В. , Лузин В.И. , Морозов В.Н., Морозова Е.Н. Динамика показателей углеводного обмена у белых крыс различного возраста при внутрижелудочном введении экстракта гарцинии камбоджийской на фоне избыточного употребления пальмового масла//Курский научно практический вестник «Человек и его здоровье».-2018.-№2 DOI: 10.21626/vestnik/2018 г.
- 4 Cefalu W.T., Hu F.B. Role of chromium in human health and in diabetes// Diabetes Care.- 2004.-№27.-6.2741–2751.
- 5 Stepniowska A., Drazbo A., Kozłowski K., Ognik K., Jankowski J. The Effect of Chromium Nanoparticles and Chromium Picolinate in the Diet of Chickens on Levels of Selected Hormones and Tissue Antioxidant Status.// Animals.-2020.-№10.-6.45.
- 6 Neil E.S., McGinley J.N., Fitzgerald V.K., Lauck C.A., Tabke J.A., Streeter-McDonald M.R., Yao L., Broeckling C.D., Weir T.L., Foster M.T., et al. White Kidney Bean (Phaseolus Vulgaris L.) Consumption Reduces Fat Accumulation in a Polygenic Mouse Model of Obesity//Nutrients.-2019.-№11.-6.2780
- 7 Young J.T. , Sang Y.L. Anti-Obesity Drugs: Long-Term Efficacy and Safety: An Updated Review//World J Mens Health.-2021.-№2.-6.208-221
- 8 Ilo SU, Akuru EA, Egbo JC, Oyeagu CE, Edeh HO (2021) Dietary effects of Garcinia kola seed meal on growth performance, hematology, and serum biochemical parameters of weaned rabbits//Veterinary World.-№14(2).-6.499-507.
- 9 Patricia F., Fernanda S.A., Valdeni T.Z., Isabel C.M., Juliano G., Magali T.G., Renata R., Simone M.B. The effect of Garcinia Cambogia as coadjuvant in the weight loss process//Nutr Hosp.-2015.-№32(6).-6.2400-2408
- 10 Алексеев В.В. Медицинские лабораторные технологии. Руководство по клинической лабораторной диагностике -Москва: ГЭОТАР-МЕД.-2012.-266.

Атанбаева Г.К¹, Рауан А.Б¹, Рақымқан А.Қ¹, Еділ Н.О.¹
¹Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы
arrirauan2001@gmail.com

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ВЛИЯНИЯ БИОЛОГИЧЕСКИ АКТИВНОЙ ДОБАВКИ «БЛОКАТОР КАЛОРИЙ ТРИ ФАЗЫ» НА СОСТАВ КРОВИ КРЫС

Аннотация. В настоящее время ожирение является большой проблемой среди многих людей. Поэтому определение эффективности биологически активных добавок, расщепляющих накопленный в организме жир, является основной актуальностью работы.

Избыточный вес-проблема около 30% населения Казахстана. Не всегда удается избавиться от ожирения с помощью физической активности и диеты. Если спустя 3-4 месяца ведения здорового и активного образа жизни получить должный результат не представляется возможным, то специалисты рекомендуют прибегнуть к медикаментозным средствам. В состав таких препаратов входят активные вещества, регулирующие работу организма и избавляющие от лишнего веса. Фармацевтические компании предлагают множество лекарств, которые помогают избавиться от определенного уровня ожирения. Среди них диуретики, аноректики, слабительные, липидоразлагающие препараты.

Ключевые слова: блокатор, биологически активные добавки, гематологический показатель, эритроцит, лейкоцит, лейкограмма, гемоглобин, ожирение.

Atanbayeva G.K¹, Rauan A.B¹, Rakymkan A.K¹, Edil N.O¹
¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty
arrirauan2001@gmail.com

DETERMINATION OF THE EFFECT OF THE DIETARY SUPPLEMENT "THREE-PHASE CALORIE BLOCKER " ON THE BLOOD COMPOSITION OF RATS

Annotation. Currently, obesity is a big problem among many people. Therefore, determining the effectiveness of biologically active additives that break down fat accumulated in the body is the main relevance of the work.

Overweight is a problem for about 30% of the population of Kazakhstan. It is not always possible to get rid of obesity through physical activity and diet. If after 3-4 months of maintaining a healthy and active lifestyle it is not possible to get the proper result, then experts recommend resorting to medications. The composition of such drugs includes active substances that regulate the work of the body and get rid of excess weight. Pharmaceutical companies offer a variety of medications that help to get rid of a certain level of obesity. Among them are diuretics, anorexics, laxatives, lipid-decomposing drugs.

Keywords: blocker, biologically active additives, hematological index, erythrocyte, leukocyte, leukogram, hemoglobin, obesity.

ӘОЖ 574/57.021

Г.Т. Жаманбаева¹, М.К. Мурзахметова¹
¹ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ. Қазақстан
gulzhan.kaznu.kz@gmail.com

АДАМ ОРГАНИЗМІНЕ УЛЫ ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Аннотация. Мақалада улы қосылыстар жайлы әдебиеттерде келтірілген мәліметтерге шолу жасалды. Мұнда адамзат тіршілігінің әртүрлі саласында кеңінен қолданылатын заттардың құрамында болатын зиянды заттардың табиғаты, қызметі және адам организмне әсер ету механизмдері жайлы мәліметтер қарастырылды.

Түйін сөздер: токсиканттар, макромолекулалар, биологиялық мембраналар, ферменттер, молекулалық деңгей

Жасөспірімдік жастағы стресс орта және әсіресе жоғары мектеп оқушыларының психикалық шиеленіс тудыратын себептердің арасында бірінші орындардың бірін алады. Көбінесе психогенияның табиғатын анықтау және невроздарды жіктеу кезінде клиникалық психиатрияда ескерілетін травматикалық факторға айналады. Соңғы жылдары стресс студенттердің жүйке, жүрек-қантамыр және иммундық жүйелеріне теріс әсер ететіндігіне және тіпті онкологиялық аурулардың пайда болу ықтималдығын арттыра отырып, генетикалық аппараттың бұзылуын туындататынына сенімді дәлелдер алынды.

Психологиялық стрестің даму механизмін ғылыми жобаны қорғауға дайындалып жатқан оқушыны мысалында көрсетуге болады. Стресс белгілерінің ауырлығы бірқатар факторларға байланысты болады: оның күтуіне, уәждемеге, көзқарасқа, өткен тәжірибеге және т.б. Оқиғалар дамуының күтілетін болжамы қолда бар ақпарат пен қондырғыларға сәйкес өзгертіледі, одан кейін жағдайдың қорытынды бағасы жүреді. Егер сана (немесе бейсана) жағдайды қауіпті деп бағаласа, онда стресс дамиды. Бұл үдеріске қатар оқиғаны эмоциялық бағалау жүреді. Эмоционалдық реакцияның бастапқы іске қосылуы бейсаналық деңгейде дамиды, содан кейін оған рационалды талдау негізінде жасалған эмоциялық реакция қосылады [10].

Емтиханға дайындық кезеңінің жағымсыз факторларына қарқынды ақыл - ой қызметін, жоғары статикалық жүктемені, қозғалыс белсенділігінің шектен тыс шектеуін, ұйқының режимін бұзуды, студенттердің әлеуметтік мәртебесінің өзгеруімен байланысты эмоционалдық күйзелістерді жатқызуға болады-осының барлығы ағзаның қалыпты тіршілік әрекетінің реттелуін жүзеге асыратын вегетативті жүйке жүйесінің асуына алып келеді. Көптеген зерттеулер жүрек жиырылу жиілігі айтарлықтай жоғарылайды, артериялық қысым, бұлшық ет және психо-эмоциялық кернеу деңгейі өседі [7].

Авторлардың зерттеулері дәлелдемелердің ортақтығына қарамастан, сабақ кезінде бірдей жағдай жасау, жеке физиологиялық реакциялар эмоциялық шиеленіскен жағдайға ден қоюдың үш түрі байқалатынын көрсетті. 1 тип - бұл вегетативтік жүйеде өзгерістер жиынтығы бар оқушылардың ең үлкен тобы 48% - ға жуық; АҚ жоғарылауы және ТЖС жиілеуі; 2 тип - 28% - ға жуық, вегетативтік көрсеткіштерде елеулі өзгерістер жоқ; 3 тип-25% - ға жуық, бұл топ әр түрлі өзгерістердің бағытталуымен сипатталады (тахикардия аясында-АҚ төмендеуі) [8].

Вегетативті нерв жүйесінің реакцияларындағы айырмашылықтар темперамент типінің ерекшеліктері, интеллектуалды жетілу, симпато-адренал жүйесінің дамуы, мотивация дәрежесі, эмоциялық фон және т.б. сияқты генетикалық бейімділікпен, сондай-ақ жеке қасиеттермен байланысты болуы мүмкін.

Бірқатар авторлар емтихан жағдайындағы энергия алмасудың жеке ерекшеліктері мен спектрлік ЭЭГ индикаторлары арасында студенттердің невротикалық және жағымсыз мазасыздық дәрежесінде көрінетін олардың жағдайын субъективті бағалауымен байланысты орнатты. Сонымен, кернеу алдында емделуге дейінгі стресс жағдайында жоғары нейротикалық және жағымсыз мазасыздық, энергия алмасуының жоғарылауы, демек, энергияны тұтыну, сондай-ақ респираторлы O_2 мен дем шығарылған CO_2 жоғарылауы байқалды [9].

Зерттеу жұмысына әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің "7М015014-Биология" мамандығының жалпы саны 44 студентті құрайтын 1 курс магистранттары мен "Сұраншы батыр ауылындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі 9,10,11 сынып оқушылары алынды. Зерттеу барысында орта мектеп оқушылары мен ЖОО магистранттарының психологиялық сауалнама көрсеткіштері талданды.

Зерттеу жұмысында мектептің 9 сынып оқушыларының 12 қыз және 9 ұл баладан, 10 сыныптың 4 қыз және 3 ұл баладан, 11 сынып оқушыларының 5 қыз және 5 ұл баладан, сонымен қатар ЖОО магистранттарының 40 қыз бала мен 4 ұл баладан сауалнама алынды. Оқушылардың барлығы өз жас ерекшеліктеріне сай болды. Магистранттардың жас ерекшеліктерінде мынандай айырмашылықтар болды: 36-43 жас аралығындағы студенттер 6,8%, 29-31 жас аралығындағы студенттер 4,5 %, 25-27 жас аралығындағы студенттер 6,8 %, 22-24 жас аралығындағы студенттер 81,9 % құрады.

Зерттеу жұмысы барысында ағзаның жағдайын бағалаудың физиологиялық әдістері мен психологиялық әдістері қолданылады. Реактивті (ситуативті) және жеке қобалжу шкаласы Ч. Д. Спилбергер - Ю. Л. Ханина бойыншы әдістеме жүргізіледі. Әдістеменің нәтижелері тұлғаның психодинамикалық ерекшеліктеріне ғана емес, сонымен қатар реактивті және тұлғаның белсенділігі, оның темпераменті мен сипаты параметрлерінің өзара байланысының жалпы мәселесіне де қатысты. Бұл әдіс адамның психодиагностикалық тұрғысынан құндылығын мүлдем азайтпайды.

Жұмысты қорытындылай келе, оқу барысында білім алушылардың психологиялық және физиологиялық өзгерістері байқалды. Оқу үлгерімін анықтау кезінде білім алушылар стресске жиі түседі, осы кезде олардың психофизиологиялық көрсеткіштерінің өзгеруі анықталды.

Әдебиет

- 1 Беркешева А.С. О качестве образования в современных условиях. //Вестник Актыобинского университета им. С.Баишева - Актыобинск, 2010. № 2. – С. 5-10.
- 2 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. //Әдістемелік нұсқау хат. – Астана, -2016. -24 б.
- 3 Орта білім беру мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту. //Әдістемелік құрал. – Астана, 2014. -55 б.
- 4 Бодров В.А. Психологический стресс: развитие и преодоление: /ПЕР СЭ; -М., 2006. -56 с.
- 5 Сафонов В.К. Психическая напряженность и ее влияние на деятельность. //Изд-во - Санкт-Петербург 2008. -55 с.
- 6 Смирнов, С. Д. Педагогика и психология высшего образования // С. Д. Смирнов. - М., 2005. -400 с.
- 7 Занковский А.Н. Организационная психология: //Учебное пособие для вузов по специальности «Организационная психология». 2-е изд. – М., 2002. – 648 с.
- 8 Надежкина Е. Ю., Мужиченко М. В., Филимонова О. С. Уровень тревожности и адаптационные возможности сердечно-сосудистой системы студентов в период экзаменационного стресса // «Современные концепции научных исследований»: журнал «Евразийский союз ученых (ЕСУ)» по итогам XII Международной научно-практической конференции, - М., 2015. -Т. 7, № 3 (12),— С. 44—46.
- 9 Умрюхин Е.А., Джебраилова Т.Д., Коробейникова И. И., Климина Н.В., Новикова Л.П. Энергообмен и спектральные характеристики ЭЭГ у студентов с различной степенью нейротизма и тревожности в ситуации экзаменационного стресса//Физиология человека. - М., 2002. –Т.28.-№2.-с.49-54.
- 10 Щербатых Ю.В. Влияние личностных особенностей на величину артериального давления у студентов в норме и в условиях эмоционального стресса// Артериальная гипертензия, - М., 2000, № 2, -С. 74-76.

Ж.А. Айтқалиева¹, М.К. Мурзахметова¹, А.К. Кайынбаева², Г.А. Абдуразакова¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

² Коммунальное государственное учреждение "Средняя школа села Сураншы батыр", Алматы, Казахстан
e-mail: a.zhan.a@bk.ru

ИЗУЧЕНИЕ ПСИХО- ФИЗИОЛОГИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ МАГИСТРАНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация: В статье рассказывается о том, как меняется психологическое состояние школьников и студентов университета в процессе обучения и их физиологическое состояние в зависимости от возраста и

пола. В результате исследования установлено, что в процессе обучения школьников и студентов в период сдачи экзаменов происходят изменения в психологическом и физиологическом состоянии.

Ключевые слова: Вегетативная нервная система, стресс, эмоция, психология, невроз, эмоциональная реакция, физиологические особенности.

Zh.A. Aitkaliyeva¹, M. K. Murzakhmetova¹, A.K. Kayynbayeva², G.A. Abdurazzakova¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Municipal state institution "Secondary school of Suranshy batyr village", Almaty, Kazakhstan

e-mail: a.zhan.a@bk.ru

STUDY OF PSYCHO-PHYSIOLOGICAL INDICATORS OF MASTERS AND PUPILS

Annotation. The article describes how the psychological state of schoolchildren and university students changes in the learning process and their physiological state depending on age and gender. As a result of the study, it was found that in the process of teaching schoolchildren and students during the exams, changes occur in the psychological and physiological state.

Key words: autonomic nervous system, stress, emotion, psychology, neurosis, emotional reaction, physiological features.

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ У СТУДЕНТОВ БИОЛОГИЧЕСКОЙ СПЕЦИАЛЬНОСТИ

Алакишынова А.М.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан.

aikojan.7@mail.ru

В процессе становления современного образовательного пространства задача формирования и развития профессиональной компетенции студентов профиля «биологии» представляет несомненный интерес, как для педагогической науки, так и для практики.

Профессиональное становление студентов биологической специальности предполагает формирование его профессиональных и личностных качеств, с помощью профессиональной подготовки.

Объективные требования к качеству педагогической подготовки, нерешенность обозначенной проблемы, недостаточная разработанность проблемы, а также необходимость целенаправленного совершенствования профессиональной компетенции студентов биологических специальностей, ее большая практическая значимость определили выбор темы диссертационного исследования «Исследование профессиональных компетенций у студентов биологической специальности».

В связи с этим, целью данной диссертационной работы является теоретическое обоснование и исследование профессиональных компетенций у студентов биологической специальности.

Задачи исследования:

1. определить уровень сформированности профессиональной компетенции в научно-исследовательской деятельности у студентов биологической специальности;
2. методы исследования педагогической компетенции ;

Методы исследования: Анкета «Определение уровня сформированности профессиональных компетенции педагога»;

Целью проведения данной методики является выявление уровня сформированности базовых компетентностей педагогов, позволяющих эффективно осуществлять педагогическую деятельность.

Вопросы анкеты отражают шесть направлений базовых компетентностей педагога это личностные качества, постановка целей и задач педагогической деятельности, умение мотивировать учебную деятельность, информационную компетентность, разработка программ педагогической деятельности и принятие педагогических решений и компетенции в

организации учебной деятельности. И по результатам наших исследований большинство студентов 4 курса готовы к педагогической деятельности.

ӘОЖ 612.06

Д.М. Амангелді¹, О.К. Дарменов¹

¹ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: dakowww@gmail.com

IT ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

***Аннотация.** «IT технологияның студенттердің денсаулығына әсері» туралы зерттеу жұмысы жасалды. Бұл зерттеудің мақсаты электронды құрылғылардың қаншалықты көздің көру өткірліне және психологиялық жағдайына әсерін анықтау болды. Зерттеу мақсатына жету үшін 25 сұрақтан тұратын 80 адамнан анонимді сауалнама жүргізілді. Олардың смартфондардың пайдаланудың жынысына, жасына, тұрғын қалаушылығына, ұзақтығына және мобильді құрылғымен жұмыс істеу кезінде еңбек және демалыс режимін сақтауға тәуелділігін анықталды. Қорыта айтқанда 5 жылдың ішінде смартфонның әсерінен барлық респонденттердің ішінде 55 % көз өткірлігі төмендеді, оның ішінде студенттердің көздің көру өткірлігі 33.75 %, ал оқушылардың 21.25 % төмендеді. Көрсетілген кемшіліктерді жақсарту үшін смартфондарды қолдануда шектеулер қойып және арнайы алдын ала шараларды жасау қажет.*

***Түйін сөздер:** көру өткірлігі, миопия, смартфон, LED экран, профилактика, көз гимнастикасы.*

XXI ғасыр ақпаратты-технологияның қарқынды дамып жатқан кезеңі және адамдар заман талабына сай болу үшін жаңа технологияларды күнделікті өмірге интеграциялауға тырысады. Заманауи технологияларға компьютер, смартфон және басқа LED экраны бар құрылғыларды жатқызуға болады. Алайда, бұл техниканы шамадан тыс қолдануының салдары денсаулыққа кері әсерін тигізеді, әсіресе, көз көру аппаратына зардабы өте үлкен болады. Ал гаджеттердің басты тұтынушылары оқушылар мен студенттер болып келеді, себебі үлкен көлемді ақпаратты смартфонмен өңдеуге тура келеді, бірақ мобильді құрылғыны сабақ уақытында қолданып ғана шектелмейді. Студенттер мен оқушылардың көру қабілетіне электр құрылғының әсері қаншалықты үлкен екенін білу - бұл осы зерттеудің мақсаты.

Бүкіл әлемде шамамен 2.2 миллиард адам жақын немесе алыс көру қабілетінің бұзылуынан зардап шегеді. Олардың кем дегенде 1 миллиардында, яғни жартысына жуығы көру қабілетінің бұзылуын болдырмауға немесе түзетуге болады [1]. Көздің көру өткірлігінің төмендеуінің себебінің бірі ол смартфонды қалыпты уақыттан артық қолдану. Ең басты смартфоннан көзге әсер ету факторы ол одан бөлінетін көк жарық.

Сонымен көзге жарық көзге қалай түседі? Адамның көзі 300-ден 400 нм-ге дейін болатын толқын ұзындығын қасаң қабықтан өтіп қарашық немесе алдыңғы камера арқылы жарықты сіңіреді. Егер бұл көрсеткіштен сәл көтерілсе, онда адамға қысқа толқынды көк жарық қауіпті және көзге зиян келтіреді, ал бұл жарықтың толқын ұзындығы 415-тен 455 нм-ді құрайды. Кристалдардың көзге тікелей енуі оның торлы қабығына қайтымсыз фотохимиялық зақым келтіреді [2]. Кейінгі кезде көк жарықтың кері әсерін, салдарын екінші бірінде байқалған. Көк жарықтың қысқа толқын ұзындығына байланысты фокус торлы қабықтың ортасында емес, керісінше алдыңғы жағында орналасады, сондықтан көк жарық көзге ұзақ уақыт әсер етсе көздің көру өткірлігіне зақым келтіреді [3].

Осылайша, белгілі бір дәрежеде көк жарық адам көзінің рефракциясының дамуына ықпал етіп, қысқа толқынды жарық адам көзіне тигізетін зиянды әсерін елемеге болмайды, көк жарық сонымен қатар көздің қабығына, линзаға және көз торына әртүрлі дәрежеде зақым келтіруі мүмкін. Сондықтан, әсіресе түнде көк жарықпен байланысты өнімдерді пайдалану кезінде тиісті қорғаныс шараларын қолдану қажет. Түнде көк жарықпен қаныққан өнімді қолданған кезде, одан қорғайтын көзілдірік немесе әрбір смартфонда арнайы түнде көк жарықтың зақымын төмендету үшін арнайы режимдері болады, сонда құрылғының дисплейі сарғыш түс береді. Көк жарықтың зақымдану механизміне сәйкес біз көздің құрылымын қорғау үшін антиоксидантты негіз сіңіргіштерін, фермент белсенділігін және оптикалық

нейропротекторларды қолдана аламыз, бірақ нақты препараттар мен әсерлер әлі де зерттеуді қажет етеді [4].

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу барысында 25 сұрақтан тұратын 80 адамнан анонимді сауалнама жүргізілді. Олардың смартфондардың пайдаланудың жынысына, жасына, тұқым қуалаушылығына, ұзақтығына және мобильді құрылғымен жұмыс істеу кезінде еңбек және демалыс режимін сақтауға тәуелділігін анықтау үшін алғашқы алты сұрақ қойылды.

Кесте 1. Сауалнамадан алынған 6 басты сұрақ-жауаптары

№	Сұрақтар	Иә	Жоқ
1	Сізде көздің көру функциясының ауытқуы бар ма?	57 %	43 %
2	Сіздің туыстарыңызда көздің көру функциясында ауытқу бар ма?	51 %	49 %
3	Көру мүшелердің зақымдануына байланысты жүйелі аурулар бар ма? (диабет)	4 %	96 %
4	Сіздің дене салмағыңыз индексі 30,0-ден аса ма?	16 %	84 %
5	Смартфонды қолданып жатқанда жүйелі түрде үзіліс жасайсыз ба?	25 %	75 %
6	Көзге арнайы жаттығуды жасайсыз ба?	30 %	70 %

Көру қабілетінің бұзылуының тұқым қуалайтын сипаты анықталды, 51.2 % туыстарында көздің аурулары байқалмады және адам ағзасында болып жатқан басқа ақаулар көру өткірлігінің төмендеуінен әсер етпейтіндігі анықталды (кесте 1). Сонда респонденттердің 6.3 % көздің көру функциясының зақымдануы туа біткен болса, 52.5 % жүре пайда болды, яғни белгілі сыртқы факторлардың әсерінен көру функциялары зақымдалды.

Сонымен бірге сауалнаманың жауаптары бойынша респонденттердің көпшілігі 48.8 % смартфонды 3-6 сағат қолданса, тек 12.5 % 2 сағаттан мобильді құрылғымен жұмыс істейді және 33.8 % студенттер 2021 жылы көру өткірлігінің төмендеуі анықталды.



Сурет 2. Смартфонды шамадан тыс қолданудың салдары, студенттердің психологикалық жағдайы

Сонымен қатар көздің зақымдалуымен бірге студенттердің 60 % ұйқысы бұзылып, 41.3 % зейінділігі төмендеп, ұмытшақтық 41.3 % адамдарда кездесті, ал 7.5 % оқу үлгерімі төмендеген (сурет 2). Студенттерден көздің көру өткірлігінің алдын алу шараларын сұрағанда: 52.2 % смартфонды жарығы нашар жерде қолданбауға тырысады, 27.5 % арнайы көз гимнастикасын жасайды, 48.8 % арнайы витаминдерді қабылдайды және 51 % смартфонды қолдану уақытын азайтуға тырысады.

Қорытандылай келе смартфонның әсерінен респонденттерінің көру функциялары зақымдалып, оқушылар эмоционалды тұрақты бола алмайды, яғни ұйқы сапасы бұзылады, әр

затқа тітіргендіргіштігі жоғары болды және көпшілік оқушылар физиотерапия мен операциялар жасалған. Сонымен бірге оқушылар мен студенттердің ішінде қалада тұратын адамдар көздің көру өткірлігі нашар болады, себебі олар күнделікті өмірде смартфоннан басқа технологиялармен қолданады және қала жақта экологиялық факторларда әсер етеді. Сонымен қатар, көк жарықтан әсірінен туындаған көздің зақымдануды антиоксидантты экстракт көмегімен оттектің бос радикалдарын саның жою арқылы азаяды. Нәтижесінде, антиоксиданттарды көк жарықтан туындаған құрғақ көзді емдеуге арналған дәрі ретінде қолданыла алады. Қорыта айтқанда 5 жылдың ішінде смартфонның әсерінен барлық респондердің ішінде 55 % көз өткірлігі төмендеді, оның ішінде студенттердің көздің көру өткірлігі 33.75 %, ал оқушылардың 21.25 % төмендеді. Көрсетілген кемшіліктерді жақсарту үшін смартфондарды қолдануда шектеулер қойып және арнайы алдын ала шараларды жасау қажет.

Әдебиеттер

1 Vision Loss Expert Group of the Global Burden of Disease Study. Causes of blindness and vision impairment in 2020 and trends over 30 years: evaluating the prevalence of avoidable blindness in relation to “VISION 2020: the Right to Sight”. Lancet Global Health 2020. doi.org/10.1016/S2214-109X(20)30489-7

2 Bi WM, Sun K. Light-induced retinal damage and potential benefits and side effects of blue light-filtering intraocular lens. // Recent Advances in Ophthalmology. - 2014. -P.289–293.

3 Zhao HL, Jiang J, Yu J, Xu HM. Role of short-wavelength filtering lenses in delaying myopia progression and amelioration of asthenopia in juveniles. // Int J Ophthalmol. -2017. -P.1261–1267.

4 Makdoui K, Goodrich R, Bäckman A. Photochemical eradication of methicillin-resistant Staphylococcus aureus by blue light activation of riboflavin. // Acta Ophthalmol. – 2017. Vol. 95, №5. -P. 498–502.

Д.М. Амангелді¹, О.К. Дарменов¹

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
e-mail: dakowww@gmail.com*

ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ИТ-ТЕХНОЛОГИЙ НА ЗДОРОВЬЕ СТУДЕНТОВ

Аннотация. Была проведена исследовательская работа о «влияние ИТ-технологий на здоровье студентов». Целью данного исследования было определить влияние электронных устройств на остроту зрения и психоэмоциональное состояние студентов. Для достижения цели исследования было проведено анонимное анкетирование, состоящее из 25 вопросов, 80 человек принимали участие. Выявлена их зависимость от пола, возраста, наследственности, продолжительности использования смартфонов и соблюдения режима труда и отдыха при работе с мобильным устройством. В итоге за 5 лет под влиянием смартфона у всех респондентов снизилась острота зрения 55%, в том числе у студентов острота зрения снизилась на 33.75 %, а у школьников на 21.25%. Для улучшения указанных недостатков необходимо установить ограничения в использовании смартфонов и разработать специальные предварительные меры.

Ключевые слова: острота зрения, близорукость, смартфон, LED экран, профилактика, гимнастика для глаз.

D.M. Amangeldi¹, O.K. Darmenov¹

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: dakowww@gmail.com*

STUDY THE IMPACT OF IT-TECHNOLOGIES ON STUDENT'S HEALTH

Annotation. The research work was done on theme "the impact of IT technologies on the student's health ". The purpose of this study was to determine the effect of electronic devices on visual acuity and the psycho-emotional state of students. For achieve the purpose of the study, an anonymous questionnaire consisting of 25 questions was conducted, 80 people participated. Their dependence on gender, age, heredity, duration of smartphone uses and compliance with the work and rest regime when working with a mobile device was revealed. As a result, over 5 years, under the influence of a smartphone, all respondents' visual acuity decreased by 55%, including students' visual acuity decreased by 33.75%, and schoolchildren-by 21.25%. To improve these shortcomings, it is necessary to establish restrictions on the use of smartphones and develop special preliminary measures.

Key words: visual acuity, myopia, smartphone, LED screen, prevention, gymnastics for the eyes.

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Аннотация. Мақалада биология сабағы бойынша оқытуда белсенді әдістерді қолдану арқылы оқушыларға құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған әдістерді қолдану жайлы баяндалады. Биология сабағында оқушылардың қызығушылықтарын арттыра отырып, сабақты табиғатпен байланыстыра отырып, құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған әдістерді қарастырады.

Түйін сөздер: құзыреттілік, өзіндік жұмыс, таным жорық, сабақтан тыс жұмыстар, экологиялық құзыреттілік.

Оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін, білім беру үрдісіндегі өзіндік даму дағдыларын қалыптастыруда ойлаудың маңызы өте зор. Оқушыны өзіндік даму дағдыларына бейімдеудің педагогикалық тұжырымдамасының басты мақсаты баланың өзіндік еркін дамуында педагогтің кәсіби көмек көрсетуі болып табылады. Яғни, мұғалімнің басты мақсаты оқушының белсенді, толыққанды және шығармашылықпен өзіндік әрекетіне жол ашу, өзін дамыту, өзін көкейкестілендіру, өзін бағалауын жеткілікті қамтамасыз ететін қажетті жағдайларды жасау және оны сақтау, яғни өзіндік дамуына жол ашу. Мұғалім мен оқушының арақатынасын объектілік-субъектілік қатынастан диалогтік, субъектілік-объектілік қатынасқа айналдыру өзіндік әрекет арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Оқушылардың іс-әрекеттің сипаты тұрғысынан өзіндік жұмыс мақсатына, орындалуына байланысты; репродуктивті (қайталаушы), реконструктивті-вариативті, жартылай ізденісті және зерттеушілік (шығармашылық) болып бөлінеді.

Өзіндік жұмыс-бұл оқу үрдісінің демеуші күші, оқытудың тиімді әдісі, белсенділіктің маңызды көрсеткіші. Өз бетінше жұмысты дидактикалық мақсатына қарай сабақтың әр түрлі кезеңінде қолдануға болады:

1. Жаңа білімді меңгеру (материалды жан – жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жоспарын, конспектісін жасау, т.б. тәсілдерге үйрену).

2. Жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар, есеп шығару, т.б.).

3. Білім мен дағдыларды қайталау (бақылау және тексеру) түрлері: жазбаша, графикалық, практикалық т.б. жұмыстар.

4. Жаңа материалды игеруге дайындық; Бұдан шығатын қорытынды өзіндік жұмыстарды мұғалім өз шеберлігіне, сабақтың мақсатына сай сабақтың әр түрлі кезеңдерінде, орынды, тиімді пайдалануына болады.

Оқушылардың өзіндік жұмыс жасаудағы қабілеттерін қалыптастыру міндетін орындауда А.К. Маркова [1] Ұсынған оқу жұмысының тәсілдері үлкен қызығушылық тудыруы мүмкін:

- «мәтінді мағыналық қайта өңдеу тәсілдері, оқу материалын үлкейту, оның ішінен бастапқы идеяларды, принциптерді, заңдарды бөліп көрсету, міндетті орындаудың жалпыланған тәсілдерін саналау, мектеп оқушыларының белгілі бір санаттағы міндеттер жүйесін өз бетінше құру;

- оқу мәдениетінің (мысалы, ірі синтагмалар мен «динамикалық оқу») және тыңдау мәдениетінің тәсілдері, қысқа және неғұрлым ұтымды жазу тәсілдері (жазып алу, жоспарлар, тезистер, конспект, аннотация, реферат, рецензия, кітаппен жұмыстың жалпы тәсілдері);

- есте сақтап қалудың жалпы тәсілдері (оқу материалын құрылымдау, бейнелі және есту естеріне сүйене отырып мнемотехниканың ерекше тәсілдерін қолдану);

- зейінді шоғырландыру тәсілдері, яғни мектеп оқушысының өзіндік қадағалаудың әр түрлерін пайдалануына, өз жұмысын сатылап тексеруге, тексеру тәртібін, «бірліктерін» бөлуге сүйенетін;

- қосымша ақпаратты іздеудің жалпы тәсілдері (библиографиялық материалдармен, анықтамалар, каталогтар, сөздіктер, энциклопедиялармен жұмыс) және оларды үйдегі кітапханада сақтау;

- емтиханға, семинарларға, зертханалық сабақтарға дайындалу тәсілдері; уақытты ұтымды ұйымдастыру, оны есептеу мен жұмсаудың, еңбек пен оқуды, ауызша және жазбаша қиын тапсырмаларды дұрыс кезектеп отыру, еңбек гигиенасының жалпы ережелерінің (режим, серуен, жұмыс орнындағы тәртіп, оның жарықтығы, т.б.) тәсілдері».

Биология пәнінің сыныптан тыс жұмыстарда экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері.

Бүгінгі таңда жаппай экологиялық білім мен тәрбие беру мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Экономикалық және экологиялық білім мен тәрбие беруді негіздейтін құжаттар мен заңдар қабылданып жатыр. Экологиялық жағдайлардың бәріне талдау жасау, оның зардабынан сақтану, шаралар қолдану, қоғамдық пікір туғызу үшін, көпшіліктің білімі мен тәрбиесін, мәдениетін көтеру керек. Ол үшін экономикалық, экологиялық саясатты іске асыру, көпшілікке үздіксіз экологиялық білім беруді жүйелі түрде жүргізу қажеттігі туады. Осы орайда, экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымы мен табиғаттың қоғамның үйлестігі негізінде жүзеге асатын білім беру жүйесі мен оқыту үрдісінің ең тиімді жолдарын өміршең ету. Оның ішінде қоршаған орта мен оның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, адамгершілігі мол, ізгілікті, экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақты тәрбиелеу ерекше орын алады [2]. Елімізде ерекше экологиялық апатты жағдайлар өріс алуынан туындап отырған проблемаларды шешу, табиғатты тиімді пайдалану үшін, адам әрекетінен пайда болған экологиялық дағдарыстың өзгерістерін мейлінше тежеу, оны қорғау тәсілдерін үйретудің мәселелерін экологиялық білім беру арқылы ғана іске асыруға болады.

Биология сабағында экологиялық білім берудің мақсаты – жеке адамның бойына табиғатқа деген ізгілік пен әдет-ғұрыптарды қалыптастыра отырып, адам–қоғам–табиғат арасындағы толық үйлесімділікті қалыптастыру және дамыту деп түсінеміз.

Ұлы педагогтар ерте кезден-ақ табиғат – жеке адамның ақыл-ойы мен сезімін тәрбиелеудің сарқылмас қайнар көзі екендігін көре білді. Өздерінің педагогикалық теориясында табиғатқа жауапкершілікпен қараудың жеке тұлғаның адамгершілік қатынасын қалыптастырудағы маңызына ерекше мән беріп, ол арқылы қоғамға және оның материалдық байлығына, еңбекке деген қатынасының көрінетіндігін дәлелдеді [3].

Сыныптан тыс жұмыстарда экологиялық іс-әрекетті ұйымдастыру принциптері ретінде С.Д. Дерябо, В.А. Ясвин оның әрқелкілігін, бағытталуын қалыптастыруды және жеке психологиялық ерекшеліктерге сәйкестігін, сонымен бірге, табиғи объектілердің әрқелкілігін ұсынған.

Сабақтан тыс жұмыстарға барлық оқушылар қатысуы қажет. Мұндай жұмыстар жыл бойы жүргізіледі, одан оқушы керекті, пайдалы, қызықты жаңа мағлұматтар алады. Сондықтан, сабақтан тыс жұмыстардың мазмұны әр сынып балаларының деңгейіне сәйкес болу керек. Мұғалім, білім деңгейі жоғары оқушыларға әртүрлі тапсырмалар бере алады. Әр оқушы мұндай тапсырмалар арқылы өздерінің білім деңгейін көтереді [4].

Мұғалім сыныптан тыс жұмыстарды келесідей ұйымдастыруына болады:

1) әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, көзқарасын ескере отырып, тапсырмаларды жеке немесе әртүрлі тақырып бойынша беруіне болады.

2) барлық оқушыға берілетін тапсырма бірдей, бірақ, орындау әдісі әр түрлі болуы мүмкін.

Жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептерде реформаға, оның оқу тәрбиелік жұмыстарының сапасын жоғарылатуға үлкен назар аударылады. Осыған байланысты биология пәнінен міндетті түрде сабақтан тыс жұмыстар санын жетілдіріп отыру керек.

Сабақтан тыс танымжорықтар оқушылардың биология пәні бойынша білімін тереңдете отырып, оқу жұмыстарымен де тығыз байланысты. Бірақ сабақтан тыс жұмыстарда оқушы

саны аз болады, өйткені мұнда тек пәнге қызығатын санаулы оқушылар жұмыс істейді. Ал танымжорықтарға оқушыларды мейлінше түгел тартуға тырысу қажет. Бұндай сабақ түрі теориялық білімді практикалық жұмыстармен байланыстыра отырып көптеген жақсы нәтижелер әкеледі.

Биология пәнінен сабақтан тыс жұмыстар жүргізу әдісі төмендегідей болады:

1. Ауызша. әдіс (вербальды): лекция, әңгіме, баяндама, сұхбаттасу. Әдістің бұл тобына мұғалім көмектеседі. Дәрістер, әңгімелесу, сұхбаттасуды ғалымдар, экспедиция қызметкерлері, мемлекеттік ұйымдар жұмысшылары көмегімен де өткізуге болады.

2. Практикалық әдіс оқушылар тобымен немесе жалғыз оқушымен, практикалық сабақ үстінде жүзеге қолданады. Оқушы бұл сабақта өздігінен биологиялық материалдар, лабораториялық құрал-жабдықтармен жұмыс істеуді, тәжірибелер жасауды, оларды камеральды өңдеуден өткізуді, сондай-ақ табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруды үйренеді.

3. Бақылау әдісін оқу барысында, табиғат құбылыстары сияқты, адамның шаруашылық әрекеті ретінде де қолдануға болады.

4. Тәжірибелік-эксперименттік әдіс - бақылауға қиын табиғи процесстер мен құбылыстарды зерттеу мақсатында қолданылады. Мысалы, өсімдіктер түрінің пайда болуын, орналасуын көрсететін тәжірибелер т.б. Тәжірибені алдын ала дайындап, оқушылар сосын оның нәтижелерін талқылайды.

5. Конструкциялар мен модельдеу - биологиялық процесстердің мәнін түсінуге қажет құралдар мен аспаптар моделін жасауға мүмкіндік береді.

6. Танымжорықтық әдіс-объектіні және құбылысты табиғатта, өндірісте, көрмелерде, мұражайларда көріп тануға мүмкіндік береді.

7. Объектіні оқу әдісі - оқушының өз бетімен жұмыс істеуінде үлкен рөл атқарады. Бұл әдіс биологиялық әлемді зерттеудің әртүрлі сатыларында қолданылады: зерттеуге дайындық кезінде, жұмыс барысында, қорытынды жасауда.

Сабақтан тыс жұмыстар күнделікті сабақтан өзінің мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру түрлері, жүргізу әдістер ерекшелігімен сипатталады. Бұндай тыс жұмыстарда оқушы әртүрлі ақпарат көздері арқылы білімін өз бетінше толықтыруға мүмкіндік алады.

Бұндай жұмыстар оқушының танымдық қабілеттерін арттыруға көмектеседі, яғни өз бетімен жұмыс істеуін қалыптастырып, шығармашылық, биологиялық ойлау қабілеттерін, танымдық қызығушылығын, байқампаздығын арттырады [5].

Құзыреттілік пен әрекеттілік тұрғыда оқыту дегеніміз - әр ұстаздың құзырлылыққа жету жолындағы іс-әрекеті, әдіс-тәсілдері болып табылады. Бұған бүгінгі заман талабына сай инновациялық технологияларды тиімді қолдана алудағы ұстаз шеберлігін жатқызамыз.

Оқушы құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімді технологиялардың бірі – “Проект технологиясы” болып табылады. Проект технологиясы XVI ғасырда Италияның архитектуралық шеберханаларында пайда болған. “Проект әдісі” кітабының авторы бұл технологияны зерттеуші психолог, педагог Вильям Килпотриктің пікірінше “оқыту теориясы бойынша оқушы өзіне ұнамайтын және мәжбүрлеу арқылы орындалған іс-әрекеттен гөрі, өзінің икемі бар іс-қимылды орындау арқылы қажеттілігін қанағаттандырады” деген ой айтады [6].

Еліміздің білім беру жүйелерінде XXI ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Сол себепті, оқушыларға білім беруде жаңа ақпараттық оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Соңғы жылдары жаңа ақпараттық технологиялар заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Мұғалім компьютер желісі арқылы әрбір оқушымен тығыз байланыста болғандықтан, оқытуға тиянақты түрде көңіл бөлініп, әрбір баланың жеке деңгейін анықтап, оларға жеке шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану, оқыту-тәрбиелеу үрдісін толық жетілдіруге, педагогикалық еңбектің тиімділігін арттыруға, оқушылардың білім, білік дағды сапаларының жақсаруына септігін

тигізіп, кәсібі бойынша құзыреттілігін қалыптастырады. Бұл кезде оқушылардың ойлау қабілеті іске қосылып, танымдылық іс-әрекеті жинақталып кәсіби құзыреттілігі дамиды. Жаңа ақпараттық технологияның мақсаты — оқушыны біліммен, білім алу тәсілімен қаруландырып, оның өмір салтымен, мінез-құлқын сауықтандыра отырып, өзін үнемі дамытын оқушыны тәрбиелей отырып, саналы білім алуын жүзеге асыру. Егер оқушының кәсібі бойынша жүйелі жан-жақты терең білім берілсе жаңа ақпараттық технология арқылы оқушылардың шығармашылығы қалыптасса, онда логикалық ойлары теңеліп, өздігінен білім алу, сол білімді нәтижелі түрде пайдалану деңгейлері уақыт талабына сай, бәсекеге қабілетті және кәсіби құзыретті тұлға болып қалыптасады [7].

Оқушының құзыреттіліктерін қалыптастырудағы дамыта оқыту технологиясының қолданыс табуын төмендегідей көрсетуге болады.

1. Табыс ситуациясын тудыру кезеңінде оқушылар өз жетістіктеріне көз жеткізеді, яғни білетіндері сараланады. Осы кезеңде оқушылардың ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту көрініс береді.

2. Интеллектуалдық шиеленіс кезеңінде оқушылардың ізденіс зерттеу әрекеттерін ұйымдастыруда салыстырады, топтардың жауаптары тыңдалып, шешімдері тыңдалады. Осылайша сабақ мақсатын оқушылар өздері айтады. Бұл кезеңде оқушылар алдарына қойылған проблемаларды анықтап, топтың шешімі арқылы мақсат қояды. Яғни, проблеманы шешу құзыреттіліктері қалыптасады.

3. Оқу міндетін қою кезеңінде жеткіліксіз білімдерін өздері меңгереді. Оқулықтан тиісті ақпаратты тауып, қажеттісін сызба арқылы береді.

4. Оқу міндетін шешу амалдарын іздестіруде практикалық жұмыстарды топ өздері орындайды, қиындықтарды анықтап, шешімін айтады.

5. Қорытынды рефлексия кезеңінде әр топ, әр оқушы өз түсінігіне талдау жасап, өмірде қолданылу аясын айтады. Келесі сабаққа міндет белгілейді.

Әдебиеттер

- 1 Оқу-тәрбие процесіндегі экологиялық сабақтастықтың ғылыми-теориялық негіздері. Монография. ТКО «Зерде» баспасы. –Алматы, 2005, б.181
- 2 Айналаны қоршаған орта. Экология. Әдістемелік нұсқау. –Алматы: Алматыкітап, 2003, б.55
- 3 Окружающий мир. Экология. Методическое пособие. –Алматы: Алматы кітап, 2003, б.55
- 4 Айналаны қоршаған орта. Экология. Хрестоматия. –Алматы: Алматыкітап, 2003, б.35
- 5 Мектептегі білім берудің сапасы: қазіргі жағдайы, даму үрдісі және болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2000, б.160-162
- 6 Үздіксіз экологиялық тәрбие. Қазақстан мектебі, 2003, №8, б.32-34
- 7 Экологиялық тәрбие технологиясы. Еуразия. Хабаршысы. - Астана, 2005. -№2, б.115-117

Аманжол Р.Т., Аманжолова Д.Т., Басығараев Ж.М.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы.

e-mail: Amanzhol.roza@bk.ru

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДОВ, НАПРАВЛЕННЫХ НА ФОРМИРОВАНИЕ КОМПЕТЕНЦИЙ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Аннотация. В статье рассказывается об использовании методов, направленных на формирование компетенций у учащихся путем использования активных методов в обучении на уроках биологии. На уроке биологии рассматриваются методы, направленные на формирование компетенций, повышая интерес учащихся, соотнося урок с природой.

Ключевые слова: компетентность, самостоятельная работа, познавательная, внеурочная деятельность, экологическая компетентность.

Amanzhol R.T., Amanzholova D.T., Basygaraev Zh.M.
al-Farabi Kazakh National university, Kazakhstan, Almaty.
e-mail: Amanzhol.roza@bk.ru

THE USE OF METHODS AIMED AT THE FORMATION OF COMPETENCIES IN BIOLOGY LESSONS

Abstract. The article describes the use of methods aimed at the formation of competencies in students through the use of active methods in teaching biology lessons. The biology lesson discusses methods aimed at the formation of competencies, increasing the interest of students, correlating the lesson with nature.

Key words: competence, independent work, cognitive, extracurricular activities, environmental competence.

ӘОЖ 372.857

Д. Т. Аманжолова, Р.Т. Аманжол, Ж.М. Басыгараев
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: amanzhollllova@gmail.com

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация. Жаңа заман талаптарына сай келетін кез-келген жеке тұлға, өз бетінше шешім қабылдай алуы, қоғамдағы өзгерістерге оңай бейімделуі және саналы таңдау жасауға қабілетті болу керек. Ал тұлғаның қалыптасуына мектептің әсерін ескеретін болсақ, оқыту барысында дұрыс және тиімді технологияларды саралап қолдану өте маңызды. Мақалада, сондай технологиялардың бірі – проблемалық оқыту технологиясының дидактикалық негіздері мен сабақта қолданудың тиімділігі қарастырылған.

Түйін сөздер: проблемалық оқыту, жаңа технология, проблемалық жағдай, проблемалық тапсырма.

Білім саласындағы толассыз реформалар мектеп пен ұстаздардың алдына үнемі жаңа міндеттер қойып отырады. Бүгінгі таңдағы міндеттердің бірі – оқушыны өз бетінше білім алуға жетелеу, үйрету. Одан бөлек, сыни ойлай алатын тұлға етіп тәрбиелеу. Бұл міндеттерді шешуде дәстүрлі оқу форматы қауқарсыз. Сондықтан да, жаңа оқыту технологияларын бір – бірімен сабақтастықта қолданған жөн. Әсіресе, проблемалық оқыту технологиясы - оқушыны өз бетінше әрекет етуге жетелейді.

Проблемалық оқыту технологиясын қолданудың бірден – бір мәні, оқушылардың дайын ғылыми білімдерді жай ғана меңгеріп алуында емес, жаңа ақпараттарды меңгеру үшін өзіндік таным және ақыл-ой қызметіне жүгінуін белсендіре түсу.

Проблемалық оқыту – бұл абсолютті жаңа педагогикалық құбылыс емес. Ертеден – ақ, проблемалық оқытудың элементтері Сократтың эвристикалық әңгімелерінде, Ж. Ж. Руссоның еңбектерінде көрініс тауып отырды. Бұл мәселеге әсіресе К. Д. Ушинский жақын келді. Мысалы, ол былай деп жазды: «бүкіл жастар үшін біздің пікірімізге механикалық комбинацияларды ақылдылыққа ауыстырудың ең жақсы тәсілі Сократтың атымен аталған Сократтың эвристикалық әңгімелері. Сократ өз ойларын тыңдаушыларға міндеттемей, бірақ олардың санасында нашар сәуленген ойлар мен фактілердің бір біріне жақын, олардың қайшылықта екенін біліп, оларды түйістірді немесе бірін бірі жоққа шығарды немесе үшінші оймен келістірілді» [1].

Одан бергі XVIII ғ. екінші жартысында эвристикалық оқыту арқылы оқушының ойлау қабілетін дамытуды ағылшын педагогы Генри Армстронг қарастырған. Армстронгтың пікірінше оқушы жаңа білімге өзінің жеке іс-тәжірибесі арқылы жетуі тиіс деп санаған [2].

XX ғасырдың басында американдық педагогикада проблемалық білім берудің негізгі тұжырымдамасы белгілі болды. Дж. Дьюи оқытудың бүкіл түрлерін және формаларын проблемалық шешу жолдары арқылы өздігінен білім алумен алмастыруды ұсынды. Оның пікірінше, ойлау дегеніміз - проблемалық шешу болып табылады [3].

Проблемалық оқыту теориясын М. И. Махмутов, А. М. Матюшкин, В. Т. Кудрявцев, И. Я. Лернер, Дж. Брунер сынды педагог мамандар терең зерттеген.

А. М. Матюшкиннің анықтамасы бойынша, «проблемалық оқытудың негізгі идеясы - оқушыны танымдық, интеллектуалдық тығырыққа тіреу, мәселе туындату. Бұл мәселені шешуде бұрынғы білімі жеткіліксіз болғандықтан, өз кезегінде оқушы басқа әдіс ойлап табуға ұмтылады» [4].

Мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқушы белгілі бір тапсырманы орындай бастайды, бірақ кенеттен қиындыққа тап болады және тапсырманы орындай алмайды. Сол кезде ол өзінің білімі мен дағдылары жетіспейтінін біледі. Оқушы жаңа нәрсеге деген қажеттілікті сезінеді және нені үйрену керектігін түсінеді. Міне, осыны проблемалық оқытудың сипаттамасы ретінде алсақ болады.

М. И. Махмутов: «Білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс оқушы өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады. Өйткені ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді» - деп көрсетеді [5].

И. Я. Лернер проблемалық оқыту технологиясын оқу материалымен тығыз байланыста қолдану керектігі туралы атап көрсеткен. Оқыту бағдарламасын тек бір технологияның негізінде құру орынсыз, оқу материалын игеруге ықпал ететін жаттығулар мен бақылау тапсырмалары болу керек. Көптеген әдіскерлердің пікірінше оқытудың ең тиімді әдісі дәстүрлі және жаңа технологияларды үйлесімді сабақтастыру. Сонымен қатар, ғалымның пікірінше, проблемалық оқыту өзі жалғыз және басым жүйеге айналмауы керек, себебі оқушылар әлемді танудың ұзақ та қиын жолын өз бетінше өте алмайды [6].

А. М. Матюшкиннің тұжырымдамасы бойынша, проблемалық оқыту "адам жаңа, белгісіз қасиетті, объектінің заңдылықтарын немесе оны өзгерту әдісін ашуға мұқтаж болатын, субъект пен объектінің өзара әрекеттесуі" [4].

Сонымен, проблемалық оқытудың мәні тек ғылыми білімді меңгеріп қана қою емес, оны қолдана алу, таным процесінің жаңа тәсілдерін игеру, өзіндік іс-әрекеттерін бағдарлай алу, кәсіби қалыптасудың негізі болатын таным белсенділігі мен өз бетінше шешім қабылдау сынды тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру.

Проблемалық оқыту «проблема», «проблемалық сұрақ», «проблемалық тапсырма», «проблемалық жағдаят» секілді ұғымдарды қамтиды.

Проблема дегеніміз – субъектінің өзінде бар іздену құралдарымен, яғни, білім, икемділік, іздену әрекеті арқылы шешуге болатын жағдай.

Проблемалық жағдай – субъект пайда болған құбылыстар, фактілерді түсіндіре алмай қиыншылық жағдайға ұшырап, жаңа тәсілдер іздеуі.

Проблемалық тапсырмалар – оқушыларды логикалық ойлауға, ғылыми іздену жолына бағыттайды [7].

Проблемалық оқыту оқушының танымдық көкжиегін кеңейтеді, шығармашылық белсенділігін арттырады. Проблемалық оқыту кезінде мына нәрселер айқын көрінеді: проблеманың тууы және оны сезіну, шешімін табуға іздену, оның дұрыстығын тексеру. Проблеманы сезіну оқушыға қиын жағдайдан шығу жолдарын табуға жетелейді. Проблемалық жағдайды тудыратын жәйттер: проблеманың өзі, білімнің жеткіліктілігі, өз бетінше жағдайдан шығу мүмкіндігі, оқушылардың танымдық қызығушылығы мен зерделік белсенділігі.

Проблемалық оқыту технологиясы негізінде оқушылардың ғылыми білімді меңгерулерінің ғылыми дәрежесін арттыру жеңіл әрі тиімді. Ол үшін алдымен, мұғалім ақпаратты жеткізу сапасын жетілдіре түсу керек. Оқу материалын дәстүрлі түрде, дайын күйінде баяндап бермей, проблемалық оқыту жағдайындағы дәлелді түсіндіруге алмастыру қажет. Бұл жағдайда, түсіндіру – жаңа сипатқа ие болады. Мұғалімнің түсіндірушілік міндеті орынды түрде азайған кезде, оқушыларға дұрыс бағыт көрсетіп, жөн сілтей білсе, олардың талпыныстары мен өзіндік ізденіс әрекеттері көбейе түседі. Проблемалық оқыту процесінде жаңа ұғымдардың мәнін оқушылардың өздері, әрине, оқытушының көмегімен

және басшылығымен ашады. Оқыту процесі интеллектуалдық және логикалық қиындықтар тудыру арқылы ұйымдастырылады. Бұл проблемалық оқытудың басты бағыты және білімді терең әрі берік меңгерудің негізгі шарты болып табылады.

Биология сабақтарында проблемалық тапсырмаларды құрастыру үшін В. А. Бухваловтың [8] алгоритмдерін пайдалануға болады, мысалы:

- Қателерді түзету тапсырмалары: Мәтін оқылады және оқу барысында қателер түзетіледі.
- Өзара байланысты орнату тапсырмалары:
«Зиянкестер неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы ма?»

Жүгері егістігінің зиянкесі сымқұрттар топырақта өмір сүреді және қарашіріктің пайда болуына қатысады. Агрономдар мынадай заңдылық тапты: егер дернәсілдер көп болса, олардан ауыл шаруашылығына зиян аз болады - олар өсімдіктердің ыдырайтын қалдықтарымен қоректенеді. Дернәсілдердің аз мөлшерімен, керісінше, олардан зиян өте көп - сымқұрттар дақылдардың түйнектеріне еніп, оларды бұзады. Неліктен бұлай болады деп ойлайсыз?

Жауабы: топырақ құрғаған кезде құрттардың бір бөлігі жойылады. Ылғалға ұмтылған қалған дернәсілдер "зиянкестерге" айналады. Олар тірі өсімдіктерге, мысалы, картоп түйнектеріне ауысады. Сонымен, құрттар аз болған кезде ауыл шаруашылығына көп зиян келтіреді.

- Қарама-қайшылықтарды анықтау тапсырмалары:

Сүт қауіпсіз болуы үшін қайнатылуы керек, ал сүтті қайнатсаңыз, оның сапасы нашарлайды. Не істеген дұрыс?

Көптеген зерттеулердің нәтижесіне көз жүгіртер болсақ, биологияны оқытуда проблемалық тәсілді орынды қолдану қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- 1) оқытудағы психикалық белсенділікті, яғни оқушылардың қызығушылығын арттыра түседі;
- 2) оқушылардың басым көпшілігінде пәнге деген оң мотивация қалыптасады, енжарлықтары жойылады;
- 3) оқушылардың зерделік және шығармашылық іс-әрекеттері жоғары сапаға ие болады;

Осылайша, проблемалық оқыту оқушылардың тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал етеді, олардың ізденушілік қабілетін, логикалық, сыни ойлауын дамытады және жүйелі ақыл-ой қызметін қалыптастырады. Нәтижесінде білімді тереңірек, саналы және берік игеруге, яғни оқушылардың білім сапасын жоғары деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Әдебиеттер

- 1 Вилькеев Д. В. Познавательная деятельность учащихся при проблемном характере обучения основам наук в школе. – Казань. - 1967. – с. 41
- 2 Карелина Т. М. Методы проблемного обучения//Математика в школе. – 2000. - №5. – с. 27
- 3 Кудрявцев Т. В. Исследование и опыт проблемного обучения. - М., - 1969. – с. 29
- 4 Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М., 1972. – с. 52, 62
- 5 М. И. Махмутов, Проблемное обучение. Основные вопросы теории. – Педагогика. – М., - 1977. – с. 143
- 6 Лернер И. Я. Дидактическая система методов обучения. – М.: Знание. - 1976. – с. 64
- 7 Булгаков В. И. Проблемное обучение – понятие и содержание // Воспитание школьников. – 1985. – № 8. – С. 25-27
- 8 Бухвалов В. А. Алгоритмы педагогического творчества. - М: Просвещение. - 1993. – с. 93

Аманжолова Д.Т., Аманжол Р.Т., Басыгараев Ж.М.
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы.
e-mail: amanzholllova@gmail.com

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИИ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ БИОЛОГИИ

Аннотация. Любая личность, отвечающая требованиям нового времени, должна уметь самостоятельно принимать решения, легко приспосабливаться к изменениям в обществе и делать осознанный выбор. А учитывая влияние школы на формирование личности, очень важно дифференцированно применять правильные и эффективные технологии в процессе обучения. В статье рассмотрены дидактические основы технологии проблемного обучения и эффективность использования на уроке.

Ключевые слова: проблемное обучение, новая технология, проблемная ситуация, проблемное задание.

Amanzholova D.T., Amanzhol R.T., Basygaraev Zh.M.
al-Farabi Kazakh National university, Kazakhstan, Almaty.
e-mail: amanzholllova@gmail.com

THE EFFECTIVENESS OF USING PROBLEM-BASED LEARNING TECHNOLOGY IN TEACHING BIOLOGY

Abstract. Any person who meets the requirements of modern times should be able to make decisions independently, easily adapt to changes in society and make an informed choice. And given the influence of school on the formation of personality, it is very important to apply the correct and effective technologies in a differentiated way in the learning process. The article discusses the didactic foundations of problem-based learning technology and the effectiveness of its use in the classroom.

Keywords: problem-based learning, new technology, problem situation, problem task.

ӘОЖ 327.857

**Г.К. Аманбаева¹, Д.Е. Абдсеит², Д.Т. Абдугалиева²,
А.Қ. Өскенбаева², Н. Сейдалиева¹**

¹ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²биофизика және биомедицина, нейробиология кафедрасының бакалавриаты

¹e-mail: zhubanovaa07@gmail.com

БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАҒДАРЛАМАЛАНҒАН ӘДІС-ТӘСІЛІНІҢ НӘТИЖЕСІН АНЫҚТАУ

Аннотация. Қоғамның қазіргі даму жағдайы баланың жеке тұлғасын дамытуға және шығармашылықпен жұмыс істей алатын мұғалімнің өзін-өзі дамытып, өзін-өзі жетілдіруге бағытталған дайындығын қажет етеді. Педагогикалық білім берудегі тәсілдерді қайта қарастыру педагогикалық сауаттылыққа, педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне, мұғалімнің жеке потенциалы мен шығармашылық даралығына бағытталған оқытудың жаңа технологияларына көшуді талап етеді.

Мұғалімдерді биологияны оқытуда мәселелі оқыту элементтерін пайдалануға дайындау мұғалімнің кәсіби дамуының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Мұғалім балаларды өз бетінше жұмыс істеуге, өз жұмысында ізденіс әдістерінің элементтерін қолдануға, білімді дайын күйінде оқушыларға бермеуге үйрету керек. Бұл қабілетті меңгеру оқушылардың биологияны оқытуда мәселелі оқыту элементтерін пайдалануға дайындығының мәні болып табылады. Биологияны оқытуда мәселелі оқыту элементтерін пайдалануға дайындық мәселесі әсіресе мұғалімдер үшін өзекті, өйткені биологияны оқытудың негізгі міндеті биологиялық бейнелер мен негізгі ұғымдарды оқушы бойында қалыптастыру – абстрактілі және байаныстыра ойлауды дамытудың құрамдас бөлігі болып табылады. Мәселелі оқыту арқылы оқушылардың іс-әрекетін белсендірудің мақсаты – олардың ұғымдарды меңгеру деңгейін көтеру және жеке психикалық операцияларды емес, есептерді шешудегі психикалық әрекеттер жүйесін үйрету, олардың іс-әрекетінің тиімділігін арттыру.

Түйін сөздер: педагогика, мәселелі оқыту, жаңа технология.

Кіріспе. Оқу процесінің тиімділігі мен тиімділігін арттыру саласындағы ғылыми ізденістің бағыттарының бірі проблемалық оқыту деп аталады, ол қазір ақыл-ой күштерін,

танымдық белсенділікті, Тәуелсіздік пен шығармашылық ойлауды дамыту сияқты күрделі мәселелерді шешудің тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Проблема деп шешілуі оқушылардан білім алу үшін белгілі әрекеттерді талап ететін есептердің, тапсырмаларын, теориялық немесе тәжірибелік мәселелердің әртүрлілігін түсінуге болады [1].

Проблемалық оқыту мүлдем жаңа педагогикалық құбылыс емес. Проблемалық оқыту элементтерін Сократтың эвристикалық әңгімелерінен, Жан Жак Руссоның Эмильге арналған сабақтарынан көруге болады. Әсіресе К.Д. Ушинский бұл идеяға жақын болды. Ол, мысалы, былай деп жазды: "Біз механикалық комбинацияларды барлық жастағы адамдар үшін, әсіресе балалар үшін, Сократ қолданған және оның атымен Сократ деп аталатын әдісті ұтымды деп санаймыз. Сократ өз ойларын тыңдаушыларға жүктемеді, бірақ бірқатар ойлар мен фактілердің қарама-қайшылықтары бір-бірінің қасында, олардың санасы нашар жарықтандырылған бастарында жатқанын біліп, осы қарама-қайшы қатарларды сананың жарқын шеңберіне сұрақ тудырды және осылайша оларды бір-біріне итермеледі, немесе бұзады, немесе оларды біріктіретін және түсінетін үшінші оймен келіседі" [2].

Проблемалық оқыту түрлері. Проблемалық оқыту кез-келген жағдайда бірдей тиімді бола алмайды. Тәжірибе көрсеткендей, проблемалық оқыту процесі оқушылардың зияткерлік қиындықтары мен олардың танымдық белсенділігі мен жаңа білімді игерудегі тәуелсіздік сияқты әртүрлі деңгейлерді тудырады, бұрынғы білімді жаңа жағдайда қолдануға қарағанда [3].

Жаңа білім беру жүйесі болашақ ұрпақ үшін ТД-ды қамтамасыз етуге қабілетті адамдарды даярлауға бағытталуы тиіс. ТД үшін білім берудің негізгі мақсаты жаңа тұлғаны қалыптастыру қажеттілігімен байланысты, ол: жан-жақты білімді, әлеуметтік белсенді, қоғам өміріндегі жаңа құбылыстар мен процестерді түсінуге қабілетті; заманауи идеялық-адамгершілік, мәдени және этикалық қағидалар мен мінез-құлық нормаларын басшылыққа алатын; тез өзгертін әлемде әлеуметтік жауапты қызметке және үздіксіз білім беруге дайындалған болу керек.

ТД үшін білім беру дамыған елдер үшін де, дамушы елдер үшін де аса маңызды болып табылады. Сондықтан, биологиялық білім берудің жаңа тәжірибелік жүйесіне тұрақты дамудың экологиялық құрамдас бөлігін енгізудің маңызы зор. Соның бірі – экологиялық тәрбие.

Экологиялық тәрбие – қоршаған ортаға деген жауапкершілікті, жанашырлықты адам бойына сіңіру. Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты – адамзаттың табиғатқа деген көзқарасының дұрыс қалыптасуын, «қоғам – табиғат» арасындағы байланыстың тепе-теңдігін қамтамасыз ету. Осы тәрбиенің барысында қазіргі кезде қоғамда өзекті мәселе болып отырған экологиялық мәдениет, экологиялық сана проблемалары өз шешімін табары сөзсіз [5].

Адам баласына экологиялық тәрбие беруді ерте кезден бастаған жөн. Сол себепті, биологиялық білім беруде экологиялық тәрбие беру тәжірибесін мектеп бағдарламасынан бастап, колледж, ЖОО-ға енгізу керек. Биология пәнінің мұғалімдеріне экологиялық тәрбие беру жұмыстарын жүргізуде барлық мүмкіндіктер бар. Мысалы: сабақтағы немесе сабақтан тыс түсіндірмелер жүргізу, топсеруендер, оқу-тәжірибе учаскесіндегі жұмыстар, қоршаған ортаға байланысты кез келген эко іс-шаралар ұйымдастыру, экологиялық ұйымдар құру. Мұндай жұмыстардың табысты болуы бірінші кезекте мұғалімнің шеберлігіне, біліміне тікелей байланысты және басқа пән мұғалімдеріне базалық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, бірігіп жұмыс атқару да жақсы нәтиже алуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, әрбір ұстаз биология ілімінің терең сырын, қоғамдағы маңызын, өмірдегі және әрбір жеке адамның күнделікті қызметіндегі орнын түсіне отырып қана, жаңа жас ұрпақты тәрбиелей алады. Сондықтан биология пәнінің мұғалімін – осы білімді насихаттаушы деп есептеуге болады. Тек биология курсы пәндерін оқыту арқылы және әдістерін жетілдіру нәтижесінде дәйекті түрде адамның табиғаттағы рөлін ашып көрсетіп, экологиялық мәдениеті мен сауаттылығын арттырып, экологиялық дүниетанымын кеңейтіп, адамзаттың қоғам мен табиғат арасындағы байланысын түсіндіріп, экологиялық бағдарланған мінез-құлықты қалыптастырып, табиғатқа жауакершілікпен қарауды жолға қоюға болады.

Әдебиеттер

1 Донелла Медоуз, Йорген Рандерс, Деннис Медоуз. Пределы роста. 30 лет спустя. Пер. с англ. М.: ИКЦ «Академкнига», 2007. 342 с.

2 «Наше общее будущее» / Доклад Международной комиссии по окружающей среде и развитию: Пер. с англ./ Под ред. С.А. Евтеева и Р.А. Перелета. — М.: Прогресс, 1989. — 376 с.

3 Дереккөз: тұрақты даму саласындағы мақсаттар. [Электрондық ресурс] URL: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-development-goals/>.

4 Фахретдинова Г.Н. Политика устойчивого развития вуза (на примере университета штата Аризона) // Управление устойчивым развитием. — 2018. — № 1. — С. 97–101.

5 Дереккөз: тұрақты даму саласындағы мақсаттар. [Электрондық ресурс] URL: <https://massaget.kz/okushyilarga/shyigarma/32460/>

Бакирова К.Ш., Нургожа Ж.М.

Казахский Национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, Алматы
Zhadyra_nurgozha.01@mail.ru, Bakirova59@mail.ru

ВНЕДРЕНИЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ СОСТАВЛЯЮЩЕЙ В ПРАКТИКУ БИОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

***Аннотация.** Известно, что экологические проблемы, которые сейчас происходят на нашей планете, волнуют все человечество. В этой связи ООН предложила путь перехода к «устойчивому развитию». Включение критериев устойчивого развития в образовательную программу и формирование новой системы знаний предполагает значительные изменения. Реализация Целей устойчивого развития в сфере образования напрямую зависит от специалистов по экологии, географии, биологии, имеющих отношение к окружающей среде. В том числе, исходя из целей устойчивого развития в системе биологического образования, применение экологических практик формирует у обучающегося ответственность за окружающую среду, экологическое сознание и культуру. Поэтому нами предлагаются пути внедрения экологического воспитания в биологическое образование.*

***Ключевые слова:** устойчивое развитие, экологическое воспитание, цели устойчивого развития, глобальные экологические проблемы, система образования, биологическое образование.*

Bakirova K.Sh., Nurgozha Zh.M.

Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty
Zhadyra_nurgozha.01@mail.ru, Bakirova59@mail.ru

INTRODUCTION OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE ENVIRONMENTAL COMPONENT INTO THE PRACTICE OF BIOLOGICAL EDUCATION

***Abstract.** It is known that the environmental problems that are now taking place on our planet concern all of humanity. In this regard, the UN proposed a path to transition to "sustainable development." The inclusion of criteria for sustainable development in the educational program and the formation of a new knowledge system implies significant changes. The implementation of the Sustainable Development Goals in the field of education directly depends on specialists in ecology, geography, biology related to the environment. Including, based on the goals of sustainable development in the system of biological education, the use of environmental practices forms the responsibility of the student for the environment, environmental consciousness and culture. Therefore, we offer ways to introduce environmental education into biological education.*

Keywords: sustainable development, environmental education, sustainable development goals, global environmental problems, education system, biological education.

ӘОЖ 376.3

С.Б. Бекзадаева, С.С. Есенғали, Г.Б. Жубанова

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Алматы қ.

e-mail: sandubekzada@mail.ru

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТҮРЛІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ДАЯРЛЫҒЫ

Аннотация. Бұл мақалада инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше балалардың жаңа сабақты меңгеруіне мұғалімдердің қосатын рөлі қарастырылады. «Инклюзивті білім беруде мұғалімдердің түрлі технологияларды қолдану даярлығы» ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпыға ортақ білім беру ортасына ерте кіріктіру арқылы инклюзивті жағдайда оқытуды, тәрбиелеуді, дамытуды жүзеге асыруының оңтайлы және тиімді етіп пайдалана алу даярлығы мен қабілеттілігі анықтамасының негізіне ықпал етеді деген қорытындыға келді.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, түрлі технологиялар, мүмкіндіктері шектеулі балалар, арнайы оқу бағдарламалары.

Инклюзивті білім беру - жалпы білім берудің даму үдерісіндегі барлық адамдарды оқыту, сонымен қатар әр түрлі қажеттіліктерге ие балаларға қарай бейімдеу арқылы ерекше мұқтаждықтары бар балалардың білім алуына қол жеткізу.

Инклюзивті білім беру жүйесі қазіргі кезде өзінің ғылыми негіздері мен әдіснамасын жетілдіруге ұмтылуда. Ол әдіснаманың басты ерекшелігі сонда, бұл сала бойынша бала - оқытуды қажет ететін, бірақ түрлі қажеттілік деңгейлері бар жеке тұлға. Инклюзивтік білім беру түрлі деңгейде оқи алатын түрлі ерекшеліктер.

Арнайы білім беруді қажет ететін балалар туралы мәселесі күні бүгінге дейін қазақстандық білім беру жүйесінде ауқымды түрде талқыланып, арнайы зерттеу пәні ретінде қарастырылмай келеді. Ерекше топқа жататын балалардың жалпы білім беру ортасына кіріктіру туралы ғылыми зерттеулер жеткіліксіз немесе жоқтың қасы. Сонымен қатар, жалпы білім беру ұйымдарындағы ерекше оқытуды қажет ететін балалар туралы мәліметтер қорын жасау мәселесінде қажетті дәрежеде қарастырылмай келеді.

Осы ретте, инклюзивтік білім беру жүйесін ұйымдастырып, оның міндеттерін жүзеге асыратын оқушымен бірге маңызды орын алатын тұлға - мұғалімді жан-жақты даярлау мәселесі де өзектілікпен күн тәртібіне қойылады. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мен осы жүйеде қызмет ететін педагогтерді арнайы даярлау – әлі де болса толыққанды игерілмеген тың сала. Осы саланың тұжырымдамалық негіздерін және оны іске асырудың білімдік, ғылыми, оқу-әдістемелік, практикалық және ағартушылық тетіктерін зерттеу - қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

«Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінде» білім беруге ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға мына санаттағы балалар жататыны белгіленген:

- мүмкіндіктері шектеулі балалар;
- мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар;
- қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар [1].

Бұл санаттағы балалар - өмірде түрлі қиын жағдайларға душар болған, қиындықтарға тап болған балалар екені белгілі. Осыны ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға ерте бастан кіріктірілуі, олардың болашақта толыққанды қоғам мүшесі болуына мүмкіндік жасалуда.

Осы ретте, мүмкіндігі шектеулі балалардың заманауи талаптарға сай білім мазмұнын меңгеруін қамтамасыз ету үшін, оқыту барысын дәстүрлі ұйымдастыру модельдеріне

беймдемей, керісінше, қалыпты дамып келе жатқан, дамуы баяу, дарынды, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтан тұратын оқушылардың әрқайсысына бейімделе алатын оқыту жүйесін құруына бетбұрыс жасалуы керек.

Инклюзивті білім беру жағдайында педагог күнделікті әрекетінде оқу ресурстары мен білім мазмұнын бейімдеу, тұлғааралық қарым-қатынастарды реттеу сынды қосымша қызметтерді атқаруы керек. Бұл туралы ерекше білім қажеттігі бар балаларға білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген талаптар дәлел:

– даму мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын сыныпта қызмет ететін пән мұғалімдері әрбір оқушының білім алу қажеттіліктеріне байланысты оқу бағдарламаларын бейімдеуі қажет;

– пән мұғалімі және сынып жетекшісі ерекше білім қажеттігі бар оқушыларға арнайы қолдауды келесі бағыттарда қамтамасыз етеді: оқу үдерісі аясында жұмысты ұйымдастыруда көмек беру; балалар ұжымында жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру.

Білім беру ұйымында инклюзивті оқу-тәрбие үрдісі төмендегі педагогикалық қызмет формалары арқылы ұйымдастырылады.

1. Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық-медициналық консилиум. Ол – балаға кешенді динамикалық бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Консилиум құрамына директордың бұйрығымен дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, сынып жетекшісі енгізіледі.

2. Түзету-дамыту жұмыстары. Бұл – бала дамуына оң әсер ететін психологиялық-педагогикалық іс-шаралар кешенін қамтиды. Жетекші іс-әрекет түрін қалыпқа келтіру және жетілдіру, жеке-даралық кемшіліктерін түзету, яғни ерекше білім қажеттігі бар баламен жеке дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу.

3. Білім беру іс-әрекеті. Балаларға оқу әрекетін меңгерту, олардың әрбір жас кезеңіне тән танымдық белсенділігін дамыту, сондай-ақ жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін дамытуды қарастырады.

4. Әлеуметтік тәрбие жұмысы. Баланың денсаулық, тұрмыстық-әлеуметтік, психоэмоциялық немесе т.б. жағдайларға байланысты әлеуметтену үрдісінде кездесетін кедергілерді жоюға бағытталады [2].

Мұғалімге қалыпты сыныптағы ерекше білім қажеттігі бар баланың оқу әрекеті, оның күнделікті сынып жұмысына қатысу сапасы қандай екендігін білу арқылы оқу мақсаттарын белгілеу және де мазмұны, талаптары, күтілетін нәтижелер, жылдамдық пен бағалау критерийлері бойынша міндеттерді шешу қажет. Ол үшін мұғалім оқытудың инклюзивті стратегияларын меңгеруі тиіс:

– жағдаяттарды модельдеу мен тәжірибелік тапсырмаларды қолдану;

– қадамдық нұқауларды пайдалану;

– тәжірибеде тексерілген ой-пікірлер мен концепцияларды жаттау;

– рольдік ойындарды қолдану;

– интерактивтілікті жоғарылату;

– оқушыларға көрнекі құралдарды тарату және олармен үнемі байланыста жұмыс жүргізу;

– нақты жетістіктерге жетуде мадақтауларды және оның түрлі тәсілдерін жиі қолдану (ұпайлар, сертификаттар, жұлдызшалар және т.б., сонымен қатар нәтижелерге жетудің көрнекі сызбалары); – оқыту тәсілдерін түрлендіру: қолдағы барды ғана қолданып қоймай, бала қызығушылығын оятатындай ақпараттық және технологиялық ізденісте болу; цифрлы медиа контенттерді; аудио және бейне жазбалар мен компьютерлік бағдарламаларды пайдалану;

– тапсырмаларды және оларды орындау уақытын реттеу, мәселен, дарынды балаларға күрделі тапсырмалар беру;

– психикалық дамуында кідірісі бар оқушыларға әдеттегіден көбірек уақыт бөлу;

– сөйлеуі бұзылған балаларға оңай айтылатын, қысқа әрі жеңіл мәтіндер беру; есту мүкісі бар балаларға көбінесе жазбаша тапсырмалар ұсыну;

- оралман оқушылардың сөздік қорын қолданыстағы лексикалық бірліктерге сәйкестендіру;
- жеңіл аутизмді балаларға бейнелі көрнекіліктер ұсыну және тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылардың моторикасын қалыптастыруға күш салу қажет;
- оқушыларға жиі сұрақ қою және сұрақтардың күрделілік деңгейін қадағалау;
- талқылау үрдісіне оқушыларды жаппай қатыстыру үшін балалардың белсенділігін қолдап-көтермелеп, жетелеуіш сұрақтар қою;
- дәстүрлі жауаптармен шектелмей, тапсырмаларды орындаудың түрлі тәсілдерін қолдану: диаграммалар құру, модельдер құрастыру, таспаға түсіру және т.б.;
- рефлексияны жиі қолдану арқылы оқушылардың өзіндік бақылау, өз қателерін көру және түзету, өзін белсендендіру, мақсат қоюын жандандыру;
- цифрлы таныстырылым, электронды көрме, авторлық дидактикалық контент; көрнекі-бейнелі ресурс сынды креативті тәсілдер мен тапсырмаларды қолдануды ынталандыру;
- кері байланыс, тікелей бақылау, интроспекция, топтық және жұптық бағалау сынды оқыту стратегияларын қолдану [3-4].

Сонымен, ерекше білім қажеттілігі бар балалармен педагогикалық қызметте оның әлеуметтік-психологиялық жайлылығын қамтитын технологияларды қолдану арқылы эмоционалдық күйін, үйде, мектепте, сыныпта, үлкендер және құрдастарымен қарым-қатынасында өз-өзін психологиялық тұрғыдан жақсы сезінуін қамтамасыз ету – инклюзивті білім беру үрдісіндегі педагог кәсібилігінің шыңы болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдемесі (01.06.2015 жылғы №348) // <http://online.zakon.kz/>
- 2 Оспанбаева М. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі. – Алматы. -2019. – 23-41 б.
- 3 «ИКТ для инклюзивного образования» Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании «Аналитическая записка», 2010 // <http://iite.unesco.org/>
- 4 Выготский Л. С. Принципы воспитания физически дефективных детей // Собр. соч.: в 6 т. / под ред. Т. А. Власова.- М.: Изд-во Медицина, 1982. - Т. 5.- С. 34.

С.Б. Бекзадаева, С.С.Есенгали, Г. Б. Жубанова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы.

e-mail: sandubekzada@mail.ru

ОБУЧЕНИЕ УЧИТЕЛЕЙ ИСПОЛЬЗОВАНИЮ РАЗЛИЧНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ

***Аннотация.** В данной статье рассматривается роль учителей в изучении нового предмета в системе инклюзивного образования. Мы пришли к выводу, что «Готовность педагогов к использованию различных технологий в инклюзивном образовании» способствует определению готовности и способности использовать различные технологии в обучении, воспитании и развитии детей в инклюзивной среде посредством ранней интеграции.*

***Ключевые слова:** инклюзивное образование, различные технологии, дети с ограниченными возможностями здоровья, специальные учебные планы.*

S.B. Bekzadayeva, S.S. Yessengali, G. B. Zhubanova

al-Farabi Kazakh National university, Kazakhsta, Almaty.

e-mail: sandubekzada@mail.ru

TRAINING TEACHERS TO USE VARIOUS TECHNOLOGIES IN INCLUSIVE EDUCATION

***Anotation.** This article discusses the role of teachers in the study of a new subject in the system of inclusive education. We came to the conclusion that “Readiness of teachers to use various technologies in inclusive education” contributes to determining the readiness and ability to use different technologies in teaching, educating and developing children in an inclusive environment through early integration.*

***Key words:** inclusive education, various technologies, children with disabilities, special curricula.*

БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ

Аннотация. Мақалада *Artemisia cina* O.Berg. дәрілік өсімдігінің биологиялық ерекшеліктерін оқытуда зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізудің тиімділігі сипатталған. Қазіргі таңда Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңа кезекті жаңғыру кезеңінен өтуде.

Биология ғылымын меңгеру барысында ең алғашқы оқытылатын сала Ботаника болып табылады. Ертеден ботаника саласында дәрілік өсімдіктерге ерекше назар аударылған, оларға қазіргі кезге дейін зерттеушілердің жоғары қызығушылығын тудыруда. Зерттеп отырған *Artemisia cina* O.Berg. дәрілік өсімдігінің таралу аймақтары өте сирек.

Artemisia cina O.Berg. дәрілік өсімдігін зерттеу нәтижесінде алынған ақпараттарды пайдалана отырып оқытудың әдістемесі А.Бөкейханов атындағы № 2 жалпы орта білім беретін мектепте 7 сынып оқушыларының қатысуымен сынақтан өткізілді. Инновациялық әдістерді пайдаланудың нәтижесінде оқушылардың ақпаратты жақсы меңгеріп, білім көрсеткіштерінің жоғарылағаны анықталды. Осылайша біз оқушыларға биологиялық білім беруде дәрілік өсімдіктерді зерттеп, олардан алынған нәтижелерді оқу үдерісіне енгізуді мақсат етіп қойып отырмыз. Зерттеу нәтижесінде алынған ақпараттар «Ботаника», «Дәрілік өсімдіктер», «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы» курстарының оқу үдерісіне қолданысқа ие бола алады.

Түйін сөздер: инновациялық технологиялар, дәрілік өсімдік, *Artemisia cina* O.Berg.

Кіріспе. Қоғамның заманауи даму сатысы қазіргі білім берудің заманауи жүйесіне саяси, әлеуметтік-экономикалық, дүниетанымдық факторларға негізделген мәселелер қойып отыр, олардың ішінен білім алудың қолжетімділігі мен сапасын көтеруді атап өтуге болады.

Зерттеушілік құзыреттілігі арқылы оқушының ғылыми дүниетанымы дамиды. Ғылыми дүниетаным тек теориялық білім алу арқылы ғана емес, сонымен қатар, нақты дәлелдер және зерттеушілік әрекеттер нәтижесінде қалыптасады. Оқушылар өз алдына орындаған зерттеушілік жұмыстар нәтижесінде нақты шындыққа көз жеткізеді.

Қазіргі заманғы ғылымның дамуының маңызды бір заңдылығы - ғылыми білімдердің интеграциясы мен дифференциациясы болып отыр. Табиғатты танып білу барған сайын адам мен қоғамды танып білумен ұштасып келеді. Сөйтіп, мұның бәрі орта мектептерде білім беруде дәрілік өсімдіктерді зерттеуді қажет екендігін көрсетеді [1].

Әдебиетке шолу. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген болатын [2]. Осыған орай қазіргі уақытта биология сабақтарында және сабақтан тыс жұмыстарда оқушылардың жобалық және зерттеу қызметіне көбірек мән берілуде. Қазақстанда өсетін 6000 астам өсімдік түрінің 500дей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады. Алайда олардың тек 40%-ы ғана мектеп бағдарламасында қарастырылған [3]. Табиғатты ұтымды пайдалану мәдениеті, жеке биологиялық объектілерді де, бүкіл организм жүйелерін де қорғау туралы берік білім қалыптастыру қажет. Бүгінгі таңда дәрілік өсімдіктерге деген қызығушылық күннен күнге артып отыр. Дәрілік өсімдіктердің ауруды емдеуде немесе алдын алу шаралары барысында химиялық препараттарға қарағанда тиімділігі жоғары және кері әсерлері сирек кездеседі. Осыған байланысты биологиялық білім беруде дәрілік өсімдіктерді зерттеп, нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Негізгі бөлім. Биологияны оқыту мектеп деңгейінде ең алдымен «Ботаника» саласынан басталады. Жалпы өсімдіктердің күнделікті тұрмыста қолданылуы маңызды орынға ие. Оның ішінде дәрілік өсімдіктер және мәдени өсімдіктерге ерекше назар аударылады.

Қазіргі таңда өсімдіктер шикізаты дәрілік заттардың үштен бір бөлігі мен тағамға қосылатын биологиялық активті заттарды алудың көзі болып табылады. Өсімдіктен

дайындалған дәрілер және биологиялық активті заттарға деген сұраныс экологиялық жағдайдың төмендеуімен, синтетикалық препараттар мен антибиотиктерді тұтыну кезіндегі кері әсерлердің туындауымен түсіндіріледі. Сол себепті дәрілік өсімдіктерді зерттеу өзекті мәселелердің бірі. Дәрілік өсімдіктердің ішінде *Asteraceae* туысына жататын *Artemisia cina* (O.Berg.) ерекше атап өтуімізге болады.

Дермене жусаны (*Artemisia cina* (O.Berg.) *Asteraceae* туысына жататын шипалық қасиеті мол дәрілік өсімдік.

Asteraceae – астралылар тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер тегі, көбіне шала бұта. Дермене жусанының жапырақтары, гүлдері, тұқымдары және сабақтары дәрілік шикізат болып есептелінеді. Алдын оның сабағының жоғары тұсындағы жапырақтарын гүлі ашылмай тұрған кезде жинап алады. Содан кейін гүлі мен сабақтарын жинайды. Демікпе, бронхит қабыну ауруларын емдеу үшін дермене тұқымын ұнтақтап, 0,5 литр қайнаған суға салып демдейді, күніне 3 реттен 30 грамнан ішкізеді. Сонда ауру адам тез арада сауығып кетеді. Дермене тұқымын мейізбен қосып, жаншып араластырып та пайдаланса, өкпе ауруына бірден-бір ем болып табылады [5].

Бұл жұмысты жүргізу барысында дәрілік өсімдіктер туралы зерттеулердің теориялық негізі айқындалды, *Artemisia cina* O.Berg. дәрілік өсімдігінің анатомиялық-морфологиялық ерекшелігі зерттелді және алынған нәтижелердің негізінде әдістеме құрастырылып, эксперимент арқылы тиімділігі тексерілді, зерттеу нәтижелері мектепте биологияны оқыту үдерісіне енгізілді.

Эксперименттік тәжірибе 2021-2022 оқу жылдары, табиғи жағдайда, оқу үдерісін бұзбай әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінің биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасында және А.Бөкейханов атындағы № 2 жалпы орта білім беретін мектепте жүзеге асырылды.

Экспериментті жүргізу үшін А.Бөкейханов атындағы № 2 жалпы орта білім беретін мектебінің 7 сыныпта оқитын оқушылары қатыстырылды. Білім деңгейлері шамалас оқушылар теңдей екі топқа бөлінді: біріншісі эксперименттік топ, ал екіншісі бақылау тобы ретінде алынды. Оқушылардың жалпы саны 25, оның 13 эксперименттік топта, 12 бақылау тобында болды.

Эксперименттік тәжірибе үш кезеңнен тұрды:

- Анықтау эксперименті;
- Қалыптастыру эксперименті;
- Бақылау, яғни зерттеу жұмысының нәтижесін тексеру эксперименті.

Анықтау эксперименті кезінде оқушылардың білімді меңгеру деңгейлері (БМД) В.П. Симонов формуласы бойынша анықталды [4].

$$\text{БМД} = (1 \times \langle 5 \rangle \text{ баға саны} + 0,64 \times \langle 4 \rangle \text{ баға саны} + 0,36 \times \langle 3 \rangle \text{ баға саны}) \times 100\% / N$$

БМД – білімді меңгеру деңгейі, N – оқушы саны.

Білімді меңгеру деңгейлері алдыңғы тоқсандық жиынтық бағаларының қорытындылары бойынша анықталды.

Қортынды. Сөйтіп, қорыта айтқанда биологияның бір саласы ботаникада дәрілік өсімдіктерге айрықша назар аударылып, оларға қызығушылықтардың туындауы көптеген өсімдіктердің өзіндік ерекшеліктерін ғылыми және қолданбалы негізде дәйектеудің қажеттігін көрсетіп отыр. Өсімдіктер шикізаты дәрілік заттар мен тағамға қосылатын биологиялық активті заттарды алудың көзі болып табылатындықтан зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылымға қосар үлесі де мол. Зерттеу нәтижесіне сәйкес жасалған сабақ әдістемелері педагогикалық тәжірибе барысында сынақтан өткізілді, тиімділігі дәлелденді.

- Дайындалған әдістемені жалпы орта білім беретін мектептердің биологияны оқыту үдерісінде пайдалануға болады. Өйткені, бұл әдістеме арқылы оқушылардың дәрілік өсімдіктер туралы білімдері кеңіе түседі, қызығушылықтары артады;

- *Artemisia cina* (O.Berg.) дәрілік өсімдігінің биологиялық маңызы мен фармакологиялық құндылығы жоғары болғандықтан, оны алдағы уақытта зерттеп, медицина салаларына қажетті

ақпараттарды алып, биология мұғалімдерінің білім деңгейін жоғарылатуда пайдалануға болады.

- *Artemisia cina* (O.Berg.) дәрілік өсімдігінің биологиялық ерекшеліктерін оқыту үшін дайындаған әдістемені «Ботаника», «Дәрілік өсімдіктер», «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы» жалпы білім беретін мектептердің биология пәнін оқыту үдерісінде қолдануға болады.

Әдебиеттер

1 Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы қаулысы.

2 Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам». //Егеменді Қазақстан. 10.07.2012.

3 «Фитофармакология» Е.М. Қорабаев., Н.А. Заманбеков., Ә. М. Өтенов., Алматы. 2014ж.

4 Бұзаубақова К.Ж. «Инновациялық технология» -Алматы, 2009.

5 Research [Электронный ресурс]. Режим доступа <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D1%83%D1%81%D0%B0%D0%BD>

Бердикул А.Ж., Абдрасулова Ж.Т.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
berdikul.aigerim@mail.ru

ВНЕДРЕНИЕ В УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС РЕЗУЛЬТАТОВ ИССЛЕДОВАНИЯ ЛЕКАРСТВЕННЫХ РАСТЕНИЙ В БИОЛОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация. В статье описана эффективность внедрения результатов исследований в учебный процесс при изучении биологических особенностей лекарственного растения *Artemisia cina* O.Berg. На сегодняшний день система высшего образования Казахстана проходит очередной новый этап модернизаций. Обновляются учебные планы и программы подготовки молодых специалистов, которые, свою очередь, предъявляют высокие требования к уровню профессионально-педагогической подготовки преподавателей.

В изучении науки биологии первым изучаемым разделом является Ботаника. С древних времен уделяли особое внимание лекарственным растениям и до сегодняшнего времени исследователи проявляют высокий интерес к ним. Результаты, приобретенные при исследовании могут быть использованы в процессе обучения таких курсов, как «Ботаника», «Лекарственные растения», «Анатомия и морфология растений».

Ключевые слова: инновационные технологии, лекарственные растения, *Artemisia cina* O.Berg.

Berdykul A.Zh., Abdrassulova Zh.T.

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
berdikul.aigerim@mail.ru

INTRODUCTION OF THE RESULTS OF RESEARCH OF MEDICINAL PLANTS IN BIOLOGICAL EDUCATION INTO THE EDUCATIONAL PROCESS

Annotation. The article describes the effectiveness of the implementation of research results in the educational process when studying the biological characteristics of the medicinal plant *Artemisia cina* O.Berg.

Today, the higher education system of Kazakhstan is undergoing another new stage of modernization. Curricula and training programs for young specialists are being updated, which, in turn, place high demands on the level of professional and pedagogical training of pre-teachers.

In the study of the science of biology, the first section to be studied is Botany. Since ancient times, special attention has been paid to medicinal plants and to this day researchers have shown a high interest in them.

The results acquired during the research can be used in the learning process of such courses as "Botany", "Medicinal plants", "Anatomy and morphology of plants".

Key words: innovative technologies, medicinal plants, *Artemisia cina* O.Berg.

БИОЛОГИЯ ПӘНІ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ МЕКТЕПТЕГІ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ КӨРІНІСІ

Болатбек З.¹, Уршеева Б.И.²

¹Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы, Алматы., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы., Қазақстан
bolatbek.zabira@gmail.com¹, ursheeva.balbobek@kaznu.kz²

Елбасымыздың “Білімді, интеллектуалды адамдарсыз, озық ғылымсыз Қазақстанның перспективасы жоқ. Қазір адамдардың бәсекелестігі, білімнің бәсекелестігі, ғылымның бәсекелестігі жүруде. Бұған дайындалу қажет” деп атап көрсеткендей педагогтар мен практиктер білімнің сапасы мен мазмұнына ерекше көңіл аударып, білім жүйесін әлеуметтендіру бағыттарына қадам жасауда. Осы бағытта мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін ерекше атап өтуге тура келеді. Еліміздің болашағы жастардың қолында екенін ескерсек, жастарды тәрбиелеп, жастарға білім беріп отырған ұстаз кәсіби блілікті болуы қаншалықты маңызды екені айтпасада түсінікті.

Ендеше кәсіби құзыреттілік дегеніміз – маманның кәсіби талаптарға сай жеке бас дәрежесі, дағдылары мен кәсіби тұлғалық бейнесінен тұрады. Бір сөзбен айтқанда бұл кәсіби біліктілік.

Ұстаздың өз бетінше білімін жетілдіруі, озат тәжірибелерді қолдануы, оны өзгелерге насихаттауы, жағашылдық танытуы аталған педагогикалық біліктілікті жетілдірудің қарапайым бір жолы болып табылады. Мұғалім құзіреттілігі ең алдымен оның жүріс тұрысына, киім киінісіне, спайылығына, педагогикалық техникаларды меңгеруіне, өзінің мінез құлқын басқаруына яғыныи эмоционалды сауаттылығына байланысты. Өйткені мұғалім сахнадағы актер сияқты әрдайым оқушылардың көз алдында болады. Ал бала болса соның бәрін байқап таниды. Сондықтан мұғалім құзіреттілігі ол жұмысқа кіріскен күннен ақ көрініс табады, оны әрі қарай жетілдіріп отыру мұғалімнің жеке басына тікелей қатысты.

Қазіргі заман талабына сай «биология» пәнін оқыту да жаңа тақырыптарды оқушылардың өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген танымал әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған.

Биологиялық білім мен тәрбие үрдісінде биолог-ұстаздың тұғыры биік болуы қажет, шығармашылық ізденіс — кәсіби шеберлікке жеткізетін жол.

ӘОЖ 371.11

А.А. Боранова, Н.Т. Торманов

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

e-mail: boranova2000@mail.ru

МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ ҮРДІСІН БАСҚАРУДАҒЫ СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУ

Аннотация. Мақалада сынып жетекшілерінің мектептегі оқу үрдісін басқарудағы рөлі және негізгі атқаратын қызметтері көрсетілген. Оқытудың тәжірибелік – бағдарлы әдістерін қолдану арқылы кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: сынып жетекшіі, кәсіби құзыреттілік, тәжірибеге бағытталған оқыту әдістері, педагогикалық практика.

Кез келген мемлекеттің инновациялық экономикасын қалыптастырудың алғы шарты – қызметкерлердің білімі мен құзыреттілігін үнемі жаңартып отыру жүйесін құру, ал білім беру жүйесінде тәрбиелік функцияларды жүзеге асыратын негізгі педагогикалық қызметкерлер –

сынып жетекшілері екені сөзсіз. Мұғалім кез келген білім беру жүйесінің тірегі екені баршаға белгілі, өйткені білім ұстаздардан білім беріледі. Әрбір ел мұғалімдердің сапасына ерекше мән береді және ұлттық саясатқа мұғалімдердің білім беру ұйымдарының өнімінің сапасын анықтауда шешуші рөл атқаратыны туралы түсініктің артуы әсер етті. Тіпті, заманауи технологияның да білім беру жүйесін қолдауда өзіндік маңызды рөлдері бар. Мұғалім әлі де оқыту мен оқу үдерісінің маңызды элементі болып табылады. Мұғалім білім беру жүйесіндегі басты тұлға екені баршаға мәлім.

Тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін қолдану арқылы үздіксіз әдістемелік қамтамасыз ету жағдайында субъектілердің өзара әрекеттесуі артып, жұмыс нәтижесі өнімді әрі сапалы болады. Әдістемелік қызметтің мұндай ұйымдастырылуы сынып жетекшілерімен жұмыс жасауда құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруға, мұғалімдердің кәсіби өсуіне жағдай жасауға, аттестаттауға дайындауға, инновациялық педагогикалық тәжірибені игеруге және тұтастай алғанда оқу орындарындағы оқу процесінің сапасы мен тиімділігін арттыруға, оқушының жеке басын дамытуға ықпал етеді. Инновациялық қолдау моделі – педагогтарды дамытуға және дамып келе жатқан білім беру тәжірибесін құруға бағытталған педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуы үшін бірыңғай әмбебап ақпараттық – білім беру желісі; бұл өз бетінше білім алуға және үздіксіз жеке өсуге қабілетті, өзінің шығармашылық қызметі барысында білім алушылардың өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасауға дайын, кәсіби қызметтің субъектісі ретінде сынып жетекшісін, инноваторды даярлау.

Мұғалімдердің тәжірибеге бағытталған оқытуын құру үшін жаңа, белсенділік – құзыреттілік көзқарас қажет. Білімді игеруге бағытталған дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, тәжірибеге бағытталған оқыту теориялық білімдерден басқа – дағдыларды, шеберлікті, практикалық қызмет тәжірибесін, оның ішінде инновациялық тәжірибені алуға бағытталған. Оқыту процесі тәжірибе жинамай – ақ практикалық – бағдарланған бола алмайды, оның деңгейі құзыреттілік тәсіл әдістерімен дәлірек анықталады. Құзыреттілік қызмет процесінде және кәсіби іс – әрекет үшін қалыптасады. Сынып жетекшісі – мектептегі оқу-тәрбие жұмысының тікелей және негізгі ұйымдастырушысы болып табылады, сонымен қатар ол сыныпта тәрбие жұмысын жүргізу үшін мектеп директоры тағайындайтын лауазымды тұлға. Осыған байланысты сынып жетекшісінің қызметін оңтайландыру мәселесі өте өзекті. [1, Б.22].

Болашақ сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстар маңызды рөл атқарады:

- сынып жетекшісінің жұмыс жоспарын құру конкурстары, тәрбиелік іс-шаралардың сценарийлері, этикалық әңгімелердің тезистері, мерекелік кештер, сынып сағаттары, жиналыс кештері, пікірталастардың жоспарлары, педагогикалық олимпиада және т.б.

- сауықтыру лагерлерінде, қалалық және ауылдық мектептерде педагогикалық практикада, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекцияда есепте тұрған жасөспірімдерге жеке қамқорлық жасау;

- оқушылардың көркемөнерпаздық қойылымдарға, дене шынықтыру және спорттық іс-шараларға қатысуы, туған жеріне саяхат, түрлі қайырымдылық шараларына және т.б. атсалысуы.

Мұның бәрі болашақ сынып жетекшілерін олар үшін кәсіби маңызды білім, дағдылар жиынтығымен қамтамасыз етуге, сонымен қатар мұғалім-тәрбиешінің жеке қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыруға мектептердегі педагогикалық практика ықпал етеді, бұл болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығын жалпы білім беретін мектептегі практикалық қызметімен үйлестіруді қамтамасыз ететін мұғалімнің кәсіби дайындығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Педагогикалық практика процесінде болашақ мұғалімдерді сынып жетекшісінің функцияларын орындауға дайындауға барынша ықпал ететін жағдайлар жасалады. Біріншіден, студенттер мектептің тәрбие жұмысының жүйесімен, сынып жетекшісінің міндеттерімен, сабақтарға және сыныптан тыс шараларға дайындық технологиясымен танысады. Екіншіден, студент өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тәрбиелеу, педагогикалық іс-әрекетті

өзін-өзі түзету дағдыларымен қаруланады. Үшіншіден, болашақ мұғалімдер оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен құралдарының кешенін меңгереді. Төртіншіден, кәсіби шеберлік пен дағдылардың белгілі бір жиынтығы ғана емес, сонымен қатар педагогикалық жұмыстың құрылымы жүйе ретінде де түсіндіріледі [2, Б.90].

Мектепті басқару тек өзекті, тұрақты басқару әрекеттері мен ықпалдары ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, менеджменттің маңызды сипаттамасы – бұл қызметте қазіргі нормаларда, ережелерде, тәрбиелік өмірдің дәстүрлерінде бейнеленген бұрынғы басқару жұмыстарының өнімдері мен нәтижелерін кеңінен пайдалана білу. Мектепті басқару штаттық менеджерлердің қызметіне дейін қысқарады. Шындығында, басқару функцияларын орындауға қарапайым мектеп қызметкерлері, оқушылар, ата-аналар да қатыса алады [3, Б.7].

Сынып жетекшісінің негізгі міндеті – оқушыларды әртүрлі іс-әрекеттер мен қарым-қатынастарға араластыру арқылы олардың жеке тұлғасын дамыту мақсатында оларға барлық тәрбиелік ықпалдарды үйлестіру. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне және сыныпта қалыптасқан қарым-қатынасқа сәйкес қиындықтарды шешеді. Әрбір оқушымен қарым-қатынасты сынып жетекшісі оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып құрады. Сынып жетекшісінің қызметі әрбір нақты сынып ұжымының, әрбір нақты баланың қажеттіліктеріне негізделеді және ондағы ең бастысы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның шығармашылық әлеуетін іске асыруға, баланы белсенді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың өз мәселелерін шешуге күш-жігерін белсендіру үшін қажетті және жеткілікті жағдай жасау. Өз міндеттерін өте білікті және адал орындайтын сынып жетекшісі студенттер мен олардың ата-аналарының тәлімгері, кеңесшісі және досы ғана емес, сонымен қатар мектеп директорының, партиялық және кәсіподақ ұйымдарының балалар мен жастарды оқыту және коммунистік тәрбиелеу жөніндегі жақын көмекшісі болып табылады. Мұғалім, әсіресе сынып жетекшісі, оқушыларының өмірінде өшпес із қалдырады. Сынып жетекшілерінің қызметінің тиімділігі, мектептің барлық оқу – тәрбие жұмысының деңгейі сияқты, көбінесе директор мен оның орынбасарының білімі мен тәжірибесіне, педагогикалық және студенттік топтарды басқарудың стилі мен әдістеріне, мектепшілік бақылау жағдайына байланысты. Мектеп басшысының негізгі міндеттерді уақтылы және нақты қою, оларды жүзеге асыру жолдарын белгілеу, сынып жетекшілері мен мұғалімдер арасындағы функцияларды дұрыс бөлу, ғылыми негізде олардың жұмысын ұйымдастыру қабілеті оқу – тәрбие жұмысының сәттілігін қамтамасыз етеді [4, Б.4].

Қазіргі сынып жетекшісінің маңызды міндеттерінің бірі – сынып ұжымымен жүйелі жұмыс. Мұғалім ұжымдағы балалар арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіреді, адамгершілік мағыналар мен рухани бағдарлардың қалыптасуына ықпал етеді, сынып қоғамдастығындағы оқушылардың әлеуметтік-құнды қатынастары мен тәжірибелерін, шығармашылық, жеке және әлеуметтік маңызды іс-әрекеттерді, өзін-өзі басқару жүйесін ұйымдастырады. Сынып жетекшісі өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін, баланың жеке басының дамуына қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай, эмоционалды жайлылық, қорғаныс жағдайын жасайды. Сынып жетекшісі оқушы, мұғалімдер мен ата-аналар, қоғам және көбінесе балалардың өздері арасындағы байланыс болуға арналған. Өз қызметі барысында қазіргі сынып жетекшісі ең алдымен пән мұғалімдерімен өзара байланыс орнатады, мұғалімдерді ата – аналармен жұмыс істеуге тартады, сынып оқушыларын пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыстар жүйесіне қосады. Бұл әр түрлі пәндік үйірмелер, элективтер, пәндік газеттер шығару, пәндік апталар, тақырыптық кештер және басқа да іс-шараларға бірлесіп ұйымдастыру және қатыстыру болып табылады.

Сынып жетекшісінің жұмысындағы табыс көп жағдайда оның жоспарлылығы мен жүйелілігіне байланысты. Сынып жетекшісінің іс-әрекеті тәрбиенің жалпы процесінің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан оны жалпы мектептік жылдық жоспарға назар аударатын отырып, мектеп жұмысының барлық басқа бөліктерімен үйлестіру маңызды. Зерттеу жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие процесін одан әрі жетілдірудің негізгі шарттарының бірі ретінде сынып жетекшілерінің еңбегін ғылыми ұйымдастыру және қызметін басқару болып

табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мұндай ұйымның ең маңызды компоненттері:

1. Мектептердің оқу – тәрбие жұмысына педагогикалық жұмыстың ең мақсатқа сай және үнемді формалары мен әдістерін, жалпы мектептің және оның ішінде сынып жетекшілерінің қызметін басқарудың ең тиімді әдістерін енгізу.

2. Оқушылармен және олардың ата-аналарымен жүргізілетін тәрбие жұмысын ғылыми негізделген, нақты және дәлме – дәл жоспарлау.

3. Сынып жетекшілерінің іс – әрекетін қатаң реттеу, олардың бастамасын жан – жақты дамытуды қамтамасыз ету.

4. Сынып жетекшілері, мұғалімдер, оқушылар ұйымдары мен ата-аналар арасындағы міндеттерді барынша ұтымды бөлу. Оқушылармен жұмыс істеуге ата-аналар мен жұртшылықты кеңінен тарту, олардың бастамашылдығы мен дербестігін дамытуға жүйелі қамқорлық жасау.

5. Мектеп директоры мен оның тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының сынып жетекшілерімен үйлесімді жұмыс жүйесі.

6. Мұғалімдердің оқу және жұмыс уақытын барынша үнемді және ұтымды пайдалану.

7. Озық тәжірибені зерделеудің, жалпылаудың және енгізудің белгілі бір жүйесі. Педагогикалық шеберлікті, оқу-тәрбие процесін ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің, атап айтқанда сынып жетекшісінің тұлғасын жетілдіруге мүмкіндік беретін мұғалімдердің шығармашылығын дамыту [5].

Қазіргі сынып жетекшісінің қызметі ең алдымен өз сыныбында оқушылармен жұмыс істеуге бағытталған. Ол әрбір жеке баланың танымдық қызығушылықтарын дамыту және ынталандыру үшін оның жас және жеке ерекшеліктерін зерттей отырып, оқуға деген ынтасын қалыптастырады.

Әдебиеттер

1 Рязанцева О.Н. Организация инновационных процессов повышения профессионального мастерства классных руководителей. // Эксперимент и инновации в школе. – 2010, №6. – С. 22-28.

2 Гаврилова Н.Г. Подготовка будущих учителей к выполнению функций классного руководителя в процессе педагогической практики. // Вестник ЧГПУ им. И. Я. Яковлева. – 2010, №1. – С. 90-96.

3 Садвакасова З.М., Булатбаева А. А. Педагогический менеджмент: уроки лидерства. – Алматы, 2014. – С. 5-9.

4 Полгородник С.М. Организация труда и управление деятельностью классных руководителей в общеобразовательной школе. // Автореф. дис. канд. пед наук. – Киев, – С.4.

5 Конкашев М.А., Крамаренко Е.Н. К Проблеме подготовки руководителей школ к работе в условиях 12-летнего образования. //Учительский журнал. – Акмола, 2009, №2. – С. 12.

А.А. Боранова, Н.Т. Торманов

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ РОЛИ КЛАССНЫХ РУКОВОДИТЕЛЕЙ В УПРАВЛЕНИИ УЧЕБНЫМ ПРОЦЕССОМ В ШКОЛЕ

Аннотация. В статье показана роль и основные функции классных руководителей в управлении учебным процессом в школе. Рассмотрены пути повышения профессиональной компетентности посредством применения опытно – ориентированных методов обучения.

Ключевые слова: классный руководитель, профессиональная компетенция, практико-ориентированные методы обучения, педагогическая практика

Boranova A.A, Tormanov N.T
al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: boranova2000@mail.ru

RESEARCH ON THE ROLE OF CLASS TEACHERS IN MANAGING THE EDUCATIONAL PROCESS AT SCHOOL

Annotation. The article shows the role and main functions of classroom teachers in the management of the educational process at school. The ways of increasing professional competence through the use of experience-oriented teaching methods are considered.

Key words: classroom teacher, professional competence, practice-oriented teaching methods, teaching practice.

УДК 574.583

Демесинова Г.Т.¹, Кадимов Е.Л.², Камиева Т.Н.³

«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС Атырау филиалы, Атырау, Қазақстан Республикасы


E-mail: demessinovag@mail.ru¹; kadimov.erbolat@mail.ru²; kamieva.2011@mail.ru³

ЖАЙЫҚ ӨЗЕННІҢ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЗООПЛАНКТОНДЫҚ ҚОҒАМДАРДЫҢ ҚҰРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада Жайық өзенінің сағасындағы сегіз сынама алу бекетіндегі зоопланктоценоздың жай-күйіне талдау жасалған. Мақаланың материалдары зерттелетін кезеңдегі су ортасының гидрохимиялық көрсеткіштерін көрсетеді, жылдың екі зерттелген маусымындағы зоопланктондардың негізгі топтарының таксономиялық құрамы мен пайда болу жиілігі, көптігі мен биомассасы зерттеледі. Зерттеу нәтижесінде зоопланктон өнімділігінің деңгейіне сәйкес трофикалық түрі белгіленді. Зерттелетін су объектісі су объектілерінің α – олиготрофты түріне жатады. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (Грант № BR10264205) қаржыландырды.

Түйін сөздер: Жайық өзені, сағаға дейінгі кеңістік, су ортасы, гидрохимиялық көрсеткіштер, зоопланктон, таксономиялық құрамы, көптігі, биомассасы, пайда болу жиілігі, трофикалық, ротиферлер, кладоцерандар, копепоидтар.

Кіріспе. Жайық өзенінің сағасы – көптеген анадромды және жартылай анадромды балық түрлерін қоректендіретін табиғи жағдайлар сақталған бірегей табиғи су қоймасы (1 сурет.). Өкінішке орай, соңғы жылдары антропогендік әсер, теңіз деңгейінің төмендеуі, өзен суының азаюы. Жайық атыраудың таяздануына, су көлемінің азаюына, ластануына әкелді. Бұл, әрине, су қоймасындағы жартылай анадромды балықтардың қорына кері әсер етеді.



Сурет 1. Жайық өзеннің сағалық кеңістігіндегі сынамаларды алуудың карта-схемасы

Зоопланктон – трофикалық тізбектің маңызды буындарының бірі, жас балықтар мен планктофагтардың қоректік базасы. Бұл мақаланың мақсаты зоопланктонның қазіргі жағдайы, зерттелетін аумақтың трофикалықтығы туралы ақпарат беру.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуге материалдар өзеннің сағалық белдеуінде жиналды. Жайық 8 станцияда 2021 жылдың мамыр және шілде айларында. Үлгілер жалпы қабылданған гидробиологиялық әдістерге сәйкес жиналып, өңделді [1, 2]. Кеңсе өңдеу зоопланктон түрлерінің құрамын, көптігі мен биомассасын анықтауды қамтыды [3]. Зоопланктон үлгілері микроскоппен зерттеліп, кездескен организмдер тұқымдастар мен түрлер бойынша анықталды [4, 5].

Негізгі гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша су қоймасының зерттелген бөлігінің су ортасы балық шаруашылығы маңызы бар су қоймаларына қойылатын талаптарға сай болды. Қарастырылып отырған кезеңдегі еріген оттегінің мөлшері орта есеппен 7,2 мгО₂/дм³-ке тең болды. Су қоймасындағы органикалық заттардың мөлшері 1,91-2,45 мгО/дм³ аралығында болды. Биогенді элементтердің концентрациясы төмен және балық шаруашылығы су қоймалары үшін рұқсат етілген мәндерден аспайды. Судың минералдануы 449–732 мг/дм³ шамасында өзгерді.

Өзеннің сағаға дейінгі кеңістігінің таксономиялық құрамында. Жайық 2021 жылы зоопланктондық организмдердің 30 таксоны анықталды. Бұл өткен жылғы зоопланктердің санынан екі есе көп. Оның ішінде негізгі алуан түрлілік ротиферлерде – 15 түр мен формада болды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 10 таксонға артық, клодоцерандықтар – 7 (былтырғы көрсеткіштерден 3 таксон көп) және копеподтар – 8 сорт, бұл саннан 3 таксонға артық. 2020 жылы организмдер саны. Rotifer кешенінің бір өкілі – Brachionus angularis құрамнан шығып қалды, өткен жылмен салыстырғанда 2022 жылдың құрамы 11 таксонмен толықты. Brachionus 5 таксонмен ұсынылған. Толықтырулар қозғалды және ротиферлердің басқа да тұқымдары. Cladocera үлгілеріне Podonevadne trigona trigona, Polyphemus pediculus және Moina macrocора macrocора және C. sphaericus кірді. Копеподтардың 3 таксоны кальяноидтар және 5 таксоны циклоптардың өкілдері табылды. 2021 жылы пайда болу жиілігі A. Priodonta – 60% (2020 жылы 5 есе аз), Moina brachiata және Acartia tonsa (1-кесте) .

Кесте 1. Жайық өзеннің сағалық кеңістігіндегі зоопланктондық организмдердің таксономиялық құрамы мен кездесу жиілігі (%).

Зоопланктон ағзалары	2020 ж.	2021 ж.
Rotifera - Коловраткалар		
<i>A. priodonta</i> Gosse	12	60
<i>A. girodide</i> Guerne	-	20
<i>Bipalpus hudsoni</i> Imhof	-	16
<i>Brachionus angularis</i> Gosse	12	-
<i>B. calyciflorus amphiceros</i> Ehrenberg	-	30
<i>B. c. calyciflorus</i> Pallas	-	80
<i>B. diversicornis</i> Daday	-	30
<i>B. quadridentatus</i> Hermann	25	40
<i>B.q. milheni</i> Daday	-	6
<i>Filinia longiseta</i> Ehrenberg	60	50
<i>F. limnetica</i> Zacharias	-	40
<i>Keratella quadrata</i> Muller	-	25
<i>K. tropica</i> Apstein	25	40
<i>Polyarthra vulgaris</i> Garlin	-	15
<i>S. stylata</i> Wierz	-	30
<i>Synchaeta</i> sp.	-	60
Коловраткалар, жалпы	5	15
Cladocera - Бұтақмұрттылар		
<i>Alona rectangular</i> Sars	12	-
<i>Bosmina longirostris</i> Muller	12	20
<i>Ceriodaphnia rotunda</i> Straus	12	12

<i>P. trigona trigona</i> Sars	-	25
<i>Polyphemus pediculus</i> Linne	-	6
<i>Moina brachiata</i> Jurine	100	60
<i>M. macrocopa macrocopa</i> Straus	-	6
<i>C. sphaericus</i> Muller	-	50
Кладоцеры, жалпы	4	7
Соперода - Ескек аяқтылар		
<i>Acartia tonsa</i> Dana	100	80
<i>Calaniped aquae dulcis</i> Kritcz.	50	50
<i>Eurytemora</i> sp.	12	-
<i>Heterocope caspia</i> Sars	75	20
<i>Cyclops kolensis</i> Lilljeborg	-	30
<i>Cyclops</i> sp.	-	30
<i>Halicyclops sarsi</i> Akatova	-	20
<i>Mesocyclops leuckarti</i> Claus	-	20
<i>Harpacticoida</i> sp.	25	50
Копепода, жалпы	5	8
Жалпы таксондар:	14	30

Зоопланктонның жалпы көптігі зерттелген аумақта 2,28 мың инд./м³ - PR II-ден 56,6 мың инд./м³ - PR VII-ге дейін өзгерді. Саны бойынша орта есеппен копеподтар басым болды – 41,84%. Субдоминантты ротиферлер – 35,02%, кладоцера саны мардымсыз болды. Басқа организмдер жалпы санның 9%-ын ғана құрады.

Биомасса бойынша ең өнімді бұлақ PR VII болды. Биомассаның ең төменгі мәні PR II-де байқалды. Акваторияда орта есеппен зоопланктондардың негізгі топтары арасында копеподтар көшбасшы болды – 43,11%. Екінші орында ротиферлер – 39,36%. Cladocera 16,1% құрады.

Жазда су жылыған сайын организмдердің сандық дамуы көктемге қарағанда жоғары болды. Өнеркәсіптік аудандарда ең жоғары көрсеткіш PR V тіркелді – 26,87%. Ең кедей PR II болды, онда организмдер саны 3,6% құрады. Саңырауқұлақтар мен копеподтар топтарының сандық дамуы шамамен бірдей ротиферлерде 39,38%, копеподтарда 40,63% болды. Cladocera саны небәрі 11,05% құрады.

Биомасса бойынша, сондай-ақ көптігі бойынша ең өнімді DP V болды, онда пайыздық көрсеткіш 25,30% болды. Ал көктемдегідей ең төмен биомасса PR II – 3,16% тіркелді. Диаптомустардың үлкен мөлшеріне байланысты массалық жағынан копеподтар басым болды. Олардың массалық үлесі 62,8%-ға жетті. Ротиферлердің массалық үлесі 16,64%, ал кладоцера - 17,95% болды. Су қоймасының трофизмі биологиялық көрсеткіштердің өте төмен класына және өзен сағасына сәйкес келеді. Жайық бұл зерттеу кезеңінде су айдынының α – олиготрофты түріне жатады [6].

Қорытынды. Осылайша, зерттелген кезеңде өзен сағасында зоопланктонның жақсы дамуы. Жайық жазда су температурасы оңтайлы мәндерге дейін жылыған кезде байқалды, бұл зоопланктондық организмдерге қорек болатын органикалық заттар мен фитопланктонның жеткілікті дамуына ықпал еткен болуы мүмкін.

Әдебиеттер

- 1 Винберг Г.Г., Лаврентьева Г. М. Методические рекомендации по сбору и обработке материалов при гидробиологических исследованиях на пресных водоемах. Зоопланктон и его продукция. / ред. - ГосНИОРХ, Зоолог. ин-т АН СССР, 1984.- 33 с.
- 2 Шарапова Л.И., Фаломеева А.П. Методическое пособие при гидробиологических рыбохозяйственных исследованиях водоемов Казахстана (планктон и бентос) – Алматы, 2018. – 42 с.
- 3 Кутикова Л.А., Старобогатов Я.И. Определитель пресноводных беспозвоночных Европейской части СССР. Гидрометеиздат, 1977. С.126–159.
- 4 Цалолыхин, С. Я. Определитель пресноводных беспозвоночных России и сопредельных территорий. Ракообразные. / С. Я. Цалолыхин. – С.-Пб.: Наука, 1995. – Т.4, 5, 6. – С. 304.
- 5 Ракообразные Т. Определитель пресноводных беспозвоночных России и сопредельных территории.– СПб.: Зоолог. институт РАН, 1995. – 628 с.

Демесинова Г.Т.¹, Кадимов Е.Л.², Камиева Т.Н.³

Атырауский филиал ТОО «Научно-производственный центр рыбного хозяйства»,
г. Атырау, Республика Казахстан
E-mail: demessinovag@mail.ru¹; kadimov.erbolat@mail.ru²; kamieva.2011@mail.ru³

Зерттеу жұмысы Алматы қаласында орналасқан Алматы экономикалық колледжінде (АЭК) жүргізілді. Зерттеу объектісі ретінде «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының 2019-2020 жылғы және 2020-2021 жылғы 1-курс студенттері алынды. Қашықтықтан оқыту кезіндегі студенттердің білім сапасын бағалау үшін 1 жыл алдыңғы (2019-2020 о/ж) дәстүрлі оқыту форматындағы студенттердің білім сапасы салыстырылды. Зерттеу жұмысын жүргізу үшін осы студенттердің жинақтық семестрлік тізімдемесі жасалып, студенттердің сабақ үлгерімі мен қатысуы жеке-жеке қарастырылып, соның негізінде проценттік көрсеткіш бойынша білім сапасы анықталды. Жұмыс барысында 2019-2020 оқу жылындағы дәстүрлі оқыту форматындағы білім сапасының көрсеткіштері мен 2020-2021 оқу жылындағы қашықтықтан оқыту форматындағы білім сапасының көрсеткіштері салыстырылды.


Зерттеу нәтижесі бойынша, 2019-2020 оқу жылында «0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығында қазақ бөлімінде 30 студенттің білім сапасы I семестрдің қорытындысы бойынша 84%-ды құраған (нәтижені 1 кестеден қараңыз). Оның ішінде жоғарғы бағаны топтың 26,6 % (8 студент), жақсы көрсеткішті 70% (21 студент), нашар бағаны топтың 3,3 % (1 студент) көрсетті. Бұл көрсеткіш, яғни студенттердің сабақ үлгерімі мен сабаққа қатысуы қалыпты оқыту форматында 84% көрсеткішті көрсетсе, ал қашықтықтан оқыту форматында 14%-ға дейін төмендеп, 70%-ға жетіп отыр.

Кесте 1. Бірінші курс студенттерінің қалыпты және қашықтықтан оқыту бойынша білім сапасының көрсеткіштері, %

Зерттеу нысаны	Оқыту форматы	Топтағы барлық студенттер саны	Орташа оқитын студенттер саны	Жақсы оқитын студенттер саны	Үздік оқитын студенттер саны	Білім сапасының көрсеткіштері, %
----------------	---------------	--------------------------------	-------------------------------	------------------------------	------------------------------	----------------------------------

1 курс	Қалыпты жағдайда оқыту	30	1 3,3%	21 70%	8 26,7%	84%
	Қашықтықтан оқыту	36	13 16,7%	23 83,3%	-	70%

2020-2021 оқу жылында дәл осы мамандықтың қазақ бөлімінде оқитын студенттердің жалпы саны 36 болды. Оның ішінде семестрлік қорытынды бойынша топта үздік нәтиже көрсеткен студенттер жоқ. Жақсы көрсеткішпен топтың 83,3%-ы (23 студент), нашар бағаны 16,7 %-ы (13 студент) көрсетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда сапа көрсеткішін төмендетті. Яғни, студенттердің білім сапасы дәстүрлі оқыту форматымен салыстырғанда айтарлықтай төмендеген (нәтижені 1 суреттен қараңыз). Мұндай білім сапасы деңгейінің төмендеуін студенттер интернет желісінің нашарлығымен, сондай-ақ АКТ құралдарының жетіспеушілігімен түсіндіреді.



Сурет 1. 1 курс студенттерінің қалыпты және қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша студенттердің білім сапасының көрсеткіштері

Осылайша, пандемия кезінде қашықтықтан оқыту формасы өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетті. Зерттеу нәтижесі көрсетіп тұрғандай, дәстүрлі оқыту форматын бірден ысырып тастап, жаңа жүйеге өту тиімсіз, яғни мұның нәтижесінде білім сапасы төмендейді. Осыған байланысты білім алушылардың педагогтармен тығыз байланысын қамтитын дәстүрлі нысандармен бірлесіп қашықтықтан оқыту нысандарын қолданудың жаңа әдістемесін ойластыру қажет.

Студенттер тұрғысынан алып қарайтын болсақ та, қашықтықтан оқыту жүйесінің тиімділігінің айтарлықтай басымдылыққа ие екенін байқадық.

Әдебиеттер

- 1 Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
- 3 Программно-технические средства дистанционного обучения: Словарь терминов/Сост. А.Н.Сергеев, А.В.Сергеева.–Тула: изд-во ТГПУ им. Л.Н. Толстого, 2010.

4 Джусубалиева Д.М.- Дистанционное обучение - перспективная технология XXI века // Материалы международной научно- практической конференции «Трансформация образования в условиях информационного общества», 2014. - Астрахань, Россия. Институт мировой экономики и финансов, 2014.

С. М. Мадениетова, Г. К. Атанбаева, А.Мейраш, М.С.Кулбаева
Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан
madenietova98@inbox.ru

ОЦЕНКА КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация. Статья посвящена системе дистанционного образования, которая является одной из актуальных на сегодняшний день. В связи с этим в качестве теоретической основы проблемы исследования был представлен краткий обзор и проанализирована исследовательская работа по конкретному объекту. Основной целью является изучение и анализ применения дистанционных форм обучения в образовании на современном этапе развития общества на основе сравнения с классической формой получения образования. Анализируются преимущества и недостатки дистанционного обучения. Выявляются изменения качества знаний студентов колледжа в условиях традиционного и дистанционного обучения. В статье сравнивались показатели качества образования в традиционном формате обучения в 2019-2020 учебном году и показатели качества образования в формате дистанционного обучения в 2020-2021 учебном году.

Ключевые слова: система дистанционного обучения, качество образования, студенты колледжей, традиционная система обучения

S. M. Madeniyetova, G. K. Atanbayeva, A.Meirash, M.S.Kulbaeva
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
madenietova98@inbox.ru

ASSESSMENT OF THE QUALITY OF STUDENTS' EDUCATION IN THE CONDITIONS OF DISTANCE LEARNING

Annotation. The article is devoted to the distance education system, which is one of the most relevant today. In this regard, as a theoretical basis for the research problem, a brief overview was presented and the research work on a specific object was analyzed. The main goal is to study and analyze the use of distance learning in education at the present stage of development of society based on comparison with the classical form of education. The advantages and disadvantages of distance learning are analyzed. Changes in the quality of knowledge of college students in the conditions of normal and distance learning are revealed. The article compared the indicators of the quality of education in the traditional format of education in the 2019-2020 academic year and the indicators of the quality of education in the distance learning format in the 2020-2021 academic year.

Key words: distance learning system, quality of education, college students, traditional learning system

ӘОЖ 304.18

А. Мусинова¹, А.Мейраш¹, С.Мәдениетова¹, Г. К. Атанбаева², Н.Сейдалиева²

¹ биофизика және биомедицина, нейробиология кафедрасының магистранты,
Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

² б.ғ.к., доцент, Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

¹e-mail: ainura_99_99@inbox.ru

²e-mail: gulshat.atanbaeva.76@mail.ru

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ЖӘНЕ СЫНЫПТА ОҚУЫ БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРУ

Аннотация. Әлемдік пандемия біздің елді де айналып өткен жоқ. Нәтижесінде Қазақстанның білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер орын алды. Бұрындары үнемі жаңашылдыққа ұмтылған және тың ақпаратты игергісі келетін білімпаз жан кітапханалардың, білім ордаларының табалдырығын тоздырып, том-том кітаптардан ізденетін. Ал қазір инновация заманында дербес компьютер бен галамтор болса жеткілікті. Инновация заманының бір тиімділігі 2020 жылы кеңетпен келген қашықтықтан оқу әдісіне

оңтайлы болды. Осы мақалада қашықтықтан оқу мен дәстүрлі оқуды салыстырып, қай әдіс тиімді болғанын бөлісетін боламын.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, қашықтықтан оқыту, пандемия, оқыту әдістері, онлайн, оффлайн, COVID-19.


Бүгінгі таңда ақпараттық технология мен телекоммуникация құралдарының жедел түрде дамып, әлемде ақпараттың жыл сайын еселеніп өсуі салдарынан білім және технологияның жаңа салалары қарқынды дами бастады. Қазақстан Республикасы Президенті өзінің халыққа Жолдауында заман талабына сай цифрландыру, ақпараттық технологияны жедел дамыту керектігін, білім беру саласында оқытудың да озық әдістерін меңгеруді міндеттеген еді [1]. Оның үстіне елде аса қауіпті індет коронавирус ауруы тарап, төтенше жағдай жариялануына байланысты карантин енгізілуі амалсыздан қашықтықтан білім беру форматын енгізуге тура келді. Сондықтан да қашықтықтан білім беру технологиясын жақсы меңгеру керектігін қазіргі таңда өмір талап етіп отыр [2].

Негізінен, қашықтықтан оқыту дегеніміз - мұғалім мен оқушы бір бірінен белгілі бір себептермен алшақ болған жағдайда қолданылатын оқыту әдісі болып табылады. Қазіргі таңда қашықтықтан оқытуды іске асыру үшін бейнежазба, аудиожазба, веб-курстар секілді көптеген жаңа технологиялар қолданылып келе жатыр. Бірақ, танымалдылығына қарамастан онлайн білім беру қарамастан онлайн білім беру кедергісіз болмады. Қашықтықтан оқытуға деген үлкен сұранысқа қарамастан, оның ерекшелігі, артықшылығы мен кемшіліктерін білген жөн [3].

Қашықтан оқытудың өзіндік тиімді жақтары орын алуда. Оның тиімді жақтары жүктелген материалдарды оқушылардың кез-келген уақытта қарап, игере алуы. Әр оқушы оқу материалдарын өз қарқынына қарай игеріп, жүктелген дәрістерді, видео-дәріс материалдарын бірнеше рет қарап, күрделі сұрақтарды терең меңгеруге мүмкіндік алады. Қашықтықтан білім алудың тағы бір артықшылығы, қашықтықтан білім алу арқылы оқушы жоғары баға алу мүмкіндігіне ие [4]. Ғалымдардың зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қашықтықтан оқыту нәтижелерінен алған бағалар, дәстүрлі білім беруде алған бағалардан жоғары екендігін көрсетуде. Оқу материалдарын оқушылар өздігімен оқитын болғандықтан тақырыптарды есте сақтау, түсіну қабілеті артады. Қашықтықтан оқу барысында оқушы жаңа технологияларды, программалық бағдарламалармен танысуға мүмкіндік алады. Мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс әртүрлі әдістермен онлайн және офлайн арқылы жүзеге асады. Электронды пошта арқылы кеңес беру, оқушылар жіберген материалдарды қарап, сұрақ-жауап жазу қазіргі жағдайда өте тиімді болуда. Қашықтықтан оқыту арқылы оқушылар үшін оқулық пен әдістемелік кешеннің жетіспеушілігі сияқты мәселелер орын алмайды [5].


Қашықтықтан және дәстүрлі оқу әдістеріне сипаттама беріп, артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтай отыра мақала бойынша экспериментке өзім оқыған Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің 8 сынып оқушыларының биология пәні бойынша он-лайн және офф-лайн форматтағы 1 тоқсандық білім көрсеткіштерін алған болатынмын.

Зерттеу барысында қашықтықтан оқыту әдісі бойынша 2019-2020 жылғы 8 сынып оқушылары 1 тоқсан қорытындысы бойынша 20 оқушының 4-«5», 7-«4», 9-«3» деген нәтиже көрсеткен болатын (1-сурет). Бұл дегеніміз пайызбен есептегенде 55% білім көрсеткіші болып табылады.




Сурет 1. 2019-2020 жылғы 8 сынып оқушыларының 1 тоқсан бойынша қорытынды диаграммасы

Дәстүрлі оқыту әдісі бойынша 2020-2021 оқу жылындағы 8 сынып оқушыларының білім сапасын зерттейтін боламыз. Бұл жылғы 8 сынып оқушылары барлығы 24 оқушы 1 тоқсан қорытындысы бойынша 6-«5»,10-«4»,8-«3» деген көрсеткіш көрсеткен. Бұл дегеніміз пайызбен есептегенде 67% болып табылады (2-сурет).



Сурет 2. 2020-2021 жылғы 8 сынып оқушыларының 1 тоқсан бойынша қорытынды диаграммасы

Әр жылдағы 8 сынып оқушыларының 1 тоқсан бойынша білім көрсеткішін ала отыра,онлайн және оффлайн форматты салыстырдым. (3 сурет).



Сурет 3. Оқу әдістерінің салыстырмалы диаграммасы

Қорыта келе, қашықтықтан оқыту оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де тиімді екендігін уақыт дәлелдеді. Қашықтықтан оқыту жүйесіне ата-аналардың көзқарасы жақсы қалыптасып келеді. Әсіресе, ата-аналар үшін қашықтан оқыту материалдық жағдайының тиімді болуын қарастырады. Оқу әдістерін салыстыра келе оқушылар дәстүрлі оқыту әдісі бойынша жоғары көрсеткішті көрсетті. Салыстыра келе оқушыларға дәстүрлі оқу форматы қиындық тудырмады. Әлемдік пандемия әсерінен кенеттен енгізілген онлайн оқу форматы оқушыларға оңай болмады деп ойлаймын. Себебі, кейбір жерлерде ғаламтор мен дербес компьютерге қол жетімділік болмады. Нәтижелерді салыстыра келе дәстүрлі оқу әдісінің тиімді деп ойлаймын, себебі нәтижелері қашықтықтан оқу әдісіне қарағанда жоғарырақ. Оқушылардың сабақты толық түсініп, өз ойын ашық жеткізіп, есте жақсы сақтау үшін де мен дәстүрлі оқу форматын қолдаймын.

Әдебиеттер

- 1 «STEAM – білім беруді дамытудың өзекті аспектілері»: облыстық ғылыми- C79 әдістемелік конференцияның материалдар жинағы. – Шымкент: «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚ БАИ, 2020.
- 2 «Қашықтан оқу жағдайында тиімді сабақ ұйымдастыру жолдары» атты конференция жинағы-«Ұстаз тілегі» ғылыми-әдістемелік орталығы, тамыз 2020.
- 3 Научная статья на тему «Дистанционное обучение: плюсы и минусы».
- 4 Демкин В.П., Можаева Г.В. Технологии дистанционного обучения. Томск: Изд-во Том. унта, 2003. 106 с.
- 5 Кирсанова Е.В., Черненко В.И. К вопросу о дистанционном образовании // Вестник ассоциации вузов туризма и сервиса, 2012. № 3. С. 78-82.
- 6 El Mansour B., Mupinga D.M. Students' positive and negative experiences in hybrid and online classes // College student journal, 2007. Т. 41. № 1. С. 242.
- 7 Knowles M.S., Holton III E.F., Swanson R.A. The adult learner: The definitive classic in adult education and human resource development // Routledge, 2014.

А. Мусинова¹, А.Мейраш¹, С.Мәдениетова¹, Г. К. Атанбаева², Н.Сейдалиева²

¹магистрант кафедры биофизики и биомедицины, нейронных наук, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

²доцент, к. б.н. Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

¹e-mail: ainura_99_99@inbox.ru

²e-mail: gulshat.atanbaeva.76@mail.ru

СРАВНЕНИЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ ПО ДИСТАНЦИОННОМУ И КЛАССНОМУ ОБУЧЕНИЮ ПОДРОСТКОВ

Аннотация. *Мировая пандемия не обошла и нашу страну. В результате произошли значительные изменения в системе образования Республики Казахстана. Раньше каждый человек, постоянно стремящаяся к инновациям и стремящаяся к освоению новой информации, переступала порог библиотек, учебных заведений, искала информации в книгах. А сейчас, в эпоху инноваций, достаточно иметь компьютер и интернет. Одна из наиболее эффективных в 2020 году технологий инноваций была оптимальна для дистанционных методов обучения. В этой статье я сравню дистанционное обучение и традиционное обучение и поделюсь, какой метод был наиболее эффективным.*

Ключевые слова: *информационные технологии, дистанционное обучение, эпидемия, методы обучения, онлайн, оффлайн, COVID-19.*

A.Musinova¹, A.Meirash¹, S.Madenietova¹, G.K.Atanbayeva², N.Seidalieva²

¹ Master's student of the Department of Biophysics and Biomedicine, Neural Sciences, Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

² Docent, Candidate of Biological Sciences Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

¹e-mail: ainura_99_99@inbox.ru

²e-mail: gulshat.atanbaeva.76@mail.ru

COMPARISON OF INDICATORS OF THE QUALITY OF EDUCATION FOR DISTANCE AND CLASSROOM LEARNING OF ADOLESCENTS

Annotation. The global pandemic has not bypassed our country either. As a result, there have been significant changes in the education system of Republic Kazakhstan. Previously, every person, constantly striving for innovation and striving to master new information, crossed the threshold of libraries, educational institutions, searched for information in books. And now, in the era of innovation, it is enough to have a computer and the Internet. One of the most effective innovation technologies in 2020 was optimal for distance learning methods. In this article, I will compare distance learning and traditional learning and share which method was the most effective.

Key words: information technology, distance learning, epidemic, teaching methods, online, offline, Covid-19.

ӘОЖ 304.18

А. Мусинова¹, А.Мейраш¹, С.Мәдениетова¹, Г. К. Атанбаева², Н.Сейдалиева²

¹ биофизика және биомедицина, нейробиология кафедрасының магистранты,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

² б.з.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

¹e-mail: ainura_99_99@inbox.ru

²e-mail: gulshat.atanbaeva.76@mail.ru

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ БОЙЫНША ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН «INSERT», «КУБИЗМ», «RAFT», «СИНКВЕЙН» ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІН АНЫҚТАУ

Аннотация. Бүгінгі таңда ақпараттық технология мен телекоммуникация құралдарының жедел түрде дамып, әлемде ақпараттың жыл сайын еселеніп өсуі салдарынан білім және технологияның жаңа салалары қарқынды дами бастады. Қазақстан Республикасы Президенті өзінің халыққа Жолдауында заман талабына сай цифрландыру, ақпараттық технологияны жедел дамыту керектігін, білім беру саласында оқытудың да озық әдістерін меңгеруді міндеттеген еді. Оның үстіне елде аса қауіпті індет коронавирус ауруы тарап, төтенше жағдай жариялануына байланысты карантин енгізілуі салдарынан қашықтықтан білім беру форматын енгізуге тура келді. Нәтижесінде Қазақстанның білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер орын алды. Мақалада қашықтықтан оқыту әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері айқындалып, білім сапасына қалай әсер еткендігі анықталады.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, қашықтықтан оқыту, пандемия, оқыту әдістері, онлайн, оффлайн, COVID-19.

Кез келген білім ордасының мақсаты мен мұраты алдыңғы қатардағы өркениетті елдердің қатарынан көрінетін, берілген білімді жоғары деңгейде игере білетін сауатты, салауатты ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Білім ордасы ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде мүмкіндіктері орасан зор [1].

Жыл сайын отандық және шетелдік білім беру тәжірибесінде қашықтықтан оқытудың өзектілігі артып келеді; жаһандық цифрландыру білім алушыларға қашықтықтан білім беруді меңгеруге мүмкіндік беретін заманауи әдістер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларға ғана негізделген арнайы білім беру технологияларын жаңартуды талап етеді. Мұнда білім беру блоктарын ұсынатын әртүрлі онлайн платформаларға қол жеткізу үшін оқушыларға қажетті цифрлық гаджеттермен қамтамасыз ету де маңызды рөл атқарады [2].

Отандық білім беру жүйесінде 2020 жылдың басында басталған коронавирустық пандемия жағдайында қашықтан оқытуға күрт көшу негізгі міндетке айналды. Екінші жағынан, осы мәжбүрлі шараның арқасында білім беру процесінің әрбір қатысушысы (оқушылар, мұғалімдер, әкімшіліктер) цифрлық технологияларды меңгеруде жаңа тәжірибеге ие болды. Қашықтықтан оқыту – отандық стратегиялық білім беру міндеті, тек пандемия жағдайына байланысты емес, оны дамытудың жоспары он жыл бұрын бекітілген [3].

Біздің зерттеуіміз бойынша Қашықтықтан оқыту әдісінде өткізілген сабақтың көрсеткіштерін алу үшін сыныпта оқыту әдісімен сабақ өткізілген Ә.Қарсақбаев атындағы №41 орта мектебінің 8 «ә» сынып оқушылары алынған болатын. Сыныпта барлығы 22 оқушы. Зерттеуді 2 кезеңге бөліп қарастырдық. Алдымен қашықтықтан дәстүрлі сабақ өткіздік. Ал тәжірибе кезеңі ретінде Инсерт, Кубизм, Рафт, синквейн әдістерін қолдану арқылы сабақ өткіздік. Сабақ мектепте қолайлы онлайн платформа- «Zoom» арқылы болды.

Қашықтықтан оқыту бойынша бақылауға алынған дәстүрлі сабақ презентация арқылы сабақ түсіндіріліп, сұрақтар қойылды. Оқушылар сабаққа қатысымын «орташа» деңгейде деп бағалады. Сабақтың нәтижесі бойынша 5-«5»,12-«4»,5-«3» көрсеткішін көрсетті. Білім сапасы 77% құрады.

Инсерт әдісімен өткізілген сабақта оқушылар жаңа тақырып бойынша кітаптарына белгішелермен белгілеп, оны дәптерлеріне кесте түрінде түсірді. Оқушылардың сабаққа қатысымы «орташа» деңгейде. Инсерт әдісі арқылы өткізілген сабақтан алынған көрсеткіш бойынша 6-«5» ,10-«4» ,6-«3» деген көрсеткіш көрсетті (1-кесте). Үлгерім сапасы 73% болды.


Кесте 1. Қашықтықта оқыту бойынша білім сапасының көрсеткіші

Топ	Әдіс тәсілдер	Оқушылар саны	«5»	«4»	«3»	Сапа	Үлгерім
Дәстүрлі әдіс арқылы	Дәстүрлі сабақ	22	5	12	5	77%	10%
Жаңа әдіс-тәсілдер арқылы	INSERT		6	10	6	73%	
	Кубизм		7	12	3	86%	
	RAFT		7	11	4	82%	
	Синквейн		7	10	5	77%	

Кубизм әдісімен өткізілген сабақта оқушылар презентациямен жаңа тақырып түсіндіріліп, кубик арқылы сұрақтарға жауап берді. Оқушылардың сабаққа қатысымы «жоғары» деңгейде болды. Кубизм әдісі арқылы өткізілген сабақтан алынған көрсеткіш бойынша 7-«5»,12-«4»,3-«3» деген нәтиже көрсетті. Үлгерім сапасы 86% болды.

Рафт әдісімен өткізілген сабақта оқушылар әр түрлі рөлге еніп, сабақта өз білгендерімен бөлісті. Оқушылардың сабаққа қатысымы «жоғары» деңгейде болды. Рафт әдісі арқылы өткізілген сабақтан алынған көрсеткіш бойынша 7-«5»,11-«4»,4-«3» деген нәтиже көрсетті. Үлгерім сапасы 82% көрсетті.

Синквейн әдісімен өткізілген сабақта оқушылар термин сөздерге 5 жолдық өлең құрады. Оқушылардың сабаққа қатысымы «орташа» деңгейде болды. Синквейн арқылы өткізілген сабақтан алынған көрсеткіш бойынша 7-«5»,10-«4»,5-«3» деген нәтиже көрсетті. Үлгерім сапасы 77% болды.




Сурет 1. Қашықтықтан өткізілген сабақ нәтижелерінің әдістер бойынша өзгерісі

Екі кезең бойынша әдістерді өзара салыстыра келе, дәстүрлі сабақтың сапасы 77%, ал инсерт әдісі бойынша білім сапасы түсіп кетті. Себебі, инсерт әдісі кітаптан мағлұматтарды белгілеп, дәптерге кесте түрінде түсіретін болғандықтан кейбір оқушылардан кері байланыс ала алмаған жағдай болды. Ал басқа жаңа әдіс-тәсілдер бойынша дәстүрлі сабаққа қарағанда

білім сапасы жоғары болды. Қашықтықтан оқыту әдісі арқылы өткізілген сабақтың нәтижесі бойынша ең тиімді әдіс - Кубизм болды. Әдістердің үлгерім сапасы бойынша өзгерісін (1-суреттен) көре аламыз. Қашықтықтан оқыту бойынша дәстүрлі сабақ пен әдіс тәсілдер арқылы өткізілген сабақтың нәтижелерін салыстыра келе, дәстүрлі сабақ 77%, ал әдіс тәсілдер арқылы өткізілген сабақ орта есеппен 81% көрсеткішті көрсеткен болатын. Осы нәтиже бойынша әдіс тәсілдер арқылы өткізілген сабақтың нәтижесін жоғарылағанын байқасақ болады (2-сурет).

Қашықтықтан оқыту бойынша дәстүрлі сабақ пен әдіс тәсілдер арқылы өткізілген сабақтың нәтижелерін салыстыра келе, дәстүрлі сабақ 77%, ал әдіс тәсілдер арқылы өткізілген сабақ орта есеппен 81% көрсеткішті көрсеткен болатын. Осы нәтиже бойынша әдіс тәсілдер арқылы өткізілген сабақтың нәтижесін жоғарылағанын байқасақ болады.



Сурет 2. Қашықтықтан дәстүрлі сабақ пен жаңа әдіс-тәсілдер арқылы өткізілген сабақтың нәтижелерін салыстыру

Қорытындылай келе, қашықтықтан оқыту әдісі арқылы өткізілген сабақтың нәтижесі бойынша ең тиімді әдіс - Кубизм болды. Ал төмен нәтиже көрсеткені - Инсерт әдісі болды.

Әдебиеттер

- 1 Кудрина, Е.В. Современное общество и дистанционное обучение. / Кудрина Е.В. // Психолого-педагогический журнал Гаудеамус. - 2010. Т. 2. - № 16. - С. 57-58.
- 2 Куликова, Е.В., Сорока Е.Г. Дистанционное обучение как технологическое решение электронно-образовательной среды вуза. / Е.В., Сорока Е.Г. // Вестник Сибирского института бизнеса и информационных технологий. - 2017. - № 1 (21). - С. 108-112.
- 3 Джусубалиева Д., Организация непрерывного профессионального образования с применением дистанционной формы обучения / Д. Джусубалиева, А. Есполова/Высшая школа Казахстана.- 2004.- N2.-с.106-109.
- 4 Соловов, А.В. Дистанционное обучение: технологии и целевые группы. / Соловов А.В. // Высшее образование. - 2006. - № 7. - С. 119-124.
- 5 Царев, В.И. Преимущества дистанционного обучения // Высшее образование. - 2000. - № 4. - С. 124-126.

А. Мусинова¹, А.Мейраш¹, С.Мәдениетова¹, Г. К. Атанбаева², Н.Сейдалиева²

¹магистрант кафедры биофизики и биомедицины, нейронных наук,

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

²доцент, к. б.н. Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

¹e-mail: ainura_99_99@inbox.ru

²e-mail: gulshat.atanbaeva.76@mail.ru

ОПРЕДЕЛЕНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ МЕТОДОВ «INSERT», «КУБИЗМ», «RAFT», «СИНКВЕЙН», ИСПОЛЬЗУЕМЫХ В ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ ПОДРОСТКОВ ПО ДИСТАНЦИОННОМУ ОБУЧЕНИЮ

Аннотация. Сегодня в связи с ускоренным развитием информационных технологий и средств телекоммуникаций, ежегодным ростом информации в мире, новые отрасли образования и технологии начали стремительно развиваться. Президент Республики Казахстан в своем Послании народу поставил задачу - в

современных условиях цифровизации, ускоренного развития информационных технологий, овладения передовыми методами обучения в сфере образования. Кроме того, в связи с распространением в стране особо опасной эпидемии коронавируса, введением карантина в связи с объявлением чрезвычайного положения пришлось ввести дистанционный формат образования. В результате произошли значительные изменения в системе образования Казахстана. В статье раскрываются преимущества и недостатки дистанционных методов обучения и выясняется, как они повлияли на качество образования.

Ключевые слова: информационные технологии, дистанционное обучение, эпидемия, методы обучения, онлайн, оффлайн, COVID-19.

A.Musinova¹, A.Meirash¹, S.Madenietova¹, G.K.Atanbayeva², N.Seidalieva²

¹ Master's student of the Department of Biophysics and Biomedicine, Neural Sciences,
Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

² Docent, Candidate of Biological Sciences Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

¹e-mail: ainura_99_99@inbox.ru

²e-mail: gulshat.atanbaeva.76@mail.ru

DETERMINATION OF THE RESULTS OF THE METHODS "INSERT", "CUBISM", "RAFT", "CINQUAIN" USED IN IMPROVING THE QUALITY OF EDUCATION OF ADOLESCENTS IN DISTANCE LEARNING

Annotation. Today, due to the accelerated development of information technologies and telecommunications, the annual growth of information in the world, new branches of education and technology have begun to develop rapidly. In his Address to the people, the President of the Republic of Kazakhstan set a task - in modern conditions of digitalization, accelerated development of information technologies, mastering advanced teaching methods in the field of education. In addition, due to the spread of a particularly dangerous coronavirus epidemic in the country, the introduction of quarantine in connection with the declaration of a state of emergency, it was necessary to introduce a distance education format. As a result, there have been significant changes in the education system of Kazakhstan. The article reveals the advantages and disadvantages of distance learning methods and finds out how they affected the quality of education.

Key words: information technology, distance learning, epidemic, teaching methods, online, offline, COVID-19.

ӘОЖ 371.388.3

Ұ. Нұрдаулетқызы

әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

nuurdauletova@gmail.com

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫҚТЫРЫН АРТТЫРУ

Аннотация. Жалпы білім беру мектептерінде жаратылыстану бағытында оқытылатын пәндердің қосымша практикалық сабақтармен толыққанды оқытылмауы елімізде білім саласын ақсатып тұр. Осы арқылы қазіргі таңда пәнге деген қызығушылық азайып білім сапасына әсерін тигізуде. Мақалада мектеп қабырғасында жүргізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарының барысы мен оның нормалары туралы айтылатын болады.

Түйін сөздер: жаратылыстану, ғылыми зерттеу жұмыстары, бағдарлама.

Кіріспе. Білім беру саласының негізгі мақсаты – бой жетіп келе жатқан өскелең жас ұрпақтың білім саласындағы біліктілігін қалыптастырып қана қоймай, жас ұрпақтың қоршаған ортадан өздеріне қызықты мәліметтерді өздері іздеп тауып және анализ жасай алатын, сондай-ақ алынған мәліметті өмірде пайдалана білетін, осы заманға лайықты кәсіп иесі болуға дағдыланған жеке адамның тұлғалық қасиеттерді қалыптастыра білу болып отыр. Жалпыға бірдей білім беретін мектеп оқушыларының мектеп қабырғасында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысуы қазіргі уақыттың негізгі талабы. Мектептегі ғылыми-зерттеу жұмыстары өз дамуының жаңа кезеңінен өтуде және білім беруді жаңғырту бағыттарының бірі болып табылады. Оның үстіне көбіне ғылыми-зерттеу жұмыстары таңдаған пән мұғалімнің бастамасымен жүзеге асады. Студенттердің ғылыми-зерттеу

жұмыстарын ұйымдастырушы және жетекші қызметін атқаратын және сәйкесінше жұмыстың нәтижесіне жауап беретін мұғалім.

Жоғарыда айтылған іс-шаралар мұғалімдерден арнайы қосымша білім мен ғылыми қызмет тәжірибесін талап етеді, сондықтан олардың көпшілігі белгілі бір қиындықтарға тап болады. Ал, қазіргі мектепте мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстары кеңінен өріс алды. Көптеген оқу орындарында студенттердің ғылыми қоғамдары жұмыс істейді, жыл сайын ғылыми жұмыстар конкурстары, мектеп конференциялары өткізіліп тұрады.

Бұл оқу құралының мақсаты – мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда және жүзеге асыруда мұғалімдердің өз пәніне деген қызығушылығын арттыру. Ол өз кезегінде болашақ білікті мамандарды дайындауға алғышарт.

Әдебиетке шолу. Ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) - қазіргі жаңа танымдарды алуды кеңейту, академиялық гипотезаларды бақылау, әлемде, табиғатта көрінетін заңдылықтарды анықтау, жоспарларды академиялық жинақтау, академиялық түсіндіру мақсаттарында ізденіспен, зерттеулер жүргізумен, эксперименттермен ұштасатын академиялық адамгершілік қызметі [1]. Кеңестік дәуірде қолданысқа енген ғылыми-зерттеу жұмысы термині Халықаралық стандартпен (ГОСТ) 1998 жылы орындау тәртібі [2] және 2017 жылы есепті дайындау әдіснамалары дайындалды [3] және қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 38-тарауымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдеде бекітілген “Ғылым туралы” Заңы ғылым мен білімді ұйымдастыруды одан әрі қарай дамытудың, инновация мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың, кадрлар дайындаудың, ұлттық ғылымды әлемдік ғылыми өркениетке интеграциялаудың алғашқы қадамын жасауына алғышарт құжат болды. Одан бөртін мемлекеттің білім және ғылым саласын дамыту үшін бірнеше стратегиялар қабылданды. Мәселен, «2010 жылға дейінгі білімді дамыту стратегиясы» (2001 жыл), «2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (2004 жыл) [4].

Жалпыға бірдей білім беру мектептері және жоғары оқу орнындағы білім алушылардың білімін дамыту мақсатында мемлекеттік деңгейде әр түрлі деңгей-дәрежедегі оқу мекемелерін кәсіпкерлендіру мен аттестациялаудың әр түрлі дәрежедегі нормалары белгіленді.

Болашақ білікті мамандар даярлауды жаңарту мен жақсарту мақсатында «Дарын» және «Зерде» мемлекеттік бағдарламалары іске асырылу үстінде. Бұл жоғарыда аталған бағдарламалар өскіншек жас ұрпақтарға тәрбие мен білім берудегі білім мекемелерінің негізгі стратегиялық жұмыстарын белгілейді [5].

Білім алушылардың оқу мен зерттеу жұмыстары оқушылардың алдына қойылған ғылыми мақсаттары мен жеке міндеттерін ара жігін ажырату процесі деп айтылады. Бұлай оқытудың басты мақсаты оқушылардың осы күнге дейін өткерген өзінің тәжірибесінен және оқи таныған басқа тұлғалардың тәжірибесінен оқып-үйрену дағдыларын қалыптастыру үшін қолайлы орта жасау болып табылады [6].

Бүгінгі таңда білім алушылардың эксперименттік жұмысы оқушылардың ғылымның, техниканың, өнердің әртүрлі салаларында бұрын таныс емес қорытындымен, шығармашылық зерттеу проблемасымен ұштасатын оқу-тәрбие қызметінің нысаны ретінде көзделеді, сонымен қатар академиялық зерттеу мақсатына тән негізгі сатылардың болуын көздейді: проблеманы қою, осы проблематикаға сәйкес әдебиетпен танысу, зерттеу технологиясын игеру, өзінің пайдаланылған материалын алу, оны зерттеу сондай-ақ синтез және қорытынды [7].

Негізгі бөлім. Қазіргі уақытта мектеп оқушыларын зерттеуді ұйымдастырудың негізгі мақсаты білім алушылардың зерттеу позициясын, аналитикалық ойлау қабілеттерін жақсарту болып табылады. Мақсаттың нәтижесі ретінде, ғылыми-зерттеудің әр түрлі деңгейінде оқушыға белгілі бір еркіндік, бостандық беру керек, кейде маңызды қағаздарға зиян келтіруге де мүмкіндік беру қажет. Әйтпесе, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың негізгі мәні болып табылатын зерттеу біртіндеп репродуктивті оқу жүйесінде стандартты оқу кезеңдерінің әдеттегі тізбегіне айналуы мүмкін.

Бастауыш сынып оқушысын оқу және зерттеу қызметіне қосу мәселесі өте өзекті, бірақ әрқашан сәтті шешіле бермейді. Осыған байланысты бастауыш білім беру жүйесінде

оқушылардың оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайларды белсенді іздеу қажет. Бұл проблема әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін өзекті деп санаймыз, өйткені онтогенездің дәл осы кезеңінде оқу іс-әрекеті жетекші болып табылады және дамып келе жатқан тұлғаның негізгі танымдық ерекшеліктерінің дамуын анықтайды. Осы кезеңде ойлаудың негізгі формалары дамиды, бұл ғылыми білім жүйесін одан әрі игеруді, ғылыми, теориялық ойлауды дамытуды қамтамасыз етеді. Мұнда оқыту мен күнделікті өмірде өзін-өзі бағдарлау үшін алғышарттар жасалады. Бұл жаста өзін оқыту пәні ретінде тану басталады.

Мәселенің өзектілігі де білім берудің бастапқы сатысының құрылымын өзгерту бүгінгі реформалардың басты бағыты болып табылатындығынан. Оқытудың пәндік материалын мақсатты түрде игеру баланың осындай эмоционалдық, әлеуметтік және интеллектуалдық дамуының құралына айналады, бұл оқытудан өзін-өзі тәрбиелеуге көшуді, демек, кіші оқушының табысты әлеуметтенуін қамтамасыз етеді.

Әртүрлі үлгідегі білім беру мекемелерінде оқушылардың оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру тәжірибесі көрсеткендей, оқу-зерттеу қызметі:

- мектеп программасының барлық пәндері бойынша қызығушылықтарын арттыру, алынып жатқан білімнің ауқымдандыру және оның өзектілігін арттыру, өтіліп жатқан пәндерден пәнаралық байланыстарын қалыптастыру;

- негізгі және қосымша білім беру программаларын игеру жұмыстарында оқушылардың зияткерлік қадамдарын дамыту;

- ғылыми ойлау тәсілін дамыту үшін алғышарттар жасау;

- кез-келген қызмет түріне шығармашылық көзқарасты игеру;

- ғылыми қызметпен, фундаменталды ғылымдармен айналысудың беделіне деген көзқарасты қалыптастыру;

- оқушылар, педагогтар, ғалымдар мен мамандар арасында балалар ұжымы ішінде мазмұнды пәндік қарым-қатынас саласын қалыптастыру;

- қазіргі заман талабына сай АҚТ оқыту және коммуникациялық құралдармен жұмыс жасау;

- оқушы үшін мектептен тыс ой-өрісін дамытушы ортасын қалыптастыру;

- балалардың кәсіби өзін-өзі анықтауы;

- кәсіптік даярлық алу;

- балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;

- оқу-зерттеу қызметінің әртүрлі бағдарламаларын іске асыратын балалардың, педагогтердің, ғалымдар мен мамандардың ғылыми-педагогикалық қоғамдастығын қалыптастыру

Қазіргі заманда оқушылардың, білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметтері әртүрлі формалармен берілген. Олардың маңыздылары: оқушылардың ғылыми бірлестіктері (ОҒҚ), балалар мен жасөспірімдер бірлестіктері (оқушылардың қызығушылықтары бойынша), турнирлер, көрмелер, конференциялар, олимпиадалар, ғылыми-әдістемелік жиналыстар, Кіші Ғылым академиялары (КҒА).

Көптеген ұйымдардағы студенттердің эксперименттік жұмысы жалпы білім беру, орта білім беру және қосымша білім беру проекттерін жинаудың құралы болып отыр, бұл осы екі типтегі білім беру бағдарламаларына тән артықшылықтарды топтастыруға мүмкіндік береді: жалпы орта білімнің лицензиялық және кадрлық жұмыстарды арттыруға қоғам мен әлеуметтің мемлекеттік міндеттерін жасауға бағытталуы және қосымша білім мен ғылымның бағыты, оның қоғам туралы жеке көзқарасын дамыту, танымдық мотивацияны, мүмкіндіктерді, сондай-ақ бейімділіктерін қалыптастыру. Интеграцияның бұл тәсілі ерекше дамып келе жатқан білім беру саласын қалыптастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар баланың осы жұмыс барысында мұғалімнің, тәлімгер мен досының нақты беделіне, осы жасалынып жатқан жұмыс тұлғаларының бір-біріне ізгі ниетпен қарауына бағытталған бала мен мұғалім үшін де қолайлы, өзгеше дамушы білім беру ордасын құруға мүмкіндік береді.

Ал, тәлімгер өз кезегінде оқушыларды табиғат заңдылықтарымен таныстыра отыра биология пәніне баули алады.

Қортынды. Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі дегеніміз – алдына қойылған белгісіз мақсатты шешу үшін шығармашылық зерттеу жағдайларына жауап табып іздеумен байланысты, ғылымның барлық саласында ғылыми-зерттеуге тән басты кезеңдердің өткерілуін қажет ететін қызмет. Ғылыми-зерттеу оқушылардың алынған мәліметтерді бақылап нәтижелерін талдап, оған өз болжамдарын ұсынып, тұжырымдамаларды талдау және оны тексеру секілді басты шарттарды қолдану арқылы оқушылар үшін жаңа беймәлім мәселерді шешу мақсатымен анықталады. Биологияда микроорганизмдер, өсімдіктер немесе жануарлардың мектеп оқулықтарында берілмеген сан қилы мүмкіндіктерін зерттеу арқылы қызығушылығын арттырып, болашақ кәсіби маман дайындауға септігін тигізеді

Әдебиеттер

- 1 Research [Электронный ресурс]. Режим доступа <https://en.wikipedia.org/wiki/Research>
- 2 Межгосударственный стандарт [Электронный ресурс]. Режим доступа [ГОСТ 15.101-98 Система разработки и постановки продукции на производство \(СРПП\). Порядок выполнения научно-исследовательских работ, ГОСТ от 03 сентября 1999 года №15.101-98.](#)
- 3 Межгосударственный стандарт [Электронный ресурс]. Режим доступа [ГОСТ 7.32-2017 СИБИБД. Отчет о научно-исследовательской работе. Структура и правила оформления \(с Поправкой\), ГОСТ от 24 октября 2017 года №7.32-2017.](#)
- 4 Леонтович А.В. фРазговор об исследовательской деятельности: публицистические статьи и заметки. — М.: Знание, 2006.
- 5 Республиканский научно-практический центр “ДАРЫН” [Электронный ресурс]. Режим доступа <http://daryn.kz>
- 6 Алексеев Н.Г., Леонтович А.В., Обухов А.С., Фомина Л.Ф. Концепция развития исследовательской деятельности учащихся // Исследовательская работа школьников. — 2002.
- 7 Егорова Т.А. Развитие исследовательских умений и навыков детей старшего дошкольного возраста в процессе коммуникативной деятельности // Исследовательская работа школьников. — 2004.

У. Нурдаулетқызы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
nuurdauletova@gmail.com

ПОВЫШЕНИЕ ИНТЕРЕСА К БИОЛОГИИ ЧЕРЕЗ ПРОВЕДЕНИЕ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЫ СО ШКОЛЬНИКАМИ

Аннотация. Неполное преподавание предметов естественнонаучного направления в общеобразовательных школах с дополнительными практическими занятиями в стране хромает в сфере образования. В настоящее время интерес к предмету снижается и влияет на качество знаний. В статье будет рассказано о ходе научно-исследовательской работы в стенах школы и ее нормах.

Ключевые слова: *естествознание, научно-исследовательская работа, программа.*

U. Nurdauletkyzy

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
nuurdauletova@gmail.com

Increasing interest in biology through research work with schoolchildren

Annotation. Insufficient teaching of natural sciences in general education schools with additional practical training hinders the development of education in the country. Thus, today interest in the subject is declining and affects the quality of education. The article will talk about the progress of research work in the school and its standards.

Key words: *natural science, research, program.*

Ж. Нұрлан*әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
zhaniya_nurlan@mail.ru

МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ҮШІН ТІРІ ТАБИҒАТ БҰРЫШЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аннотация. Біздің елімізде білім беру үдерісіне үлкен көңіл бөлініп жатыр. Әсіресе жаратылыстану пәндерінің маңызы зор. Қазіргі таңда биология сабағында оқушылардың қызығушылығын арттырудың әртүрлі әдістері бар. Соның бірі тірі табиғат бұрышын ұйымдастыру. Табиғат бұрышын ұйымдастыра отырып, мұғалім оқушылардың білімін толықтырады, сонымен қатар практикалық дағдыларды терең меңгеруіне көмектеседі. Бұл мақала мектепте биологияны оқыту үшін тірі табиғат бұрышының маңыздылығын қамтитын болады.

Түйін сөздер: тірі табиғат бұрышы, ботаникалық бөлім, зоологиялық бөлім.

Кіріспе. Тірі табиғат бұрышы биология сыныбының аса маңызды бір бөлігі болып табылады. Тірі табиғат бұрышы негізінен оқушылар міндетті оқу тапсырмаларын, үйірме жұмыстарын, бақылаулар мен эксперименттер жүргізетін эксперименталды база болып табылады. Болашақ ұрпақтың сапалы білім алуы үшін қазіргі заманғы әдістер мен технологияларды енгізу, жалпы білім беру жүйесінің инновациясы, жастардың білімге қол жеткізуін кеңейту проблемалары мемлекеттік деңгейде қарастырылып, еліміздің білім беру жүйесіне үлкен міндеттер жүктейді. Тірі табиғат бұрышы биология кабинетін толықтырады. Ол табиғаттың тірі объектілерін қамтиды. Тірі табиғат бұрышының негізгі міндеті – оқушыларды қоршаған ортаға құрметпен қарауға тәрбиелеу, табиғат объектілерімен жұмыс істеу, олардың бақылау дағдыларын қалыптастыру. Мұнда оқушылар тірі заттармен тәжірибе жасай алады, оларды бақылай алады. Ұзақ мерзімді бақылаулар зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Әдебиетке шолу. Тірі табиғат бұрышы тек тірі өсімдіктер мен жануарлардың мекені емес, сонымен қатар оқушыларға тәжірибелерді, білімді бекітуге ықпал ететін әртүрлі практикалық және зерттеу жұмыстарын жүргізетін орын [1]. Тірі табиғат бұрышында биология пәнінен оқу жоспарында және сыныптан тыс жұмыстарда қарастырылған зертханалық жұмыстарға, тәжірибелер мен бақылауларға қажетті өсімдіктер мен жануарлар түрлері бар. Тірі табиғат бұрышы үшін ауданы 15-18 м² болатын арнайы бөлме бөлінген. Оның терезелері оңтүстікке немесе оңтүстік-шығысқа қарағаны дұрыс [2]. Мұнда оқушылар тірі заттармен тәжірибе жасайды, оларды бақылайды. Өсімдіктер мен жануарларды ұзақ уақыт бақылау зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді [3]. Тірі заттармен жұмыс істеу барысында оқушылардың еңбек дағдылары қалыптасады, өсімдіктер мен жануарларды күтуде еңбек ету мәдениеті қалыптасады, табиғат объектілерін күту дағдыларын қалыптастырады. Жануарларды тірі табиғат бұрышында күтіп-баптау және орналастыру биологиялық және санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес болуы керек [4]. Өсімдіктер мен жануарларды олардың жарыққа, жылуға, ылғалға, топыраққа талаптары бойынша орналастырады. Осыған байланысты олар топтарға біріктіріледі: жабайы және мәдени, қоңыржай белдеу, құрғақ жерлер, орташа ылғалдылық, ылғалды жерлер [5]. Тірі табиғат бұрышының ерекше бөлігі бөлме өсімдігі болып табылады. Бөлме өсімдіктері ерекше баптауды, күтімді қажет етеді. Бөлме өсімдіктері жарықты қажет еткенімен, олардың көбі күн көзінің тікелей түсуін аса ұната бермейді. Мысалы, сүттіген, кактус, сенецио, фаукария, сынды гүлдер жарықсүйгіш гүлдер қатарына жатады. Ал парагус, бегония, фуксия сияқты бөлме өсімдіктері жарықтың шашырап түсуін қажет етеді. Қырыққұлақтар, тікенекті өсімдіктер күн көзін сүймейді, сондықтан көлеңкеге төзімді болып келеді [6]. Аквариумға балықтар, моллюскалар және су өсімдіктері, террариумдарға ылғалды жерлердегі мүк және басқа өсімдіктер орналастырылады. Аквариум балықтардың табиғи жағдайларына сәйкес жабдықталады. Онда өсімдіктер де өсіріледі. Әдетте арнайы құралмен аквариумға ауа да беріледі. Су мезгіл-мезгіл ауыстырылады.

Аквариумда да ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, гамбузиялық балықтың жерсінуді аквариумда зерттелді, нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандарында гамбузия өсірілді. Аквариумда да балық аурулары зерттеледі. Мектепте көрнекі құрал ретінде аквариумның зертханалық және сәндік түрлері қолданылады. [7].

Негізгі бөлім. Тірі табиғат бұрышы екі бөлімнен тұрады: ботаникалық және зоологиялық.

Тірі табиғат бұрышының ботаникалық бөлімінде негізінен биология сабақтарына, және сыныптан тыс жұмыстарда жанды визуализацияны қамтамасыз ететін бөлме өсімдіктері бар. Жоғары сатыдағы өсімдіктердің ішінде, тұщы су қоймаларының балдырларымен ұсынылған папоротник тәрізді, мүк тәрізді, төменгі сатыдағы өсімдіктер бар. Гүлді өсімдіктердің арасында шөптесін және ағашты бұталар бар. Үйде гүлдейтін және гүлденбейтін түрлері бар.

Тірі табиғат бұрышының зоологиялық бөлімінде күрделі күтімді қажет етпейтін ұсақ жануарларды ұстайды: омыртқасыздар арасында – қарапайымдылар – амеба, кірпікшелі-кебісшелер; көпжасушалы – жауын құрттар, моллюскалар, шаянтәрізділер; жәндіктер; омыртқалы жануарлардан – балықтар, тритондар, бақалар, тасбақалар, кесірткелер, тышқандар, жыландар, теңіз шошқасы; құстардан – кептерлер, тотықтар, шымшықтар және т. б. Сонымен қатар басқа жануарлардың арнайы жолмен қатырылған түрлері бар.

Тірі табиғат бұрышының барлық объектілері жапсырмалармен және төлқұжаттармен жабдықталған. Өсімдіктер мен жануарлардың атаулары жазылған жапсырмалар тікелей объектінің қасына (торға, гүл құмырасына ілінеді) және жануарлардың мекендейтін ортасы, мекендеу ортасы және оларды ұстау және азықтандыру шарттары, объектінің жасы және анықтамалық әдебиеттер туралы мәліметтерді қамтитын жапсырмалар төлқұжаттар сақталатын тартпада сақталады. Жапсырмалар мен төлқұжаттар берілген өсімдік немесе жануар түрі туралы маңызды биологиялық ақпаратты қамтиды.

Қортынды. Биология пәні бойынша тірі табиғат бұрышын ұйымдастыру маңызды қадамды талап етеді. Жануарлар бөлігінде болса, тірі табиғат бұрышында омыртқасыздар, қарапайым жануарлардың көп түрлері, тікенектер мен моллюскалар, шаян тәріздестер мен балықтар болады. Ал енді өсімдіктер бөлігінде, бөлме өсімдіктері (алоэ, бегония, кактус, қазтамақ, және т.б.) және өсімдіктердің төменгі сатысындағы өсімдіктер мен мәдени өсімдіктерді жинайтын болса, оқушылардың қызығушылығын арттырады. Сыныпты жабдықтау шеберлікті, іздеуді талап етеді. Толық жабдықталған сыныпта көру, бақылау, зертханалық жұмыстарды жүргізу арқылы оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдылары қалыптасады.

Әдебиеттер

- 1 Бейсенова Ә.С., Самақова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. – Алматы: Ғылым, 2004. – Б. 328.
- 2 Понамарев И.Н., Соломин, В.П., Сидельникова Г.Д. Общая методика обучения биологии. – М.: Академия, 2003. – С. 259-260.
- 3 Верзилин Н.М., Корсунская В.М. Общая методика преподавания биологии. – М.: Просвещение, 1983. – С. 347–354.
- 4 Ручин А.Б. Немного о кабинете биологии в школе // Астраханский вестник экологического образования. – 2013. - №3. (25) - С. 58-64.
- 5 Травникова В.В. Биологические экскурсии. – СПб.: Паритет, 2002. – С, 256.
- 6 Галеева. Н.Л. Сто примеров для учебного успеха ученика на уроках биологии. – М.: 5 за знания, 2006. – С. 144.
- 7 Пугал Н. А., Трайтак Д. И. Кабинет биологии. – М.: Владос, 2000. – С. 192.

Ж. Нурлан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
zhaniya_nurlan@mail.ru

ОРГАНИЗАЦИЯ УГОЛКА ЖИВОЙ ПРИРОДЫ ДЛЯ УГЛУБЛЕННОГО ИЗУЧЕНИЯ БИОЛОГИИ В ШКОЛЕ

Аннотация. Учебному процессу в нашей стране уделяется большое внимание. Особое значение имеют естественные науки. Сегодня существует множество способов повысить интерес школьников к биологии. Один из них – организация уголка живой природы. Организуя уголок природы, педагог дополняет знания учащихся, а также помогает им углубить практические навыки. В этой статье будет рассказано о важности уголка живой природы для преподавания биологии в школе.

Ключевые слова: уголок живой природы, ботанический отдел, зоологический отдел.

Zh. Nurlan

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
zhaniya_nurlan@mail.ru

ORGANIZATION OF A WILDLIFE CORNER FOR IN-DEPTH STUDY OF BIOLOGY AT SCHOOL

Annotation. Great attention is paid to the educational process in our country. The natural sciences are of particular importance. Currently, there are various ways to increase students' interest in biology. One of them is the organization of a wildlife corner. By organizing a corner of nature, the teacher supplements the knowledge of students, and also helps them deepen their practical skills. This article will talk about the importance of a corner of the wild for teaching biology at school.

Keywords: wildlife corner, botanical department, zoological department.

ӘОЖ 577.3

С.И. Онбаева, Г.К. Нусипжанова, Л.Б. Хамитова

Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
E-mail: unbaeva_s@akt.nis.edu.kz nusipzhanova_g@akt.nis.edu.kz Hamitova_L@akt.nis.edu.kz

STEM ЖОБАСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ- МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕРДІ КІРІКТІРЕ ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТӘЖІРИБЕЛІК ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Аннотация. Мақалада студенттерге ұсынылған оқу-тәжірибелік зерттеулердің кіріктірілген STEM жобасы арқылы жүзеге асырылған нәтижесі көрсетілген. Бұл пәнаралық байланыспен құрылған STEM жобасы қарапайым сабақтарда да, зерттеу жұмыстарында да көрініс тауып, биология, химия, физика, география пәндерін жете түсінуге мүмкіндік береді. Сол арқылы студенттердің ғылыми үдерістерді түсініп, зерттеушілік дағдысын дамытуға болады. Кіріктірілген жобаларды жасауға ұсыныстар бұл мақалада келтірілген.

Түйінді сөздер: кіріктірілген жобалар, жаратылыстану ғылымдары, зерттеу дағдылары.

Кіріспе. Дарынды балалармен жұмыс жасауда ең тиімді тәсіл оларды зерттеушілік жобаларымен айналыстыру болып табылады. Жобалық жүйе ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында АҚШ елінде пайда болды. Джон Дьюи мен Уильям Х.Килпатрик есімді америкалық педагогтар негізін қалаған болатын. Жобалық жүйенің басты идеясы студенттердің оқу үдерісіне жауапкершілігін сезіндіру, өздігінен жұмыстануға бағыттау болып табылады. Ол үшін сабақтан тыс шаралар ұйымдастырылды. Тәжірибелік жұмыс жоба аясында жүзеге асырылып, бірқатар іс-әрекеттерді қамтыды: студенттер өз бетінше мақсатын

анықтап, тапсырмасын анықтап, жоспарлап, шешімін тауып, жаңа біліммен байланыстырды [1].

Жоба барысында басты рөлді мұғалім атқарады. Дарынды студенттер үшін өз пәнін жете меңгерген пән мұғалімі бірден-бір мотивациялаушы тұлға болып табылады. Мұғалім үшін дарынды балалармен жұмыс ұзақ мерзімді, толассыз жұмыстануды қажет ететін жұмыс түрі. Ол өз кезегінде мұғалімнен үнемі ізденісті, дарынды балалардың психологиялық ахуалын түсінуді талап етеді.

Талантты немесе дарынды балалармен жұмыстану үшін педагогтың алдында бірқатар міндеттер тұр:

- стандарттан тыс жұмыстану
- ізденушілік, белсенділік;
- жасөспірімнің психологиясы мен дарынды балалардың ойлауы
- дарынды балалармен жұмыстануға деген ынта [2].

Жобамен жұмыс жасау үшін студент пен мұғалім бірлесе симбиозды әрекет етуді талап етеді. Мұғалім кеңесші рөлінде бағыт-бағдар беріп, гипотезы құруға, тиімді әдіс-тәсілдер қолдануға, ауқымды ақпаратпен нақты жұмыстануға, алған білімін тәжірибе түрінде дамытуға, өз ойын ашық жеткізуге көмектеседі [3].

Жобаның басты міндеті мақсатты анықтап, сыни тұрғыдан шешімін табу, ақпараттарды талдап, оны жинақтап, қорытынды жасау болып табылады [4].

STEM-оқу – өзіне ғылым, технология, инженерия және математиканы қамтитын оқытушылардың бірлескен қоғамдастығынан тұратын оқыту түрі. Сонымен қатар, студенттерді STEM оқуы арқылы мәселені шешу, өмірмен байланыс, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді [5].

STEM оқуы адамдарға пәнаралық мәселелерді шешудің әртүрлі стратегияларын жасауға және ғылыми көшбасшылық пен экономикалық өсуді қолдау үшін дағдылар мен білім алуға көмектесетін құрал болып саналады.

Ақтау қаласында Назарбаев Зияткерлік мектебінде бесінші жыл физика мен биология пәні мұғалімдері бірлесіп кіріктірілген форматта вертикалды жоспарлауды жүзеге асырып келе жатыр. Нәтижесінде іс-әрекетті зерттеу (Action Research) жұмысын жүргізілді.

Мектебімізде NIS-Programme бағдарламасы бойынша жүргізіледі:

- Оқу жоспары бойынша пән аралық интеграция
- Ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың шығармашылығын жаһандық контексте пайдалану мүмкіндіктері
- Оқушылардың ғылым мен технологияға тән білім, әдістер мен әдістер жиынтығын қолдану және қолдану мүмкіндіктері
- Ғылыми ойлауды қалыптастыру және дамыту.
- Оқушыларға мәселені анықтау, ақпаратты ажырату, пайымдау және дәлелдеу, шешімді келісу және бағалау сияқты маңызды танымдық және метакогнитивті процестерге қатысуға мүмкіндік береді [6].

Зерттеу мәселесі: оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін STEM жобаларын қалай пайдалануға болады?

Зерттеу мақсаты: STEAM жобалары арқылы оқушылардың оқу-зерттеу жұмыстарын қалай ұйымдастыруға, ғылыми ойлауды қалыптастыру үшін әртүрлі пәндерді біріктіруге болады.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің теориялық кезеңінде зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерге талдау жасалды. Эксперименттік кезеңге оқушылардың сауалнамасы, сабақты бақылау, оқушылардың зерттеу қызметін сапалы және сандық талдау кірді. Нәтижелерді салыстыру және жалпылау, эксперименттік деректерді жүйелеу және түсіндіру тиімді жалпылау кезеңінде жүргізілді. Зерттеу барысында біз 8-11 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргіздік. Оқушылардың 62% - ы сабақтан тыс уақытта зерттеу жұмыстарымен айналысқысы келсе, 38% - ы сабақтарда зерттеу жүргізгісі келетінін атап өтті. "Зерттеу қызметі үшін қандай пәнді қалайсыз" деген сұраққа оқушылардың 81% жаратылыстану-

математикалық цикл пәндерін – информатика, физика, биология және химия пәндерін таңдады. "Сізді қызықтыратын пәнді тереңірек зерттеу және түсіну үшін сабақта зерттеу қызметін жүргізу қажет деп санайсыз ба" деген сұраққа 92% оң жауап берді. "Сіз сабақта немесе сабақтан тыс уақытта жобалар жасау үшін мектеп жабдықтарын пайдалану жеткілікті деп ойлайсыз ба" деген сұрақ студенттердің көпшілігі мектеп зертханаларында бар жабдықты жеткілікті деп санайтындығын көрсетті. "Бос уақытыңызды сабақтан тыс уақытта жобалар жасауға жұмсауға дайынсыз ба" деген сұраққа оқушылардың 56% оң жауап берді. Сауалнама нәтижелерін талдай отырып, біз оқыту процесіне оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытатын әдістер мен технологияларды енгізу қажеттілігі туралы қорытындыға келдік. Біздің мектепте оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі оқушылардың экологиялық акцияларға, экофестивальдарға, "Startup" конкурстарына қатысуы, табиғатты қорғау ұйымдарымен ынтымақтастық және ғылыми жобалардың Аймақтық конкурстарына қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

Нәтижелері. Зерттеу STEM-жобасы "Мал шаруашылығы қалдықтарын метанды ашытудың оңтайлы технологиясын әзірлеу (Маңғыстау облысы мысалында) және күн энергиясын пайдалана отырып биогаз қондырғысын құру". Бұл жоба "Биотехнология және биоинженерия" элективті курсында жазғы мектеп аясында физика, биология, химия және математика мұғалімдерімен құрылды. Осы жобаны Зерттеудің мақсаты-жануарлардың әртүрлі түрлерінің қалдықтарын метанды ашыту технологиясын әзірлеу және күн энергиясын пайдалана отырып, биогаз қондырғысын жасау. Мысалы сурет 1-де биогаз қондырғысын орнату тәжірибесі көрсетілген. Ол зерттеудің гипотезасы: әр түрлі көндердің оңтайлы қатынасы және оларды ашыту технологиясы биогаздың көбеюіне әкелуі керек.



Сурет 1. STEM жобасы бойынша кіріктірілген тәжірибелік жұмыс

"Natural energy park" STEM-жобасы физика, биология және математика пәндерінің интеграциясы негізінде құрылды. 2-суретте оқушылардың биогаз қондырғысы жайлы жобасы көрсетілген. Зерттеудің мақсаты-балалардың белсенділігі есебінен электр энергиясын өндіретін құрылғыларды пайдалана отырып, "Natural energy park" әмбебап балалар спорттық-ойын алаңының эргономикалық моделін әзірлеу.

STEM-жобаларды іске асыруды келесі кезеңдер бойынша жүргізу ұсынылады:

1. Нақты экологиялық проблема мен сабақ тақырыбы арасындағы байланысты анықтаңыз
2. STEM жобасының тақырыбын анықтаңыз
3. Мәселені оңтайлы шешу үшін объектілер арасындағы байланысты табыңыз
4. Жоба тақырыбы бойынша тиісті әдебиеттерді талдау
5. Зерттеулер жүргізу және себеп-салдарлық байланыстарды белгілеу
6. Модель құру
7. Модельді тәжірибе бойынша сынау



Сурет 2. Биогаз қондырғысы жайлы жоба

Қорытынды. Қызметті талдау steam жобаларын сабақта да, сабақтан тыс уақытта да ұйымдастыруға болатындығын көрсетті. STEM білімді біртұтас оқыту схемасына біріктіреді, онда ғылыми ойлау тәжірибе арқылы қалыптасады және бекітіледі, бұл студенттерге зерттелетін тақырыптардың байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Оқытудағы бұл тәсіл ғылыми-техникалық білімді нақты өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Жобалық қызметпен айналыса отырып, студенттер белсенді қарым-қатынаста және топтық жұмыста тәуелсіз ойлауды дамытады, олардың алдында туындайтын жаңа мәселелерді шешу үшін шығармашылық, ізденіс жұмыстарында құнды тәжірибе алады.

Осылайша, жобалау және зерттеу қызметі студенттердің кәсіби және әлеуметтік бейімделуіне қажетті қасиеттерді қалыптастыруға тиімді ықпал етеді.

Әдебиеттер

- 1 Сидоров С.В. Проектная система обучения (метод проектов)//Сидоров С.В.Сайт педагога-исследователя-URL:<http://si-sv.com/publ/14-1-0-187>
- 2 Дружинин В.Н. Психология общих способностей. – Санкт-Петербург, издательство Питер, 2002. – 368 б.
- 3 Тен А. С. Новые тренды в современном образовании. Электронный ресурс:URL: <http://zkoipk.kz/ru/2016smart3/2541-conf.html>
- 4 Азизов Р. Образование нового поколения: 10 преимуществ STEM образования Электронный ресурс:URL: <https://ru.linkedin.com/pulse/-stem-rufat-azizov>
- 5 Хотунцев Ю.Л., Насипов А.Ж. Технологическое образование школьников в Великобритании, Франции, США, Австралии, Швеции и Нидерландах // Наука и школа. С. 67–71.
- 6 Tarnoff J. STEM to STEAM. Recognizing the Value of Creative Skills in the Competitive [Электронный ресурс]. – URL: http://www.huffingtonpost.com/john-tarnoff/stem-to-steamrecognizing_b_756519.html.

С.И. Унбаева, Г.К Нусипжанова, Л.Б. Хамитова

Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления города Актау
E-mail: unbaeva_s@akt.nis.edu.kz nusipzhanova_g@akt.nis.edu.kz Hamitova_L@akt.nis.edu.kz

РАЗВИТИЕ ЧЕРЕЗ STEM-ПРОЕКТЫ ОРГАНИЗОВАТЬ УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧАЩИХСЯ, ПУТЕМ ИНТЕГРАЦИИ ЕСТЕСТВЕННО-МАТЕМАТИЧЕСКИХ ПРЕДМЕТОВ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАУЧНОГО МЫШЛЕНИЯ

Аннотация. В статье представлен результат учебно-экспериментальных исследований, представленных студентам, реализованных через интегрированные STEM-проекты. Проект STEM, построенный с помощью этой межпредметной связи, находит отражение как в обычных уроках, так и в исследовательских работах, дает возможность более детально разобраться в биологии, химии, физике, географии. Таким образом, студенты могут понимать научные процессы и развивать исследовательские навыки. Также в статье даются рекомендации по организации интегрированных проектов.

Ключевые слова: интегрированные проекты, естественные науки, навыки исследовательской деятельности.

Unbaeva S.I., Nusipzhanova G.K., Hamitova L.B.

Nazarbayev Intellectual school of chemistry and biology of Aktau

E-mail: unbaeva_s@akt.nis.edu.kz nusipzhanova_g@akt.nis.edu.kz Hamitova_L@akt.nis.edu.kz

DEVELOPMENT THROUGH STEM PROJECTS TO ORGANIZE EDUCATIONAL AND RESEARCH ACTIVITIES OF STUDENTS BY INTEGRATING NATURAL AND MATHEMATICAL SUBJECTS FOR THE FORMATION OF SCIENTIFIC THINKING

Abstract. The article presents the result of educational and experimental research presented to students, implemented through integrated STEM projects. The STEM project, built with the help of this interdisciplinary connection, is reflected both in ordinary lessons and in research papers, makes it possible to understand biology, chemistry, physics, geography in more detail. In this way, students can understand scientific processes and develop research skills. The article also provides recommendations on the organization of integrated projects.

Key words: sciences, integrated projects, research skills.

ӘОЖ 371.388.3

Е. Рахимов

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
erke.bulan622@gmail.com

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Қазіргі педагогика ғылымы оқу орындарының дамуының басты бағыты ретінде оқу үдерісін ұйымдастыруға гуманистік көзқарасты анықтайды. Білім беру үдерісінің гуманистік моделінің жетекші қағидасы білім алушының жеке басының дамуы болып табылады. Білім алушының даму деңгейі оның жаңа білімді өз бетімен игеру, оқу және тәжірибеде қолдана алу қабілетімен өлшенеді және бағаланады. Қазіргі білім беру жүйесі әлі де шынайы гуманистік сипатқа ие бола алмады. Осыған байланысты білім алушылардың дамуы мен өзін-өзі дамытуына толықтай ықпал ете алмайды, оларды жаңа қоғамдағы барлық функцияларды шығармашылықпен орындауға дағдыландырмайды. Мақалада білім алушылардың өзіндік жұмысының маңызы мен оның нормалары туралы айтылатын болады.

Түйін сөздер: жеке даму, өзіндік жұмыс, оқу процессін ұйымдастыру.

Кіріспе. Оқыту оқытушының де, білім алушының да белсенді жұмысын көздейді. Оқытушы қанша тырысқанымен, егер білім алушылар өздігінен жұмыстанбаса, таным үдерісі жүрмейді. Ең бастысы - балаларды өз бетінше жұмыс істеуге үйрету. Нағыз оқытушы - сабақ беретін адам емес, нағыз қытушы - балалар одан сабақ алатын адам.

Өзіндік жұмыс – білім алушының күрделі іс-әрекеттерінің бір түрі немесе оқу жұмыстарының арнайы бір формасы болып табылады.

Өзіндік жұмыстың басты міндеті - білім алушының танымдық қабілетін, қызығушылығы мен шығармашылығын дамыту.

Білім алушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға оң ықпал ететін факторлардың ішінде жетекші орындардың бірін өзіндік жұмыс алады. Әрбір білім алушының тек мақсатты бағытталған жүйелі өзіндік іс-әрекеті ғана білімді терең игеруге және бекітуге, оларды ақыл-ой еңбегіне сәйкес дағдыларына айналдыруға мүмкіндік береді.

Қоғамның заманауи оқу орнына қойылатын негізгі талабы ғылыми, өндірістік, әлеуметтік мәселелерді өз бетінше шығармашылықпен шеше алатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын, өз көзқарасын, сенімін дамыта және қорғай алатын, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын жетілдіру, оларды шынайы өмірде шығармашылықпен қолдану жолымен өз білімін жүйелі түрде және үздіксіз толықтыра және жаңарта алатын тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бұл саланың мамандары білім алушыларға білімді игертуге арналған әдіс пен бағыт беру маңызды екенін және бұл оларды ақыл-ой еңбегін ғылыми ұйымдастырудың біліктері мен дағдыларымен қаруландыруды, яғни мақсат қоя білу, оған жетудің жолын таңдау, жұмысты уақытқа сай жоспарлауды білдіреді. Тұтас және үйлесімді тұлғаны қалыптастыру үшін оны жүйелі түрде өзіндік жұмысқа баулу қажет, сол кезде оқу тапсырмаларын орындауда іс-әрекеттің ерекше проблемалық-іздістіру түрі сипат алады.

Әдебиетке шолу. Танымдық іс-әрекет тапсырмаларды орындау кезінде жүзеге асырылады. Білім алушылардың белсенділігі мен дербестігін талап ететін жұмысты ғана өзіндік деп санауға болады. Бұл жұмыс Оқытушынен нақты нұсқаулар, түсіндіру болмаған кезде, оның орындалуын ашық бақылаусыз жүзеге асырады. Сонымен бірге білім алушылардың кейбір жаңа факторларды, құбылыстарды қалыптастыру үшін өздері тапсырманы шешу жолдарын іздейді, өзі үшін жаңаша бір нәтижелерге жетеді [1].

Дербестіктің мәнін теориялық тұрғыдан зерттей отырып, өзіндік жұмысты дамыта алатын іс-әрекеттің 3 бағыты бөліп көрсетіледі - танымдық, тәжірибелік және ұйымдастырушылық-техникалық. Б.П. Есипов оқу үдерісіндегі өзіндік жұмыстардың рөлін, орнын, міндеттерін негіздеді. Білім алушылардың стереотипті білімі мен дағдыларын қалыптастыру барысында, негізінен вербальды оқыту әдісі тиімсіз болып қалады. Білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлі білім беру мақсатының және оның дағдыларының өзгеруіне, шығармашылық белсенділікті қалыптастыру бағытына, сонымен қатар білім беруді компьютерлендіруге байланысты артады [2].

Екінші бағыт Я.А. Коменскийдің еңбектерінен бастау алады. Оның мазмұны білім алушылардың өзіндік іс-әрекетке баулудың ұйымдастырушылық және тәжірибелік мәселелерін құрастыру болып табылады. Дидактикалық бағыт шеңберінде өзіндік жұмыстарды қолдану салалары талданады, олардың түрлері зерттеледі және оқу үдерісінің әр түрлі буындарында пайдалану әдістемесі үнемі жетілдіріліп отырады [3].

Жетекші педагогтердің бірі П.И.Пидкасистый «Мектеп білім алушыларының оқудағы өзіндік танымдық іс-әрекеті» атты еңбегінде ол келесі анықтаманы қарастырады: «Өзіндік жұмыс - оқу үдерісін ұйымдастырудың нысаны және оқытудың әдісі емес. Мұны білім алушыларды өзіндік танымдық іс-әрекетке тарту, оны логикалық және психологиялық ұйымдастыру құралы деп қарастырғанымыз заңды» [4].

С.Л.Рубинштейннің пікірінше, дербестік адамның үлкен ішкі жұмысының, оның жеке мақсаттар мен міндеттерді қойып қана қоймай, сонымен қатар өз қызметінің бағыттарын анықтай алуының нәтижесі болып табылады [5].

Негізгі бөлім. Педагогикалық жұмыста ғалым-теоретиктер философтармен, психологтармен, әлеуметтанушылармен және физиологтармен бірлесе отырып, қазіргі заман өкілдерінің жеке басының негізгі қасиеттері - бастамашылдық, тәуелсіздік, шығармашылық белсенділік - адамның жан-жақты дамуының негізгі көрсеткіштері ретінде негіздейді.

Өзіндік жұмыс мәселесін зерттеу ежелгі дәуірден басталды. Сократ, Платон, Аристотель баланың білімді ерікті түрде, белсенді және өз бетімен игеруінің маңыздылығын өз жазбаларында терең және жан-жақты зерттеп қалдырды. Сонымен бірге, олар адамның ойлау деңгейінің дамуы тек өз бетімен жұмыстанғанда, ал тұлға болып жетілуі және оның тұлғалық қабілетінің дамуы өзін-өзі тану арқылы ғана сәтті жүзеге асатынын негіздеді. Мұндай іс-әрекет балаға қанағаттанушылық пен қуаныш сыйлайды және сол арқылы жаңа білімді алудағы пассивтілікті жояды. Оқытудағы дербестік идеясының одан әрі дамуы Франсуа Рабле, Мишель Монтен, Томас Мордың тұжырымдамаларынан орын алады, олар орта ғасырлар дәуірінде, оқу орнындарының жұмысындағы схоластика, догматизм және жаттаудың гүлдену кезеңінде баланың бойында ойлы, сыни тұрғыдан ойлайтын адамды тәрбиелеу үшін өздігінен жұмыстануға үйретуді талап етті. Дәл осындай пікірлер Я.А.Каменскийдің, Ж.Ж.Руссоның, И.Г.Пестолацийдің педагогикалық еңбектерінде дами түсті.

К.Д.Ушинский білім алушылардың белсенділігі мен дербестігін дамытудың ең жақсы құралы ұйымдастырылған өзіндік бақылаулар мен тәжірибелер деп санайды. Ол былай деп жазады: «Тіл, әрине, адамның ең күшті тәрбиешілерінің бірі; бірақ ол бақылаулар мен

тәжірибелерден алынған білімді алмастыра алмайды ... Өз ойын жақсы жеткізе алмау - бұл кемшілік, бірақ өзіндік пікірдің болмауы - одан да үлкен кемшілік; өзіндік ойлар тек өз бетінше алынған білімнен туындайды».

Өзіндік жұмыс - білім алушының ойлау реттілігі, оның ақыл-ой және тәжірибелік іс-әрекеттері білім алушының өзіне тәуелді болатын, өзі анықтайтын танымдық оқу қызметі.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру, оған басшылық ету - әр Оқытушының жауапты және қиын жұмысы. Белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу білім алушылар тәрбиесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Білім алушылардың дербестікті қалыптастыру үшін бір-бірімен тығыз байланысты екі міндетті есте ұстаған жөн. Оның біріншісі - білім алушылардың танымдық іс-әрекеттегі дербестігін дамыту, білімді өз бетінше игеруге, өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға баулу; екіншісі - бар білімді оқу және тәжірибелік қызметте өз бетінше қолдануға үйрету.

Өзіндік жұмысты білім алушылар кез-келген оқыту әдісінде, білім берудің барлық түрлерінде (сабақтарда, экскурсияларда, оқу-тәжірибелік алаңындағы сабақтарда) әр түрлі дидактикалық мақсаттармен және кез-келген мазмұнмен орындай алады.

Өздік жұмыстың сипаттамалық белгілері:

- өзіндік жұмыстың нақты мақсаты мен тапсырманың болуы;
- өзіндік жұмыс нәтижесінің нақты формасын анықтау;
- өзіндік жұмыс нәтижесін тексеру нысанын анықтау;
- әр білім алушының тапсырманы міндетті түрде орындауы.

Білім алушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығы әдетте белсенділік дәрежесімен сипатталады. Белсенділіктің құрылымына келесі анықтамаларды жатқызуға болады:

- оқу міндеттерін орындауға дайын болу;
- өз бетінше жұмыстануға ұмтылу;
- тапсырмаларды саналы түрде орындау;
- жүйелі оқыту;
- өзінің білім деңгейін және басқа да дағдыларын жақсартуға деген ұмтылыс.

Педагогикалық практикада танымдық белсенділікті арттыру үшін әр түрлі тәсілдер қолданылады, олардың ішіндегі ең негізгілері - қажет болған жағдайда білім алушының дербестігін ынталандыратын оқыту құралдарының әр түрлі формалары мен әдістері.

Оқу үдерісінде білім алушыларды ынталандыру тәсілдеріне жатады:

- өз пікірін дәлелдеу;
- әр түрлі пікірталастарға қатысу;
- сыныптастары мен Оқытушыдерге сұрақтар қою;
- жолдастарының жауаптарын саралау;
- сыныптағы басқа білім алушылардың жауаптары мен жазбаша жұмыстарын баға беру;
- оқу үлгерімі төмен білім алушыларға түсініксіз материалды түсіндіру;
- тапсырманы өз бетінше орындау;
- тапсырманың бірнеше дұрыс нұсқасын табу;
- өзін-өзі тексеру және бағалау;
- өздеріне белгілі әдіс-тәсілдерді кешенді қолдану арқылы танымдық мәселелерді шешу.

Қортынды. Осылайша, білім алушылардың өзіндік жұмысы - бұл оқытушының тікелей немесе жанама басшылығымен жүзеге асырылатын, олардың білім, білік, дағды және жеке қасиеттерді дамыту мақсатында білім алушылардың өз бетінше әр түрлі тапсырма түрлерін орындайтын, оқу қызметін ұйымдастыру нысаны.

Өзіндік жұмыс жоғары ақыл - ой еңбегі мәдениетін қалыптастырады, ол тек оқу техникасын, кітаптарды зерттеуді, жазбалар жасауды ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, өзіндік іс-әрекетке деген қажеттілікті, мәселенің мәнін түсінуге ұмтылысты, әлі де шешілмеген мәселелерді терең қарастыруды білдіреді. Осындай жұмыс барысында білім алушылардың жеке қабілеттері, олардың бейімділіктері мен қызығушылықтары толығымен ашылады, бұл фактілер мен құбылыстарды талдау қабілетін дамытуға ықпал етеді, өз бетінше

ойлауға үйретеді және шығармашылық дамуға, өз пікірін, көқарастарын, түсініктерін, ұстанымдарын қалыптасуына алып келеді

Әдебиеттер

- 1 Митрюхина Л.Н. Самостоятельная работа как фактор развития познавательной деятельности учащихся. – М.: Просвещение, 2005. – Б. 102–119.
- 2 Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроке. – М.: Учпедгиз, 1990. – Б. 105.
- 3 Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. – М, 1994. – Б. 656.
- 4 Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. – М.: Просвещение, 1990. – Б. 184.
- 5 Рубинштейн Б.Л. Основы общей психологии. – М.: Педагогика, 1989. – Б. 485.

Е. Рахимов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
erke.bulan622@gmail.com

ВАЖНОСТЬ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ОБУЧАЮЩИХСЯ

***Аннотация.** Современная педагогическая наука как основное направление развития учебного заведения определяет гуманистический подход к организации учебного процесса. Ведущим принципом гуманистической модели образовательного процесса является развитие личностного роста. Уровень развития обучающегося измеряется и оценивается его способностью самостоятельно усваивать, учиться и применять на практике новые знания. Современная система образования еще не приобрела истинный гуманистический характер. В связи с этим учебные заведения не могут в полной мере способствовать развитию и саморазвитию учащихся, не приучают их к творческому выполнению всех функций в новом обществе. В статье будет рассказано о важности самостоятельной работы обучающихся и ее нормах.*

***Ключевые слова:** личностный рост, самостоятельная работа, организация учебного процесса.*

Y.Rakhimov

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
erke.bulan622@gmail.com

THE IMPORTANCE OF ORGANIZING INDEPENDENT WORK OF STUDENTS

***Annotation.** Modern pedagogical science as the main direction of the development of an educational institution defines a humanistic approach to the organization of the educational process. The leading principle of the humanistic model of the educational process is the development of personal growth. The level of development of a student is measured and evaluated by his ability to independently assimilate, learn and put into practice new knowledge. The modern education system has not yet acquired a truly humanistic character. In this regard, educational institutions cannot fully contribute to the development and self-development of students, does not accustom them to the creative performance of all functions in the new society. The article will tell about the importance of independent work of students and its norms.*

***Key words:** personal growth, independent work, organization of the educational process.*

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Сағынтай А.Ж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: sagyntaeva.aa@mail.ru

Проблемалық оқыту кезінде мұғалімнің жетекшілігімен проблемалы жағдай жасалып, оқушылар оны шешуге белсенді түрде қатысады, осы іс-әрекеттің нәтижесінде оқушылар кәсіби білімді, дағды мен біліктерді меңгеріп, ойлау қабілеттерін дамытады.

Проблемалы оқыту ынталандырудың ерекше проблемалы түріне негізделеді, сондықтан материалдық дидактикалық мазмұнының тиісті дәрежеде, яғни проблемалы жағдайдың тізбегі ретінде берілуін талап етеді.

Ғылыми білім логикасының түп-төркіні проблемалы жағдайлардың логикасы болып табылады. Проблемалы жағдайлар мазмұнның белгісіздігіне қарай, проблемалықтың деңгейіне қарай, ақпарат сәйкессіздігінің түріне қарай, басқа да әдістемелік ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Проблемалы оқыту технологиясы – бұл проблемалы жағдайларды, студенттердің белсенді танымдық қызметін ұйымдастыруға негізделген технология. Педагогикалық проблемалы жағдай белсенділікті оятатын әрекеттердің, таным объектісінің жаңалығын, маңыздылығын және басқа да ерекшеліктерін айқындайтын мұғалім сұрақтарының негізінде туындайды. Психологиялық – проблемалық жағдай жасаудың өзіндік жеке ерекшеліктері бар. Тым қиын не тым жеңіл танымдық міндет оқушылардың ойында проблемалық жағдай туғызбайды. Проблемалы жағдайларды оқу үрдісінің барлық, яғни жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде, жаңа сабақты бекіту, тексеру кезеңдерінде ойластыруға болады. Мұғалім проблемалы жағдай (ситуация) туғызып, оның шешімін іздеуге студенттерді бағыттайды. Сөйтіп, бала өз оқуының субъектісіне айналады, соның нәтижесінде бала жаңа білім игеріп, әрекет әдістерін меңгереді.

Оқу-тәрбиесінде мынадай өзекті яғни актуальды проблемалар бар: оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз; бір оқу міндетін басқа түрлі жолдармен өзгертіп, шеше білу қабілеттері, сонымен қатар алынған білім-білік дағдыларын қазіргі өмір мен ғылым, техника жаңалықтарымен байланыстырып, салыстырып, зерттеп өз болжамдарын жасау қабілеттері әлі де төмен деңгейде. Ал мұның себебі қайда жатыр? Мұндай проблемеалрды шешу үшін, білім үрдісінде инновациялық технологияларды оқып үйреніп өз іс-әрекетімізге енгізу қажет деп ойлаймын. Білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәрбиеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар болып табылады.

ҮЗДІК ОҚИТЫН ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ САПАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Сатдыкова Б.Б.

әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
bibizhan.90@mail.ru

Озат оқушылар өздерінің оқыту процесіндегі бағдарының мәнін, маңыздылығын ұғынып, оның ерекшеліктері мен заңдылықтарын, компоненттерінің маңыздылығын меңгеруге қажетті білім негіздерін игерсе, онда танымдық іс-әрекеттің тиімділігінің артқаны. Бұл оқушылардың өз мүмкіндіктерін пайдалана білуі, білімнің пайдасы мен маңызын саналы түрде ұғынып, түсінуге көмектеседі. Оқушы білімді жай уақытша қажеттілік деп санаса, онда білімнің маңыздылығы төмендейді. Ал егер оқу әрекетін басқа әрекеттермен (шығармашылық, танымдық, қарым-қатынас, бағалау) байланыстырса, онда «білсем», «маған керек», «маған қажет», деген сияқты мотивтерге білгім келеді», «үйренгім келеді» деген мотивтер ұласады.

Үздік оқитын жоғары сынып оқушыларының кең таралған сипаттамаларына жатады: эмоциялық денсаулық, ой – санасының бағытталуы, зейін шоғыры, ерік жігері, табандылық, түйсік пен қабылдау, байқағыштық қасиеті, есте сақтау, өзіндік ойлау ерекшелігі, сындарлы ақыл сипаты, қиял, ес, оқушының қабылдауы, оқу – танымдық белсенділік, темперамент, ептілік, отбасы мүмкіндіктері, қабілет, қызығушылық пен бейімділік, интеллектуалдық сапа, мақсат қою, өмірдегі белсенді ұстанымы, т.б.

Ой-сананың бағытталуы деп – ең алдымен психикалық әрекеттің таңдамалылық сипатын, нақты объекті күні бұрын ниетті іріктеуін, не оған мән бермеуін айтамыз. Бағытталу түсінігі сонымен бірге іс-әрекеттің біршама уақыт аралығында өз сипатын сақтап тұра алу қасиетін де қамтиды. Зейінді бөлу үшін қандай да бір істің түрін таңдап қана алу жеткіліксіз, сол таңдауды тұрақтатып, сақтап қалу қажет. Мысалы, педагогикалық процесте зейінін “анау

не, мынау не зат?” – деп іске бағыттау онша қиындық тудырмайды, әңгіме төркіні сол зейін бағытын қажетті уақыт аралығында сақтап тұру.

Зейін сөзі жоғары сынып оқушысы ой-санасындағы белгілі іс-әрекетке шоғырланады. Педагогикалық процеске орай, жоғары сынып оқушысына үйреншікті зейін үлкен маңызға ие. Оқу, тәрбие барысында оқушылардың зейінін бір қалыпты ұстау үшін педагог олардың ерік күшіне арқа сүйегені қажет те жөн. Бірақ бұл оқушыларды шаршатады. Сондықтан педагог олардың өздерінің бой, ой қуатын босқа сарп етпей, жұмыс істеуі үшін сабақты қызғылықты, тартымды, ойын т.б. әдісімен өткізуі керек. Оқушы сабақта біреудің тапсырмасымен іс қылып жатырмын деген ойдан аулақтап, өмірінің қызықты бір мезетін өтудемін дегендей сезіммен еңбек қуанышына бөленуі керек.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, PhD Жаманбаева Г.Т.

МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА CASE-BASED-LEARNING(CBL) ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Скандар Н.Е., Құсекенова Р., Серікқалиев А.

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ, Қазақстан
e-mail: turekaanova2017@mail.ru*

Мен «Еш уақытта өз оқушыларыма ешнәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын»-деп Альберд Эйнштейн айтқандай, бұл бағдарламаның басты мақсаты сабақты жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, дәстүрлі сабақтан өзгеше етіп өткізу.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша биологияны оқытуда қолданылатын жаңаша әдіс-тәсілдер. «Инновация» Ағылшын тілінен аударғанда жүйе ішіндегі өзгерістер деген мағынаны білдіреді. Құрал мен үрдіс ретінде инновация қандайда бір жаңалық енгізу деген мағынаны білдіреді.

Сабақтың әр кезеңін әр түрлі интербелсенді әдістермен жүргізуге болады. Яғни оқытушы жобалық оқыту технологиясын қолдану барысында да интербелсенді әдістерді кіріктіріп сабақты жүргізе алады. Бұл сабақтың қызықты әрі сапалы болуына үлкен үлес қосады және оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, мұғалім жобаның жоспарын CASE STUDY бойынша ұйымдастыра алады. Ал оқушылар жоба мақсатын анықтау барысында SMART- мақсатты қолдана алады. Тақырыпқа қызығушылықты оятудың көптеген тәсілдері бар. Бұл оқушыларда қызығушылықты «ақпараттық бос орынды» тудырады және оны толтыруға талпындырады. Оқушы бұл мәселе бойынша «Мен не білемін?» деген сұрақты өз алдына қояды. Сұрақтармен жұмыс жасау екі кезеңде жүргізілуі мүмкін: «Мен өзім», «біз бірге» (жұптық немесе топтық жұмыс). Осы кезеңде пайдаланылуға болатын жақсы тәсіл - бұл «ми шабуылы». Шақыру кезеңінде оқушыларға не білмейтіні және «Нені білгім келеді?» жайлы түсініктер қалыптасуы керек. Сабақты немесе жобаны қорытындылау барысында INSERT, синквейн, фишбоун сияқты интербелсенді әдістерді қолдануға болады. Оқытушының жобаны және оқушылардың бір-бірін бағалауды де қол сигналдары, шапалақ, смайлик, плюс-минус қызықты, бағдаршам сияқты әдістермен қызықтырақ өткізуге болады.

Қорытындылай келе: Қазіргі таңда орта мектептерде биологияны оқытудың маңызы ерекше. Биологияны терең түрде оқыту оқушылардың таным қабілеттерін, қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертеді. Биологиядан оқушыларға сабақ беру барысында, тірі ағзаларын нақты фактілерін, табиғат құбылыстарының бір-бірімен байланысын, табиғаттың эволюция заңдылықтарын оқып білу, оқушылардың ғылыми материалистік көз қарастарын қалыптастырып дамытады.

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.к., аға оқытушы Құлмузаева Л.Р.

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАҒЫ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ

Тұрсын Ә.Ф.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы
galymbekovna98@mail.ru

Мамандықты таңдау – әрбір жоғарғы сынып оқушылары үшін өмірде алға ұмтылуға көмектесетін дұрыс маңызды қадам. Оқушы мамандық таңдау барысында бірнеше мәселелерге тап болуы мүмкін. Олардың ең негізгісі болып дұрыс нұсқаулықтың болмауы саналады. Қажетті дұрыс кеңес пен кәсіптік бағдардың болмауы мамандық таңдауда қиындықтар тудырады. Мектеп қабырғасында жүргенде дұрыс кәсіптік бағдар болмаса, студент өз қызығушылықтары негізінде барлық мүмкіндікті пайдалана алмайды.

Жоғарғы сынып оқушыларының көпшілігі мамандықтың беделін бірінші орынға қояды. Олар беделді мамандықтың иесі атанып, автоматты түрде «беделді» тұлға боламыз деп ойлауы мүмкін. Алайда, мамандықты қоғамда беделді деп тану уақыт өте келе айтарлықтай өзгеретінін есте ұстаған жөн. Мысалы, өткен жылдары инженер мамандығы беделді болып саналды. Бірақ, елдегі экономикалық жағдай өзгерді және бизнеспен, ақпараттық технологиямен байланысты мамандықтар бірінші орынға шықты.

Кейбір адамдар қысқа уақыт ішінде еңбек дағдыларын игере алады, кәсіби шеберлікке тез жетеді, ал басқалары үшін, керісінше, "мамандықты игеру" кешіктіріледі, адам мамандыққа деген қызығушылығын жоғалтады және басқа қызмет түріне келеді. Қазіргі уақытта бұл проблема өте өзекті, өйткені жасөспірімдер, жалпы алғанда, ересектер сияқты, еңбек нарығындағы үлкен бәсекелестікке байланысты кез-келген жұмысқа орналасуы қиынға соғып жатады. Сондықтан жасөспірім кезінен бастап оның кәсіби мүдделерін, бейімділігін, денсаулығын, жұмыс қабілеттілігін, қажетті білімін, дағдыларын дәл анықтау өте маңызды.

Жалпы, мамандықтық бағдарлау бойынша шаралар 1908 жылдан бастау алады. Алғашқылардың бірі болып Бостон қаласында (АҚШ) кәсіби кеңес беру бюросы жұмыс жасады. Алайда, мамандықтық бағдарлау әлдеқайда ертерек, ежелгі уақытта пайда болды. Ол адамзат қоғамының даму қажеттіліктерінен туындады. Мансаптық өсу өмір бойы жалғасатын процесс болғанымен, мектеп қабырғасында жасалған таңдаулар болашақ кәсіби нұсқалардың негізін қалауда маңызды. Дәл осы көзқараста Кениятта университетінің оқытушысы студенттерінің мамандыққа байланысты сенімділігін зерттеген. Университет студенттерінің мамандық таңдауда шешім қабылдауына, сондай-ақ олардың таңдаудағы сенімділігіне әсер ететін көптеген факторлар бар. Бұл факторларға олардың кәсіптік білім деңгейі, шешім қабылдау қабілеті және жеке қасиеттері мен ресурстарының айқындылық деңгейі жатады.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ МЕН ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАН БІЛІМ БЕРУ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Торманов Н.Т.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ. Қазақстан

Жаратылыстану ғылымы ғасырлар бойы қалыптасқан табиғат жайлы ғылымдардың бірлескен жиынтығы. Табиғаттың эволюциялық дамуы негізінде өзіне тән әдіс-тәсілдерін және танымдық әдіснамаларын қалыптастыру арқылы аса бағалы бүкіл адамзат мәдениетіне дейін көтерілді.

Қазіргі таңда табиғат жайлы ғылыми таным методологиясы әлеуметтік және гуманитарлық сфераға еніп, оның жеке салалары - психология, философия, педагогика және өнертану ғылымдарының дамуына әсерін тигізуде. Өткен ғасырдың орта шеніне дейін жаратылыстану мен әлеуметтік-гуманитарлық сфераның арасында көптеген қарама-

қайшылықтар орын алды. Бірақ ХХ ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап осындай түсінбеушілік біртіндеп жойылып барады.

Әртүрлі ғылыми пәндердің арасында тәжірибелер мен пікір алмасу, оларды пайдаланудың жолдарын табу арқылы ғылыми танымдылық ұлғайып, дами бастады.

Сондықтан да гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының ерекшеліктерін методологиялық тұрғыдан зерттеп, салыстыру арқылы жаңа ғылыми жетістіктерге жетуге болатындығы дәлелденілді.

Осындай интеграциялау арқылы білім беруді дамыту қазіргі таңдағы басқа проблема. Оның дәлелі - адам, қоғам, мемлекет, табиғат және өміршілдік жайлы біртұтас ғылыми үдеріс қалыптасты.

Химиялық элементтердің периодтық заңын ашқан атақты ғалым Д.И. Менделеев ғылымның маңызы жайлы былай деген екен: «Әрбір ғылыми теорияның бастапқы негізі және соңғы мақсаты – алдын ала болжау және пайдалығы». Осы айтылған қағида гуманитарлық ғылымға, оның ішінде педагогика, психология ғылымдарына қатысы бар.

Бәрімізге аян, жоғары оқу орындарының басты мақсаты білімді, білікті, жан-жақты, күзиретті кең профилді мамандар дайындау. Осылардың ішінде педагогика ғылымының басты қызметі тәлім-тәрбие берудің танымдық заңын үйретумен қатар, білім беру мен оқытудың практика жүзінде іске асырудың үздік жолдарын, әдіс тәсілдерін, басты дидактикалық принциптерін үйрету. Сондықтан да заманауи педагогика мен психология білім және тәрбие берудегі ғылыми жүйе деп босқа айтылмаған. Басқа ғылым салалары іспеттес, педагогика ғылымы да зерттеу бағытына және қойған мақсатына қарай талдау жасап, тиісті сұрақтарға жауап бере алады.

Педагогика ғылымы, басқа ғылымдармен де байланысады, мысалы, техника ғылымымен, оның ішінде кибернетика, математикалық, компьютерлік педагогика, суггестология.

Жоғары оқу орындарында педагог мамандармен қатар, бакалавр, магистр деңгейінде болашақ биолог ұстаздар дайындауда биология ғылымының маңызы зор. Әсіресе, анатомия, физиология, нейробиология, экология. Осы ғылымдардың көмегімен адамның биологиялық мәнін түсінеді.

Толығырақ, ашып айтар болсақ, адамның жоғарғы жүйке жүйесінің дамуы, жүйке жүйесінің типтік ерекшеліктері, бірінші және екінші сигналдық жүйелер, сезім мүшелері мен қызметін білу арқылы, адамның психикасының қалыптасуы мен қызметін білу арқылы, оның заңдылықтарын түсінеді.

Нейропсихологиялық ғылымның негізін қалаушы ғалым В.М Бехтеревтің басты девизи «адамды тану». Адамның психикасы қандай заңдылықтарға сәйкес дамиды? Даму барысында қандай физиологиялық, неврологиялық ауытқуларын орын алады? Оны болдырмаудың жолы қандай?, деген мәселелерге жауап беруге әрбір ұстаздар мен мектеп оқытушылары дайын болуы тиіс. Сондықтан да мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеріп, олардың білім алу қабілеттілігін жасына сай жүргізілуін ескерген жөн.

Мұғалімдерге қойылатын тағы да бір басты талап «адамды танумен ғана шектеліп қоймай, оны мадақтау, құрметтеу, жеке басының құқығын сыйлау, түсіну қажеттілігін, осы арқылы оның рухани, адамгершілік қасиеттерін ескере отырып, бағалаудың маңызы зор. Осындай сұрақтар қазірде де біздің оқу орындарымызда ең басты өзекті мәселе екендігі сезініп тұрады.

Қазіргі кездегі басты талап ғылымды интеграциялау, деп ұран салып жатқанмен іс жүзінде басқаша орындалып жатыр.

Жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық салалардың кіріктіріліп маман дайындау проблемасы толық жолға қойылмаған. Мысалы, биология саласы бойынша мамандар дайындауды екіге бөліп «ғылыми биология» және «педагогикалық биология» деп бөлек-бөлек дайындалып келеді. Осы жерде екі мәселе туындайды. Егер тек қана биологиядан ғылыми маман дайындайтын болсақ, жыл сайын бітірушілер 100-150 студент болса, барлығына

ғылыми жұмыс тауып, орналастыруға мүмкіндік бар ма? Екінші мәселе, Республикамызда мұғалім мамандығы жетіспейді деген жылда айтылып жатыр.

Білімді, білікті, құзыреттілігі жоғары мұғалім дайындау үшін фундаментальды теориялармен қаруланған студент қана жақсы ұстаз бола алады. Сондықтан да жасанды түрде «ғылыми» және «педагогикалық» бөлім деп екіге бөліп, мамандар дайындау менің ойымша дұрыс шешім емес.

ал-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нің профессоры Нұртай Торманов

УДК 37.01/09

Г.С. Ыбрай, Е.В.Швецова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

Gulsezim.ybray@mail.ru

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ВИРТУАЛЬНЫХ ЛАБОРАТОРНЫХ РАБОТ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

***Аннотация.** Показан опыт применения виртуальных лабораторных работ на уроках биологии. Рассмотрели, как виртуальные лабораторные работы влияют на познавательный интерес учеников, на их успеваемость и их мотивацию к учебе в целом.*

***Ключевые слова:** виртуальные лабораторные работы, познавательный интерес, анкетирование, школьная мотивация, успеваемость*

Биологические знания играют большую роль в формировании мировоззрения современного человека, что наглядно доказала пандемия Covid-19. В Казахстане обучение биологии проводится по обновленной программе, которая предполагает выполнение большого количества лабораторных работ. Лабораторные работы по биологии в настоящее время играют важную роль, способствующие более лучшему усвоению знаний и умений у учащихся. Они помогают учащимся более глубокому и осмысленному изучению предмета биологии. У учащихся формируются практические навыки, исследовательские умения. Также у учащихся развивается творческое мышление, наблюдается установление связей между теоретическими знаниями и практическими навыками. С помощью лабораторных занятий ученики легко усваивают теоретический материал и могут применить их на практике.

В лабораторных работах применяются различные виды технологий обучения, включая проблемное обучение и развитие исследовательских навыков. При проведении лабораторных работ у учащихся формируется познавательный интерес. Появляется интерес к осуществлению исследовательской деятельности. В ходе работы ученики начинают сверять свои действия с поставленной целью и при необходимости исправлять свои ошибки. Совместное выполнение лабораторных работ улучшает коммуникационные навыки и учащиеся учатся слушать и слышать друг друга. Активное выполнение лабораторных работ повышает познавательный интерес учащихся к предмету биология. Учащиеся самостоятельно определяют задачу, стоящую перед ними и формулируют ее.

Применение виртуальных лабораторных работ в учебном процессе показало, что оно вызывает повышение мотивации к обучению и успеваемости. Улучшение процессов обучения по предмету биология можно заметить не только в получении и совершенствование новых знаний, но и методике формирования различных умений и навыков по биологии. При помощи лабораторных работ у учеников развиваются практические навыки, что является одним из условий в достижении задач самого предмета. При проведении онлайн лабораторных работ можно заметить, что у учеников развивается интерес к изучению предмета. В таких лабораторных работах помимо получения знаний по самому предмету, у учеников появляется опыт работы с компьютерными программами. У учеников появляется возможность заниматься лабораторными работами и уложиться в учебное время, что не всегда получается

в традиционном формате. Так же могут быть некоторые неудобства в традиционном формате, например, отсутствие требуемого оборудования и реактивов, недостаточно времени одного урока для выполнения всей лабораторной работы, иногда может потребоваться длительный промежуток времени чтобы достичь определенного результата. Учитывая все это, можно сказать, что на сегодняшний день онлайн формат лабораторных работ востребован в школе и не требует дополнительных материальных вложений.

Проведение виртуальных лабораторных работ очень удобно и учителям и ученикам. Учителям удобно в применении данные лабораторные работы, так как у них не уходит время на подготовку оборудования, не занимает больше количество времени. Так же в виртуальных лабораторных работах в конце работы мы уже может получить конечный результат, что не всегда получается в традиционном формате проведения работы.

Для учеников виртуальные лабораторные работы удобны тем, что они могут проводить эти работы самостоятельно без наблюдения и помощи учителя. Еще одним из преимуществ виртуальной лабораторной работы именно для учеников это красочное преподнесение получаемой информации, что улучшает восприятие новой информации и применение ее в дальнейшем. И при внедрении виртуальных лабораторных работ в процесс обучения у учеников появляется некая заинтересованность в данном предмете, повышается их познавательная деятельность.

Описание каждой лабораторной работы представляет собой краткую теорию, задания, применяемые материалы и оборудования, последовательный ход работы, контрольные вопросы и задания [1].

В краткой теории излагается теоретические понятия, которые необходимы для осмысления выполняемой работы учеником. В разделе задания прописываются цели и задачи лабораторной работы. Контрольные задания используются для проверки качества усвоения и понимания полученных результатов, и могут быть использованы учеником при защите лабораторной работы.

Виртуальные лабораторные работы влияют на успеваемость учеников и на их заинтересованность в предмете. Наше исследование показывает нам то, что начиная с первой четверти и с того момента как мы перешли на виртуальные лабораторные работы у учеников повысился интерес к предмету биология. У них значительно повысилась успеваемость, что показано на рис.1.



Рисунок 1. Успеваемость учащихся в 1-3 четвертях

Удалось определить, как виртуальные лабораторные работы влияют на познавательный интерес и как повышается заинтересованность в предмете при их использовании. Можно с уверенностью сказать, что использование виртуальных лабораторных работ оказало положительное влияние на успеваемость учеников. Об этом свидетельствуют результаты, которые были получены в ходе проведения анкетирования. Проверка уровня школьной мотивации учеников проводится по анкете Н.Г Лускановой, которая состоит из 10 вопросов,

которые отображают отношение детей к школе и учебному процессу, их эмоциональное состояние [2].

Отношение учеников к каждому предмету было определено по анкете Л. Балабкиной «Отношения к предметам» [3].

Я могу сказать, что виртуальные лабораторные работы помогают ученикам более глубоко и осмысленно понимать предмет, развивают их творческое мышление, развивают их самостоятельную деятельность, ведь именно при выполнении виртуальных лабораторных работ у учеников появляется возможность выполнять задания без учителя, то есть индивидуально или же в группе с одноклассниками. Так же можно заметить то, что при внедрении онлайн лабораторных работ, учениками легко усваивается теоретический материал, и они с легкостью могут их применять на практике. Это можно объяснить простотой выполнения работ и тем, что работа выполняется в мультимедийном режиме, которая сопровождается очень красочными рисунками, информативными видео и контрольными заданиями, которые просты в выполнении.

Полученные данные свидетельствуют о том, что в первой четверти у учеников не было мотивации и интереса к обучению, что не скажешь о третьей четверти, когда мы наглядно видим как улучшились их мотивация к обучению и от этого поднялась их успеваемость.

Анкетирование показало, что в течение учебного года что повысился познавательный интерес к школьному предмету «Биологии»

Литература

1 Использование виртуальных лабораторных и практических работ на уроках биология. (Электронный ресурс) - Режим доступа: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=45619708>

2 «Анкета школьной мотивации Н.Г. Лускановой» [Борисенкова Елена Алексеевна](#) (Электронный ресурс) - Режим доступа: <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-dlya-roditelei/2021/01/05/anketa-shkolnoy-motivatsii-n-g-luskanovoy>

3 Методика «Отношение к предметам» Л. Балабкиной - [Трусова - Рослова Наталья Владимировна](#) (Электронный ресурс) - Режим доступа: <https://nsportal.ru/shkola/psikhologiya/library/2015/01/25/metodika-otnoshenie-k-predmetam-l-balabkinoy>

Г.С. Ыбрай, Е.В. Швецова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
Gulsezim.ybray@mail.ru

ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРМЕН ЖҰМЫСТӘЖІРІБЕСІ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА

Аннотация. Виртуалды зертханалық жұмыстарды биология сабақтарында қолдану тәжірибесі көрсетілген. Виртуалды зертханалық жұмыс студенттердің танымдық қызығушылығына, оқу үлгеріміне және жалпы оқуға деген ынтасына қалай әсер ететінін қарастырдық.

Түйін сөздер: виртуалды зертханалық жұмыс, танымдық қызығушылық, сұрақ қою, мектеп мотивациясы, оқу үлгерімі.

G.S. Ybray, E.V. Shvetsova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
Gulsezim.ybray@mail.ru

EXPERIENCE WITH VIRTUAL LABS IN BIOLOGY LESSONS

Annotation. The experience of using virtual laboratory work in biology lessons is shown. We considered how virtual laboratory work affects the cognitive interest of students, their academic performance and their motivation to study in general.

Keywords: virtual laboratory work, cognitive interest, questioning, school motivation, academic performance

S.B. Aubakir, N.I. Zhaparkulova

Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

**e-mail: saraaubakir@mail.ru*

IDENTIFICATION OF STRESSFUL SITUATIONS IN THE PROCESS OF TEACHING STUDENTS

Annotation. *The relevance of the study of students' educational behavior is determined by various factors that influence it. Such a factor as stress occupies a leading place among the moments that determine the behavior of students at the university.*

There is a large amount of evidence that chronic stress is a companion of student life. Researchers note the causes of student stress related to financial, housing, security, etc. Stress experienced by students can affect learning (acquisition, application and processing of knowledge), which hinders academic performance. Difficulties with academic performance, in turn, also create discomfort, with the result that overall stress increases.

Stress also affects learning behavior. It develops due to a large flow of information, due to the fact that there is no systematization of work in the semester, due to violations of the regime of work and rest, part-time work, etc. Exam stress is one of the first causes of mental stress in students. Today's students, who experience high intellectual and emotional stress in the process of studying at a university, today often have a negative attitude towards learning activities. One of the reasons for this situation is a decrease in the level of their stress resistance.

Students are young and face different problems, new learning conditions require them to be more independent, responsible, self-organizing, and not all students are ready to solve the many problems and tasks that life provides. In any case, studying at a higher educational institution is stressful for many students. The student needs to overcome difficulties, master new roles and modify old ones, adapt to new conditions of life.

Key words: *stress, learning process, chronic stress, academic performance, stress resistance*

Introduction. Modern living conditions put forward increased requirements for students of educational institutions. The volume and intensity of the loads experienced by students today often approach the level that entails persistent violations of both the physical functioning of the body and the violation of its psychological stability. It is undeniable that a person with good health, optimism, developed resistance to stress, high mental and physical performance is able to live actively, successfully overcome professional and domestic difficulties.

